

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# *Қазақстан* **КОММУНИСТІ**

---

**1**

**ЯНВАРЬ**


**1962**

**АЛМАТЫ**

**ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ**



Handwritten text at the top of the page, possibly a title or header.



Small handwritten mark or symbol in the center of the page.

Small handwritten text or stamp located below the central mark.

Small handwritten text or stamp located below the previous one.

Small handwritten text or stamp near the bottom of the page.

Large block of handwritten text at the bottom of the page, possibly a signature or a concluding statement.



# Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ  
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

ХІІ жыл ШЫҒУЫ

№ 1

Я Н В А Р Ь

1962

## М А З М У Н Ы

БАС МАҚАЛА — Істің орындалуын тексеру — партиялық басшылықтың пәрменді құралы . . . . .	3
Ө. МАЛЫБАЕВ — Жеке адамға табынуды жоюдың тарихи маңызы . . . . .	10
Қ. ЖАРҚЫНБЕКОВ — Партия ұйымдары және еңбекшілердің тұрмыс мәдениеті . . . . .	17
Ө. ҚАНАХИН — Заман шырқауы . . . . .	22
С. ТОЛЫБЕКОВ — Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға Қазақстанның қосар үлесі . . . . .	27

## МЕТОДИКАЛЫҚ КЕҢЕС

### XXII съезд материалдарын оқып-үйрену туралы

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау — партия мен совет халқының басты экономикалық міндеті . . . . .	33
--	----

## КОММУНИЗМ ҚҰРЫЛЫСШЫСЫНЫҢ МОРАЛЬДЫҚ КОДЕКСІ

Коммунизм құрылысшысының адамгершілік принциптері . . . . .	42
Коллектив — коммунистік тәрбие беруде үлкен күш . . . . .	49
Мақсатымыз — коммунизм адамын шыңдау . . . . .	55
Коммунистік еңбек жеңісіне жетеміз . . . . .	60
Қолхоз — шаруалар үшін коммунизм мектебі . . . . .	61
Сенім — көңіл күйінің кілті . . . . .	65

## ХАТ-ХАБАР

С. ОРАЗҒАЛИЕВ — «Қара алтынның» қаһарманы . . . . .	68
Қ. СЕЙІЛХАНОВ — Сабақ осылай өтті . . . . .	72

## БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

Съезд материалдары кең насихатталып, түсіндірілсін . . . . .	76
Партия тұрмысының хабарлары . . . . .	80



## СОДЕРЖАНИЕ

ПЕРЕДОВАЯ — Проверка исполнения — мощное оружие партийного руководства . . . . .	3
О. МАЛЫБАЕВ — Историческое значение преодоления последствий культа личности . . . . .	10
К. ЖАРКЫНБЕКОВ — Партийные организации и быт трудящихся . . . . .	17
У. КАНАХИН — Величие эпохи . . . . .	22
С. ТОЛЫБЕКОВ — Вклад Казахстана в создании материально-технической базы коммунизма . . . . .	27

### МЕТОДИЧЕСКИЕ СОВЕТЫ

#### Об изучении материалов XXII съезда КПСС

Создание материально-технической базы коммунизма — главная экономическая задача партии и советского народа . . . . .	33
--	----

### МОРАЛЬНЫЙ КОДЕКС СТРОИТЕЛЯ КОММУНИЗМА

Нравственные принципы строителя коммунизма . . . . .	42
О роли коллектива в коммунистическом воспитании . . . . .	49
Воспитывать человека коммунистического завтра . . . . .	55
Мы придем к победе коммунистического труда . . . . .	60
Колхоз борется за звание коллектива коммунистического труда . . . . .	61
Доверие окрыляет человека . . . . .	65


### ПИСЬМА И КОРРЕСПОНДЕНЦИИ

С. УРАЗГАЛИЕВ — Трудовая слава нефтяника . . . . .	68
К. СЕЙЛХАНОВ — Будни пропагандиста . . . . .	72

### ОБЗОР ПЕЧАТИ

Пропаганда материалов XXII съезда КПСС — главное внимание . . . . .	76
Хроника партийной жизни . . . . .	80

★





# Істің орындалуын тексеру — партиялық басшылықтың пәрменді құралы

Кәзір елімізде коммунизм құрылысы кең өрістетіле жүргізіліп жатқан кезде партия ұйымдарының ролі мен беделі күшейіп, міндеттері арта түсті. Олардың жұмысы қаншалықты сан-салалы, көп қырлы болғанмен бұқараға саяси тәрбие беру және оларды Коммунистік партия мен Совет үкіметінің елімізде коммунизм орнату жолындағы саясатын жүзеге асыруға жұмылдыру ең басты міндет болып саналады. Партияның Орталық Комитеті партия, совет және шаруашылық орындарының басшы кадрларынан коллективтік басшылықты барынша нығайта беруді, ұйымдастыру жұмысының түрлері мен әдістерін үздіксіз жетілдіре беруді, коммунистік құрылыстың алда тұрған міндеттерінің толық орындалуын қамтамасыз етуді талап етеді.

Кадрлардан осы міндеттің мүлтіксіз орындалуын талап етуде жер-жерде істің орындалуын, үкімет, партия нұсқаулары мен шешімдерінің нақты жүзеге асырылуын үнемі талап етіп, қадағалап отырудың ерекше маңызы зор. Бұл ең алдымен партия ұйымдары мен партия комитеттерінің, олардың басшы қызметкерлерінің міндеті.

Партияның XXII съезі алға қойған міндеттер кадрлардың жауапкершілігін және оларға қойылатын талапты күшейте түсті. Өйткені әрбір қызметкердің міндетін айқын белгілеп, онан сол міндеттің орындалуын қатаң талап етпейінше, істі дұрыс ұйымдастыруға болмайды.

Кадрларға жоғары талап қою дегеніміз істің орындалуын үнемі тексеріп отыру деген сөз. Ұлы көсеміміз В. И. Ленин істің орындалуын тексеруді біздің жоспарлардың орындалуын, біздің кәсіпкерліктерімізді егжей-тегжейлеп зерттеу деп түсіндірген болатын. Ол істің орындалуын тексеруге ерекше маңыз берді. «Адамдарды тексеру және істің нақты орындалуын тексеру — бүкіл жұмыстың, бүкіл саясаттың тетігі енді осында, тағы да осында, тек осында ғана» (Шығармалар, 33-том, 223-бет) деп үйретті Владимир Ильич.

Бұл данышпандық нұсқау нақ бүгін айтылғандай. Өйткені кәзір елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға, яғни, коммунизм адамын тәрбиелеуге байланысты шаруашылық пен мәдениет құрылысының көлемі мен міндеттері орасан өсті. Міне осы жағдайда біздің социалистік экономиканың барлық саласы да ешқандай үзіліссіз жоспарлы түрде дамып отыруы үшін әрбір кәсіпорын, әрбір колхоз бен совхоз, әрбір коллектив мінсіз жұмыс істеп, өз тапсырмасын мерзімінде орындап отыруға тиіс.

Біздің республика елімізде коммунизм орнату ісіне елеулі үлес қосады. Партияның жаңа Программасында өзінің экономикалық мүмкіндіктері, минералдық-шикізат қорларының байлығы мол Қазақстан түсті және қара металлургия, көмір және мұнай өнеркәсібі, астық және мал шаруашылығы жөнінен еліміздің басты, тіректі аудандарының бірі болады деп көрсетілген. Сондықтан да республиканың халық шаруашылығын өркендетудің қарқыны жалпы Одақ бойынша алғандағыдан екі еседен аса артық белгіленіп отыр. Қазақстанда өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі кәзіргіден 12 еседен астам артады.



Қазақстан еңбекшілері ауыл шаруашылығын да шырқата өркендетіп, елімізде коммунизмге лайық азық-түлік молшылығын жасауға зор үлес қосады. Болашақта республиканың колхоздары мен совхоздары астықтың жалпы өнімін 3 миллиард 500 миллион пұтқа жеткізіп, жыл сайын мемлекетке кемінде 2 миллиард пұт астық сататын, таза салмағы 4 200 мың тонна ет, 8 600 мың тонна сүт, 323 мың тонна жүн өндіретін болады.

Республикамыздың партия ұйымдары бұл орасан зор міндетті орындауға барлық күшті жұмылдыруда. Бұл жөнінде жергілікті партия ұйымдарына партия Орталық Комитеті, Н. С. Хрущев жолдастың өзі тамаша үлгі көрсетіп отыр. Партияның XXII съезі аяқталысымен-ақ съездің тарихи шешімдерін жүзеге асыру жөнінде үлкен ұйымдастыру жұмысы өрістетілді. Ташкентте, Целиноградта, Новосибирскіде, Киевте және Москвада өткізілген ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің аймақтық кеңестерінде, Н. С. Хрущев жолдастың осы кеңестерде сөйлеген сөздерінде ауыл шаруашылығының дәрежесін партияның жаңа Программасында белгіленген нысанаға жеткізудің нақты жолдары көрсетіліп берілді. **Бұл жол — бүкіл елімізде егіншілік жүйесін революциялық жолмен қайта құру.**

Республикамыздың колхоздары мен совхоздары, аудандары мен облыстары, ондағы партия, совет және шаруашылық ұйымдары Н. С. Хрущев жолдастың кеңесі бойынша, егіншіліктің жансыз схема—шөп танапты жүйесінен егістік жердің әрбір гектарынан мейлінше мол өнім алуды көздейтін, өмірге бейім, айқын мақсаты бар егіншіліктің тиімді құрылымына көшу, егіс даласынан аз өнімді дақылдарды сырып шығарып, жүгері, бұршақ, қызылша сияқты мол өнімді дақылдарды көбейту шараларын белгіледі. Біздің колхозшы шаруалар, совхоз жұмысшылары, бүкіл ауыл шаруашылығының еңбеккерлері осы шараларды жасай отырып, ауылшаруашылық өнімдерін өндіруде өздерінің биылғы жылғы нысаналарын белгіледі. Олар партиямыздың XXII съезі мінбесінен айтылған: **«Мақсатымыз айқын, міндет белгіленді, іске жұмылайық!»** деген ұранды бірауыздан қолдап, жанқиярлықпен еңбек етуде.

Қандай жоспар, дәлелді шешім, есептеліп алынған міндеттеме болсын, оның орындалуын о бастан үздіксіз қадағалап, ұйымдастырып отырмаса, ол сөз жүзінде қалады. Міне сондықтан да партияның XXII съезінің тарихи шешімдеріне партиялық, мемлекеттік және қоғамдық бақылау жөніндегі мәселеге ерекше көңіл бөлінді. Бақылау — істің орындалуын тексеру — коммунистік құрылысқа басшылықты жетілдіре берудің пәрменді құралы деп атап көрсетілді.

Республикамыздың партия ұйымдары партияның XXII съезінің шешімдерін жүзеге асыра отырып, ұйымдастыру жұмысын, істің орындалуын тексеруді жақсартта түсті. Республикамызда еңбекшілерді партия мен үкімет шешімдерін, өндіріс жоспарларын, социалистік міндеттемелерді орындауға шебер жұмылдырып келе жатқан партия ұйымдары мен партия комитеттері аз емес. Олардың басшылығымен республикамыздың озат аудандары, колхоздары мен совхоздары өткен жылы қоғамдық шаруашылықты жанжақты өркендетудің тамаша үлгісін көрсетіп, егіннен, мал шаруашылығының барлық саласынан арзан да мол өнім алды, социалистік міндеттемелерді абыроймен орындап шықты.

Барлық жерде бірдей жағдай осылай болған жоқ. Өткен жылы бірсыпыра аудандар мен облыстар, көптеген колхоздар мен совхоздар ауыл шаруашылығын өркендету, мемлекетке өнімдер тапсыру жоспарын, ол жөнінде алған социалистік міндеттемелерін орындамады. Осының салдарынан республикамыз мемлекетке астық тапсыру жөнінен көп борышты болып қалды. Мұның басты себебі партия комитеттері мен партия ұйымдары үкімет пен партия шешімдерінің орындалуын үнемі



тексеріп отыру, оны ұйымдастырып отыру жөніндегі лениндік талаптарды жеткілікті жүзеге асыра алмады.

Соңғы жылдары республикамыздың партия ұйымдары озат коллективтердің, жеке өндіріс озаттарының құнды тәжірибесіне бет бұра бастады. Бұл өнегелі іс. Қай партия комитетін алсақ та озаттардың тәжірибесін таратуды шаруашылық басшыларына, ұйымдастырушыларға міндеттеп шешімдер қабылдаудан кенде емес. Бірақ осы шешімдердің орындалуы нашар, ол жөніндегі нақты ұйымдастыру жұмысы әлсіз.

Мысалға Тың өлкелік партия комитетін алайық. Ол республикамыздағы «Мамлют» совхозы сияқты озат шаруашылықтардың тәжірибесін «кеңінен тарату» жөнінде әлденеше рет шешім қабылдады, бірақ Өлке-лік партия комитетінің, сол сияқты басқа партия комитеттері мен партия ұйымдарының ауылшаруашылық озаттарының тәжірибесін тарату жөніндегі шешімдері оны жүзеге асыру жолындағы нақты ұйымдастыру жұмысымен нығайтылмады. Партия комитеттері озат тәжірибені әрбір шаруашылықта жүзеге асыруды колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларынан талап етпеді.

Озат шаруашылықтар ауа райының қолайсыздығына қарамай, жыл сайын дәнді егіннің гектарынан 15—20 центнерден тұрақты өнім алып келеді. Егер осындай озық тәжірибе барлық жерде бірдей қолданылған болса, Тың өлкесі, ондағы облыстар мен аудандар астық өндіру жөніндегі мемлекеттік тапсырманы толық орындап шыққан болар еді.

Озат тәжірибенің кеңінен таратылып, іске асырылуы ең алдымен аудандардың, колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларына, олардың ұйымдастыру қабілетіне, іскерлігіне, ынтасы мен талабына байланысты. Міне сондықтан да партияның Орталық Комитеті басшы кадрлардың іскерлігін, олардың коммунизм ісіне берілгендігін озат тәжірибені өздері меңгеруімен бірге жұртты соған бастап, жалпы өрлеу туғыза алатынына қарай бағалау керек деп үйретеді. Озат тәжірибені енгізу, Н. С. Хрущев жолдас көрсеткеніндей, әркімнің еркіндегі іс емес, бұл коммунизм құрылысындағы ортақ ісіміз. Кімде-кім озат тәжірибені енгізуге енжарлық көрсетсе, ол коммунизм ісіне нұқсан келтіреді. Партия органдары озат тәжірибені тарату, өндіріске пайдалану жөнінде басшы кадрларға осы тұрғыдан талап қоюға тиіс.

Партия мен үкімет шешімдерінің орындалуын үнемі тексеріп отыру кадрларды партия, халық алдында шыншыл, адал болу рухында тәрбиелеудің де бірден-бір дұрыс жолы. Бақылау болмаған жерде кейбір мансапқор қызметкерлердің өзіне жалған бедел алу үшін үкімет пен партияны алдау, көзбояу жолына түсетінін тәжірибе көрсетті.

Өткен уақытта Павлодар облыстық партия комитетінің бұрынғы басшылары істің орындалуын бақылауды бетімен жіберіп, кейбір аудандар, шаруашылықтар басшыларының мемлекеттік ақпарда өтірік мәліметтер беруіне жол берді. Тіпті олардың өздері де дандайсушылық, данққұмарлық, көзбояушылық жолға түсті. Кезінде Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті бұл жолсыздықты әшкерелеп, оған кінәлі қызметкерлерді партиялық, мемлекеттік жолмен қатаң жазаға тартқан болатын.

Алайда, кейбір қызметкерлер бұл сыннан тиісті сабақ алмаған болып шықты. Мысалы, өткен жылы Мартөк ауданындағы Калинин, Шевченко атындағы колхоздардың басшылары аудандық партия комитетінің тарапынан бақылаудың болмағанын пайдаланып, мемлекетке астық, сүт тапсыру жөнінде өтірік мәліметтер берген. Мартөк аудандық партия комитеті, оның бұрынғы бірінші секретары Матвеев бұл көзбояушылық фактілерді әшкерелеудің орнына, ол шаруашылықтарды міндеттемелерін орындағандар қатарында Құрмет тақтасына жазуға ұсынған. Бұл көзбояушылық фактіні Ақтөбе облыстық партия комитеті ашып, оны түзету жөнінде тиісті шаралар қолданды.



Мұндай кемшіліктер республикамыздың басқа аудандарында да бар. Бұдан былай ол кемшіліктерге жол бермеудің ең басты шарты— кадрларға талапты күшейте беру. Бұл жөнінде Н. С. Хрущев жолдас Москвада ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кеңесінде сөйлеген сөзінде былай деп көрсетті: «Шаруашылықтар мен аудандардың басшыларына талапты сөз жүзінде емес, іс жүзінде күшейтіп, олардан тапсырылған жұмыс үшін жауап беруін мемлекеттік тұрғыдан талап ету керек».

Бұдан тек нашар кадрларды ғана бақылау керек деген қорытынды шықпайды. Кейде жұмысы жақсы, іскер кадрлардың өзі де, егер олар жоғарғы органдардың, сол сияқты бұқараның бақылауынан тыс қалса, бұзыла бастайды. Сондықтан да партия тек нашар жұмыс істейтін кадрларды ғана емес, іскер қызметкерлердің жұмысына да үнемі бақылау жасап отыру керек деп үйретеді. Өйткені, адамдарды бақылау, істің орындалуын үнемі тексеріп отыру партиялық, мемлекеттік тәртіпті нығайтады, кадрларды қателіктерден сақтандырады, олардың өздеріне сеніп тапсырылған іске жауапкершілігін күшейте түседі.

Қателеспейтін, жұмыста кемшілік жібермейтін қызметкер кемде-кем. Партия органдары істің орындалуын тексеруді тыңғылықты ұйымдастыра отырып, кадрлардың саяси өмірде шынығуына, өсуіне көмектеседі. Сонымен бірге, бақылау қолынан іс келмейтін, лайықсыз адамдарды жас, қабілетті кадрлармен ауыстырып отыруға да мүмкіндік береді.

Істің орындалуын тексерудің көздеген мақсатқа жеткізіп, жалпы жұмысты жақсартуы үшін оны күнделікті жүргізу, шешім қабылдана салып, оның орындалуын тексеруді ұйымдастыру керек. Біздің жұмысымызда мынандай жағдай жиі кездеседі: бір шаруашылықтың немесе ұйымның жұмысындағы ойсыраған кемшілік туралы яки бір қызметкердің партиялық-мемлекеттік тәртіпті өрескел бұзған қылығы туралы партия комитеті өте кешігіп, ол кемшіліктер әбден асқынған кезде барып біледі. Сол сияқты озат тәжірибе, бағалы бастама көпке дейін байқалмай, жұртшылықтың игілігіне айналдырылмай тасада қала береді. Міне мұның бәрі де істің орындалуын, жер-жердегі жағдайды кешігіп тексеруден болады.

Партия мен үкімет шешімдерінің орындалуын тексеруді кешіктіру бұл істі бетімен жіберу деген сөз. Партия ұйымдары мен партия комитеттері тікелей адамдармен жұмыс істеуге, оларға қабылданған шешімдердің маңызын, оларды орындаудың мерзімін түсіндіруге баса көңіл бөлулері керек. Бұл жөнінде мынандай бір мысал келтіруге болады. Бұдан екі жыл бұрын Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Республиканың Министрлер Советі мал жайылым учаскелерінің жағдайын, мал өсірушілердің тұрмыс мәдениетін жақсарту, мал жайылым учаскелерінің орталықтарынан тұрғын үйлер, мәдениет орындарын, мал қораларын салу жөнінде шешім қабылдаған болатын. Бұл мақсатқа тиісті қаржы мен материалдық қорлар бөлінген еді.

Партия мен үкіметтің бұл шешімінің орындалуын қолма-қол ұйымдастырып, оның орындалуын күнделікті қадағалап отырған партия ұйымдары мал өсірушілердің тұрмысын жақсарту жөнінде едәуір нәтижелі жұмыстар істеді. Бұл жөнінде Гурьев облыстық партия комитетінің жұмысы үлгі аларлықтай. Облыстық партия комитеті бұқараның инициативасын қызу қолдай отырып, аудандық партия комитеттерінің, колхоздар мен совхоздардың назарын үкімет тарапынан көрсетілген көмекті толық пайдалануға, сонымен бірге бұл жөнінде қолда бар мүмкіндіктерді де шебер іске қосуға аударды. Осының нәтижесінде облыста кәзірдің өзінде мәдени орындары, медицина мекемелері бар бірнеше колхозаралық, ауданаралық жайылым учаскелері игерілді. Облыста шопандардың бәріне дерлік жылы да жайлы үй салып берілді.



Дегенмен, жалпы республика бойынша алып қарағанда, мал жайылым учаскелерін жақсарту, мал өсірушілердің тұрмыс мәдениетін арттыру жөнінде белгіленген шаралардың орындалу қарқыны нашар. Бірсыпыра облыстық, аудандық партия комитеттері, Қазақ халық шаруашылығы советі, Жоспарлау комиссиясы бұл шешімнің орындалуына қамқорлық жасамады. Республикалық халық шаруашылығы советі мен Жоспарлау комиссиясы кәсіпорындардан мал өсірушілерге арнап киіз үй және оның жабдықтарын жасау жөніндегі тапсырмалардың орындалуын талап етпей келеді. Өткен жылы Жоспарлау комиссиясы партия мен үкіметтің нұсқауын көрер көзге орындамай, кәсіпорындарға 11 мыңның орнына 5 мың ғана киіз үй жасауға тапсырма берген. Ал, бұл республика мал өсірушілерінің киіз үй жөніндегі талабын мүлде қанағаттандырмайды.

Биылғы жыл—мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімдерін молайту жөніндегі жетіжылдық жоспарды орындаудың шешуші жылы. Сондықтан партия ұйымдары мал шаруашылығын өркендету, елімізде ет, сүт, май молшылығын жасау жөнінде партия мен үкімет белгілеген шаралардың жүзеге асырылуын қолма-қол ұйымдастырып, оған күнделікті қатаң партиялық бақылау жасап отыруға тиіс.

Осымен бірге мына жағдайды да айта кету керек. Қазақ халық шаруашылығы советі өнеркәсіп орындарының жоспарлы тапсырмаларды орындауына, күрделі құрылыстың мерзімінде салынып, қатарға қосылуына жетік басшылық жасай алмай отыр. Халық шаруашылығы советінің басшылық стилі мен әдістері экономикалық аудандар халық шаруашылығы советтерінің кәсіпорындардағы жұмыстың жағдайы үшін жауапкершілігін төмендетті, қағазбастылық пен бюрократтық туғызды.

Халық шаруашылығы советі мен оның партия ұйымы жұмыстың кеңсешілдік, бюрократтық әдістерінен бас тартып, экономикалық аудандарда, кәсіпорындар мен құрылыс ұйымдарында мемлекеттік тапсырмалардың орындалуын қолма-қол ұйымдастыруға, істің нақты орындалуын тексеруге баса назар аударуға міндетті.

Партия комитеттері істің орындалуын тексеруде қалың еңбекшілер бұқарасына сүйенеді. Өйткені, жоғарыдан — партия мен мемлекет органдары тарапынан тексеруді, төменнен — еңбекшілердің тарапынан бақылаумен ұштастыра жүргізгенде ғана ол ойдағыдай нәтиже береді. Кәсіпорындағы немесе колхоз бен совхоздағы, бір аудандағы істің жағдайына, онда жұмыс істейтін коммунистердің, жұмысшылар мен колхозшылардың, мамандардың қатынасуынсыз дұрыс баға беру, шаруашылықты өрге бастырудың жаңа мүмкіндіктерін тауып, оны пайдалану, жұмыстағы кемшіліктерді жедел түзету мүмкін емес.

Партияның Орталық Комитеті қатардағы коммунистерді партия мен үкімет директиваларының орындалуын бақылау ісіне кеңінен қатынастыру мақсатымен кәсіпорындар, ғылыми мекемелер, совхоздар мен сауда кәсіпорындары партия ұйымдарының жанынан әкімшіліктің жұмысын бақылайтын партиялық комиссиялар құрды. Бұл комиссиялар партия ұйымдары жұмысының жақсара түсуіне, партия жұмысына коммунистерді кеңінен қатынастырып, шаруашылыққа партиялық басшылықты күшейте түсуге көмектесті. Комиссиялардың құрылуы партия Орталық Комитетінің партия демократиясын кеңейте беруге, мемлекетті басқару ісіне қалың бұқараны көптеп қатынастыруға жасап отырған қамқорлығының тағы бір жарқын айғағы.

Біздің республикада кәзір партия ұйымдарының жанынан құрылған 6 мыңнан астам комиссия жұмыс істейді, олардың құрамында 25 мыңнан астам коммунист бар. Комиссиялар жұмысының тәжірибесі мынаны көрсетті: партия Орталық Комитеті партия ұйымдарының қолына істің орындалуын тексеруде, ұйымдастыру жұмысында күшті де мұқалмас құрал берді. Партия ұйымдары комиссиялардың көмегімен комму-



низмнің материалдық-техникалық базасын жасау, техниканы дамыту, ішкі резервтерді ашып, пайдалану жолындағы күресті ойдағыдай жүргізуде, партия және совет органдарының шешімдерін орындауды қадағалап, ұйымдастыруда.

Партиялық бақылау комиссияларының жұмысы жақсы ұйымдастырылған жерде олар коллективтің күшіне сүйене отырып, өндірістік тапсырмалардың, мемлекеттік заказдардың, кооперативтендірілген кәсіпорындарға бересілі өнімдер жоопарының мерзімінде орындалуына, қызметкерлердің партиялық-мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтап отыруына күшті ықпал жасап келеді. Комиссиялар көптеген жаңа бастамалар көтеріп, өндірістің жағдайына игі әсер етуде.

Осыған қарамай, республикамызда кейбір партия комитеттері мен партия ұйымдары комиссиялардың жұмысын дұрыс ұйымдастырмай, бұл сияқты қуатты қаруды іске пайдалана алмай келеді. Мысалы, Ертіс көмір тресінің партия ұйымдарында әкімшіліктің жұмысын бақылайтын комиссиялар тек қағаз жүзінде ғана құрылған. Олардың көпшілігі жұмыс істемейді. Комиссия мүшелерінің көпшілігі өз міндеттерінде түсінбейді. Осыдан кейін бұл тресте техникалық прогресс, жаңа техниканы игеру жолындағы күрестің нашар ұйымдастырылғанына таңдануға бола ма? Әрине, болмайды. Трестің көмір шахталарында КПСС Орталық Комитетінің июль (1959 ж.) Пленумының шешімдерін жүзеге асыру жолында белгіленген өндірістің техникалық қуатын жетілдіру шараларының әлі төрттен бірі ғана жүзеге асырылған. Мұнда көмірдің бетін ашу, құлату және тиеу жұмыстарында қол еңбегінің үлесі әлі едәуір орын алады.

Ал Екібастұз қалалық партия комитеті партия ұйымдарындағы комиссиялардың жұмысын жолға қоюға бағытталған шараларды жүзеге асыра алмай келеді. Партия ұйымдарындағы бақылау комиссияларының жұмысын қалалық партия комитеті бірнеше рет бюро мәжілістерінде қарап, тиісті шаралар белгіледі. Бірақ қалалық партия комитетінің қызметкерлері ол шешімдердің орындалуын ұйымдастырмады.

Сол сияқты Қарағанды көмір комбинатының бірсыпыра партия ұйымдарында да бақылау комиссияларының жұмысы ұйымдастырылмаған. Комбинатта өндіріс жұмыстарын механикаландыру, автоматтандыру жөніндегі үкімет пен партияның тапсырмалары орындалмай келеді, жаңа шахта салу жұмыстарының қарқыны жетіжылдық жоспарда белгіленген дәрежеден көп төмен. Ал бұл кемшіліктерді жоюға партия ұйымдарына партиялық бақылау комиссиялары елеулі қолқабыс тигізе алар еді.

Комбинаттың партия ұйымдары, Қарағанды қалалық, аудандық партия комитеттері, Саран, Абай, Шахта қалалық партия комитеттері бұқараның инициативасын күшейтудің қуатты құралы — партиялық бақылау комиссияларының жұмысын жаңа талаптарға сай ұйымдастыруға тиіс. Бұл оларға үкімет пен партия шешімдерінің орындалуын қолма-қол ұйымдастырып, күнделікті бақылап отыруға көмектеседі.

Партия мен үкімет шешімдерінің орындалуын қатаң тексеру сын мен өзара сынды өрістетудің бір тиімді жолы. Сын мен өзара сын партия ұйымдарына кадрларды дұрыс тәрбиелеуге, өмірден туған жаңаның, коммунистік өркендердің бәрін мәпелеп өсіруге, сол сияқты біздің «егін-жайымызды арамшөлтерден» тазартып, бюрократтық пен қағазбастылықтың көріністерін жойып отыруға, коммунизм құрылысшыларының белсенділігін өрістете беруге қызмет етеді.

Коммунистік партия кадрларды өз ісінің нәтижесіне сын көзімен қарап, баға беруге, табысқа мастанбауға әрдайым үйретіп келеді. Партияның Уставында сын мен өзара сынды өрістетуге, кемшіліктерге төзбеу партия мүшесінің ең қасиетті борышы деп жазылған. Партия



сын мен өзара сынды өрістетуде ұлы көсеміміз В. И. Лениннің мына нұсқауын басшылыққа алады. «Саяси партияның өз қатесіне көзқарасы, — деп жазды ол, — сол партияның байсалдылығын, өз табы мен еңбекші бұқара алдындағы міндеттерін іс жүзінде атқара алуын сынайтын ең маңызды, ең дұрыс өлшеуіштердің бірі. Қатені ашықтан-ашық мойындау, оның себептерін ашу, қатені туғызған жағдайды талдау, қатені түзету шараларын көңіл қойып талқылау—міне бұл байсады партияның белгісі, міне бұл оның өз міндеттерін атқарғандығы, міне бұл—тапты, онан соң бұқараны да тәрбиелегендігі, үйреткендігі болады» (Шығармалар, 31-том, 43-бет).

Данышпан көсеміміз Лениннің кезінде жалпы партияға қойған бұл талабын кәзір әрбір партия ұйымы мен партия комитетіне қоюға болады. Өз жұмысындағы қате-кемшіліктерді ашық сынаудан қорықпайтын, оны түзету жөнінде байсалды шаралар қолдана алатын партия ұйымдары, олардың басшылары ғана бұқараны тәрбиелеп, үйрете алады. Партияның әрбір ұйымы, оның басшылары өз жұмысына осы лениндік талап тұрғысынан баға беруге тиіс. Бірақ бізде кемшілікті айтудан қорқатын, мақтаншақ, дандайсып кеткен қызметкерлер де жоқ емес. Ондайлар өздерінің мамандығын арттыруға, идеялық саяси дәрежесін көтеруге немқұрайды қарайды, сондықтан кейде принципсіздік, көзбояушылық жолға түседі.

Әділ және принципті сынды өрістету кадрларды тәрбиелеудегі бұл кемшіліктерді жойып, қызметкерлерді іскерлік және саяси сапасына қарай жоғарылату жөніндегі лениндік принциптерді мүлтіксіз жүзеге асырып отыруға жағдай туғызады. Партия істің орындалуын тексеруде басшы кадрлардың бұқарамен күнделікті араласып, олардың сын ескертпелерін өз құлағымен естіп отыруына ерекше маңыз береді. Өйткені қалың еңбекшілер бұқарасы ғана кадрлардың сапасына, қай ұйымдағы болсын істің жағдайына дұрыс баға бере алады. Сондықтан да партияның XXII съезі партия органдарының бастауыш ұйымдар, коммунистер алдында мезгіл-мезгіл есеп беріп отыруын партия тұрмысының заңы етіп бекітті.

Істің орындалуын тексеруде еңбекшілердің партия, совет орындарына жазған хаттары мен арыздарының маңызы зор. Еңбекшілер хаттары мен арыздарында тек өздерінің жеке басының мұңын ғана емес, сонымен бірге партия мен үкімет шешімдерін жүзеге асыруды қалай жақсы ұйымдастырудың жолдарын, жұмыстағы кемшіліктер мен олқылықтарды да айтады. Партия ұйымдары мен партия комитеттері еңбекшілердің хаттары мен арыздарын мұқият зерттеп, онда айтылған бағалы ұсыныстар мен сын ескертпелерді кешіктірмей жүзеге асырып отыруға міндетті.

Партия мен үкімет шешімдерінің орындалуын тексеруде партия органдарына жергілікті баспасөз елеулі көмек көрсетеді. Партия комитеттері баспасөздің көтерген дабылдарына жедел құлақ асып, сын ескертулерінен тиісті қорытынды жасап отыруға тиіс. Міне сонда ғана баспасөз органдарының партия мен үкіметтің шешімдерін жүзеге асыру жөніндегі қоғамдық бақылаушы ролі арта түседі.

Бақылауды күшейту — істің орындалуын тексеру ең алдымен партия ұйымдарының борышы. Партияның Орталық Комитеті олардан партия мен үкімет директиваларын, мемлекеттік жоспарлар мен социалистік міндеттемелердің орындалуын ұйымдастырып, бақылап отыруды талап етеді.

Республикамыздың партия ұйымдары өздеріне жүктелген бұл ардақты да жауапты міндетті мүлтіксіз орындай отырып, әрбір кәсіпорынның, колхоз бен совхоздың, мекеменің коммунизм құрылысы ісіне лайықты үлес қосуын қамтамасыз етеді.



# Жеке адамға табынуды жоюдың тарихи маңызы

Ө. МАЛЫБАЕВ

тарих ғылымының кандидаты, доцент

Адамзаттың данышпаны В. И. Ленин ұйымдастырып, шындаған Коммунистік партия құрылғалы 58 жыл өтті. Мұның өзі онша ұзақ уақыт болмаса да маңызы мен мәні жағынан дамудың бірнеше ғасырына тең мерзім.

Осы мерзімнің ішінде Коммунистік партияның 22 съезі болып өтті. Бұл съездердің әр қайсысының тарихта өзіне лайық орыны мен маңызы бар. Бірақ осы съездердің ішінде 1961 жылы октябрьде болып өткен XXII съездің маңызы да, тарихта алатын орны да ерекше. Өйткені бұл съезде өткендегі оқиғалар мен тарихи тәжірибелер қорытылып қана қоймай, сонымен бірге адам баласының ғасырлар бойы көксеп келген арманы — коммунизмді іс жүзінде орнатудың нақтылы Программасы қабылданды. Бұл Программада коммунизм дегеніміз адамзаттың арманынан практикалық ісіне айналғаны айтылды, таяудағы 20 жылдың ішінде ұлан-байтақ елімізде коммунизм орнатудың әдісі мен жолдары белгіленді. Кәзіргі ұрпақ енді 20 жылдан кейін коммунистік қоғамда өмір сүрмек. Сондықтан да Совет Одағы Коммунистік партиясының XXII съезі бүкіл совет халқының өміріндегі, халықаралық коммунистік қозғалыстағы зор оқиға болып саналады.

Партиямыздың XXII съезінің ерекше маңызды болуының тағы бір себебі — бұл съезде Сталиннің жеке басына табынудың зиянды зардаптарын жою жолында партиямыздың Орталық Комитетінің XX съезден бері істеген жұмыстарына қорытынды жасалды. Съезд Н. С. Хрущев жолдас бастаған Орталық Комитеттің жеке адамға табынудың тигізген кесірлерін жойып, ондай зиянды қылықтарға алдағы уақытта жол бермеу жөнінде алған бағытын бірден-бір дұрыс, маркстік-лениндік бағыт деп таныды. Жеке адамға табынудан шыққан заңсыздықтар мен зорлық-зомбылықтарды, данғойлық пен дандайсушылықты бұдан былай болдырмау мақсатымен партияның жаңа Программасы мен Уставында тиісті нұсқаулар берілді.

Партияның жаңа Программасында былай делінген: «Социалистік мемлекеттік аппарат халыққа қызмет етіп, халық алдында есеп береді. Қызметкердің жұмысқа енжарлығына, өкімет билігін пайдаланып қиянат жасауына, бюрократтығына батыл тыйым салынуға тиіс, ал ондай қызметкерлер бет-жүзіне қарамастан қатаң жазалануы керек. Совет адамдарының борышы — заңдылық пен право тәртіптерін қорғау, қиянат жасаушылыққа төзбей, оған қарсы күрес жүргізу».

Партияның XX съезі Сталиннің жеке басына табынуды марксизм-ленинизм ғылымына үш қайнаса сорпасы қосылмайтын нәрсе деп танып, оның зиянды зардаптарын батыл жоюға жол ашты. Сонан бері алты жылдай уақыт өтті. Осы уақыттың ішінде партияның Орталық Комитеті орасан зор жұмыстар істеп, еліміз тарихи табыстарға жетті. Партия мен мемлекет өмірінде Сталин бұзған лениндік принцип қайтадан қалпына келтіріліп, еңбекшілердің емін-еркін өмір сүруіне, қаймығып, жалтақтамай жемісті еңбек етуіне жол ашылды. Сталиннің жеке басына табынудан шыққан ауыр зардаптарды жоюдың нәтижесінде



партияның XXII съезі делегаттарының айтқанындай, «халыққа қанат бітіп, адамның тынысы кеңіді».

Жеке адамға табынудың зардабын жоюдың тарихи маңызын дұрыс түсіну үшін бұл мәселенің мән-жайына толық тоқталмаса болмайды.

Адамның жеке басына табыну дегеніміз не? Мұның өзі социалистік қоғамда қайдан, қалайша шықты?

Адамның жеке басына табыну дегеніміз — марксизм-ленинизмнің материалистік ғылымына қайшы келетін, идеалистік көзқарастан шыққан ұғым. Мұны «табыну» деген сөздің өзі-ақ сипаттайды.

Марксизм-ленинизм адамзат өміріндегі оқиғаларды, адам баласының тарихын халықтың өзі жасайды деп үйретеді. Тарихи дамудың барысында оза шығып, дарындылығын көрсеткен жеке адамдарды тарих тауқиметінің өзі даярлайды. Марксизм-ленинизм мұны бекер демейді. Қайта мұндай адамдар тарихта үлкен орын алады деп атап көрсетеді. Демек, ел бастайтын, данышпан адамдар көктен түспейді, жер бетінде анадан туып өседі де халықтың қалың ортасында қызмет етеді.

Ал егер мұндай адамдар халықпен қатар көрсетілмей, жеке-дара мадақталса, халықтың еңбегі оның жеке басы атқарған іс деп есептелсе, онда мұндай адамдар халықтың қамқоршысы емес, қайта халықтың үстінен қарайтын, барлығын жеке өзі «жасайтын» адам болып шығады. Сөйтіп, ол «күдай емес, күдайдан былай емес» болады да қояды.

Біздің социалистік қоғамда, халықтың өмірі мен еңбегіне Коммунистік партия басшылық етіп отырған жағдайда әлгіндей қолайсыз нәрсенің — жеке адамға табынудың шыққан себебі не? Мұндай сұрақ үгітшілер мен насихатшыларға кездеспей тұрмайды. Ондай сұрақтан бой тасалап қашуға да, сөз табалмай сасуға да болмайды. Оған ашықтан-ашық ленинше жауап беру керек.

Сталиннің жеке басына табыну, оны тым рабайсыз мақтап-мадақтауға жол беру бірсыпыра жағдайларға байланысты.

Біріншіден, Сталиннің мінез-құлқында көп кемшіліктер болды. Онда, В. И. Ленин көрсеткендей, дандайсушылық, тәкәппарлық, қатыкездік, өзінен басқаның пікірімен санаспаушылық болғаны аян. Мұндай кемшіліктер оның жеке басына табынуға тиым салғызбай, қайта кеңінен жол ашуға себеп болды. Сталин өзінің көз алдында айтылған мақтау сөздерге, оны жер көкке сыйғызбай мадақтаған теңеулерге жол берді. Соның салдарынан оны дәріптеу кең өріс алды.

Екіншіден, көп жылдар бойы Совет Одағы социализм орнатып жатқан бірден-бір жалғыз ел болды. Елді қоршаған жау аяғыңды жаза бассаң тарпа бас салуға дайын тұрған болса, елдің өз ішінде кезегесі кейін тартып, социализмге қарай барғысы келмей, арпалысып аңдысқан қаныпезер жаулар да аз болған жоқ. Осыларға қарсы күресте тар жол, тайғақ кешуден өтіп, біздің ел социализм орнатты. Бұл тарихи сапарда еліміздің халықтары Коммунистік партияның басшылығымен адам айтқысыз табыстарға жетті. Міне, осындай жағдайларда партияның Орталық Комитетінің бас секретары болған Сталин елдің барлық табыстарын жеке өз басының табысы етіп көрсетуге жол беріп қана қоймай, сонымен қатар ондай жат қылықты көтермелеп, қолдап отырды. Осының салдарынан адамдардың істеген ісін былай қойғанның өзінде, тіпті жаратылыс құбылыстары да Сталиннің жеке басына орынсыз тағылып жүрді. Егін даласына жауын мол жауса — «сталиндік жауын», егін жақсы шықса — «сталиндік егін», еңбекшілердің мүддесін көздеген заң қабылданса — «сталиндік заң» деп аталатын болды. Осындайларды естігенде, пікір айтудан қорықса да естияр жұрт жағасын ұстайтын еді.

Мұнымен ғана тынбады. Бара-бара Сталин өзінің адам екенін, жер үстінде анадан туып өскенін ұмытып, өзін әлемдегі адамның тағдырын



шешетін керемет күш деп есептеді. Мұның акыры социализм тұсында болуы мүмкін емес көптеген қате-кемшілікке апарып соқтырды. Социалистік құрылысқа, елдің өміріне зияны тиген мұндай жәйіттердің біразын атап өтсек, Сталиннің жеке басына табынудың зардаптарын жоюдың қандай тарихи маңызы бар екенін түсіну қиын емес.

Сталиннің жеке басына табынудан совет халқы, социалистік құрылыс, демек біздің Коммунистік партия көп зиян шекті. Көптеген партияда совет, комсомол, ғылым кадрларының жазықсыз жазаға тартылуы, олардың едәуір бөлегінің атылып кетуі — осы зиянның салмақтысының бірі.

Совет адамдарының, оның ішінде партия мен халықтың талай-талай таңдаулы ұлдарының жазықсыз жазалануының басты себебі: Сталин және оның сойылын соққан Молотов, Каганович, Маленков сияқтылар социалистік заңдылықты өрескел бұзды. Сталиннің тікелей нұсқауы бойынша тұтқынға алынған адамдарға совет заңының жаратылысына қарама-қарсы келетін жазалар қолданылды. Тұтқындарға қол күші жұмсалып, кейде дүре соғылатын болды. Социалистік заңдылықты бұзып, осындай озбырлық жасаудың салдарынан Рудзутак, Постышев, Косиор, Эйхе, Тухачевский, Якир, Вознесенский сияқты партияның таңдаулы ұлдары жазықсыз жазаланды. Партияның XXII съезі делегаттарының айтуына қарағанда, осылардың көбі өлер алдында Коммунистік партияны, Сталиннің есімін ауыздарынан тастамапты. Мұны Сталинге айтып келгенде, ол катыкездік жасап, өлген адамдарды бәлеғаттаған.

Мұндай жағдайды естігенде адамның бойы шымырлап, төбе шашы тік тұрады. Көп жыл басшылық қызметте болғанына қарамастан, Сталинге қатты наразы боласың. Неткен қаныпезер, неткен тасбауыр, неткен томырық адам еді деп налысың. Ойлаңыздаршы, адамға жаннап артық не бар? Жан берерде адам шынын айтпай ма, адамның өлер алдында айтқан сөзіне басқаның сенбеуге моральдық правосы бар ма? Жоғарыда аталған қайраткерлердің жазықсыз атылар алдында «Жасасын Коммунистік партия!» деген сөзіне сенбеуге Сталиннің қандай правосы бар еді? Мұның өзі адамгершілікті, инабат пен дәстүр атаулыны аяққа басқандық емес пе?

Коммунистік партияның XXII съезі делегаттарының айтуына қарағанда және тіпті өзіміздің білетініміз бойынша да, Сталиннің социалистік заңдылықты өрескел бұзуының салдарынан Россия федерациясы мен Украинаның, Белоруссия мен Грузияның, Армения мен Ленинградтың көптеген басшы қызметкерлері жаппай тұтқындалып, жазықсыз жазаға тартылды.

Мұндай озбырлықтан Қазақстан да аман қалған жоқ. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретарьлары (Мирзоян, Нұрпейісов), халық комиссарлары Советінің председателі мен оның орынбасарлары (Исаев, Рафальский, Есқараев), Қазақстан Компартиясының I съезінде сайланған Орталық Комитеттің бюро мүшелерінің бәрі, облыстық партия комитеттерінің барлық бірінші секретарьлары, қалалық, аудандық партия комитеттерінің секретарьлары, облыстық, қалалық, аудандық Совет атқару комитеттерінің басшылары жазықсыз жазаға тартылды. Кейбір облыстарда басшы қызметкерлер бірінен соң бірі пақак жазаланыпты. Мәселен, Алматы облыстық партия комитетінің секретарьлары Қиселев, Садуақасов, облыстық Совет атқару комитетінің председателі Ораз Жандосов тағы басқалары өлгеннен кейін ақталды. С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин сияқты қазақ совет әдебиетінің негізін салған атақты жазушылар да сол тұстағы озбырлықтың құрбаны болды.

Сталиннің жеке басына табыну қанат жайып, Сталиннің ақ дегені — алғыс, қара дегені — қарғыс болып тұрған кезде оның кесірі ти-



деген, жалынына шарпылмаған өмір саласы сирек болды десек қателеспейміз.

Қазақстанда 1937 — 1940 жылдары болып өткен съездер мен облыстық, қалалық, аудандық партия конференцияларының жұмыстарына Сталиннің жеке басына табынудың зардабы қатты тиді. Сол кездегі партия конференцияларының стенограммалары мен қаулыларын қарағаныз Сталинге табынудың қалай етек алғанын аңғаруға болады.

Мысалға 1937 — 1938 жылдары болған Қарағанды облыстық бірінші және екінші партия конференциясын алайық. Облыстық бірінші партия конференциясы бірсыпыра мәселелерді дұрыс шеше келіп, сол кездегі «халық жауы» дейтін құбыжық атпен айыпталған адамдар жөнінде сыңаржақтық жасаған. Сталин мен Молотовтың 1937 жылы февральда болған Пленумдағы: Совет мемлекеті алға басқан сайын ел ішінде тап күресі күшейе бермек деп айтқан теріс нұсқаулары бойынша таралған зиянды пікірдің шарпыны бұл конференцияға да тиіпті. Қарағанды көмір кенінің 1937 жылы өндірістік жоспарды орындай алмаған себебін конференция халық жауларының әрекетінен болды деп қорытынды жасайды. 1938 жылғы облыстық екінші партия конференциясы да осы сарында өтеді. Қарағанды облыстық партия комитетінің екінші конференцияда жасаған есепті баяндамасында былай делінген: «Қарағанды көмір кенінің 1937 жылғы өндірістік жоспарды орындай алмаған себебі — зиянкестіктің салдарын жою жолындағы күрес мүлде жеткіліксіз болды. Кейбір шахталардың артта қалып келе жатқан себебі — оларда зиянкестіктің қалдықтарын жою жолында күрес жүргізілмей отыр».

Сталин айтса болғаны, деп даурығудың салдарынан Қарағанды облысында да көптеген адал адамдар босқа айыпталды. Ең алдымен, партия комитеттерінің секретарьлары ұсталды, олардың ішінде Пинхасик, Байжарасов, Патчаев, Мақатов, Троицкий, Теляев, Манкин, Веселер болды. Сол облыстағы аудандық партия комитеттерінің бірінші секретарьлары—Ордабаев, Байсалықов, Тоқтаров, Дүйменов, Назаренко, Дәуренбеков, Қожмұхаметов тағы басқалары да жазықсыз жазаланды.

Мұндай нақақ жазаға тартылған адамдар барлық аудандарда, облыстарда, ұлт республикаларында, бүкіл Совет Одағында көп болды. Бұл озбырлықты — Совет заңын бұзғандық, адамның бас бостандығына қатер төндіргендік деп ашық айту керек. Өйткені социалистік қоғам орнату ісінің адамға зорлық-зомбылық жасау, жазықсыз жазалау сияқты антипартиялық әрекетпен үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

Сондықтан Сталинге табынудан шыққан бұл масқара әрекеттерді бүркемелеп жасырудың керегі жоқ. Мұндай озбырлықтары үшін Сталинге, оның сыбайласы болған Молотовқа, Кагановичке, Маленковқа халық та, партия да, тарих та кешірім жасамайды.

Коммунистік партияның Н. С. Хрущев жолдас бастаған Орталық Комитеті бұл озбырлықты тегіс жойды. Совет Одағында саяси айып тағылып, жазаланғандардың барлығының ісі қайта қаралды. Баяғы «халық жауы» деп айыпталғандардың басым көпшілігі (Совет Одағына қарсы күрескен оңшыл және солшыл уклонның басшыларынан басқалары) ақталды. Партия олардың барлық праволарын қалпына келтірді, аман қалғандарына жәрдем беріп, жақсы жағдай туғызды. Прокуратура, сот тағы басқа органдар нығайтылды, оларға партияның таңдаулы кадрлары жіберілді, совет заңын бұзуға жол бермейтін көптеген шаралар қолданылды.

Осының нәтижесінде халықтың Коммунистік партияға, Совет өкіметіне деген сүйіспеншілігі мен сенімі бұрынғыдан да арта түсті. Сталин тұсында болған үрейлену, қаймығу, ертеңгі күніне сенбеу дегендеріңіз тегіс жойылып, жұрттың көзі шайдай ашылды. Коммунистік қоғам орнату ісінде олардың күш-жігері тасып, жемісті еңбек етуде.



Жеке адамға табынудың зардабы елдің, партияның, мемлекеттің өміріне басшылық ету ісінде де байқалды. Мәселен, Сталин өлгенге дейін басқару ісінде Ленин белгілеген принциптер бұрмаланды. Коллектив болып басқару орнына «Сталиндік басшылық» деген ұғым тарайды.

Партияның съездерінде, пленумдарында, конференцияларында шешілетін жалпы мемлекеттік маңызы бар мәселелерді Сталин жалғыз шешіп жүрді. Өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына басшылық ету жұмысы бір орталыққа шоғырланып, Сталиннің аузына қаратылды. Мұның өзі ел ішіндегі бар мүмкіншіліктерді дұрыс пайдалануға, өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың дұрыс дамуына тікелей кедергі болды.

Бұл жөнінде кездескен сорақы кемшіліктерді көре тұрса да жергілікті адамдар оны ашық айта алмады. Жоспардың неге орындалмағанын ашық айтудан қорқып, кейбір қызметкерлер ауыл шаруашылығында, әсіресе егіншілікте өтірік мәліметтер беріп отыруға әдеттенді.

Коммунистік партияның Н. С. Хрущев жолдас бастаған Орталық Комитеті партияның XX съезінен кейін жеке адамға табынудан туған бұл өрескел қателерді батыл түзетті. Өнеркәсіп пен құрылысты басқару ісін қайта құрды, ауыл шаруашылығын қауырт өркендетіп, шаруаларды еңбек нәтижесіне ынталы етті, МТС-тер мен Ауыл шаруашылығы министрлігін де қайта құрды, бұрын пайдаланусыз жатқан тың жерлер игеріліп, астық өндіру үздік алға басты.

Сталиннің жеке басына табынушылықтың кесірі халықтың рухани өміріне де тимей қойған жоқ. Жазушылардың кітаптарында, театрлар мен киноларда, радио мен баспасөзде социалистік қоғамның тетігі, тіпті бүкіл дүниенің тұтқасы жалғыз Сталиннің қолында тұрғандай сипатталды. Мұның өзі рухани өмірдің тынысын тарылтты, бұл салада қызмет істейтін адамдардың қабілеті мен талантына кең өріс ашылмады. Сөйтіп, халқымыздың рухани жағынан дамуына да тікелей нұқсан келтірді.

Мұның бұлай болуына идеология саласындағы адамдар кінәлі емес. Бұған ең алдымен Сталиннің өзі, 1957 жылы июнь Пленумында әшкереленіп, партияның XXII съезінде онан әрі айыпталған антипартиялық топтағы Молотов, Маленков, Каганович және басқалар кінәлі. Осылардың бақылауында болған ғылым салалары да, оның ішінде қоғамдық ғылымдар саласы да Сталинге табынудың зардабын қатты тартты. Мұның осылай болғанын Сталинге табыну өршіп тұрған кезде жазылған еңбектерден айқын көруге болады.

Ол ол ма, қоғамдық ғылымдар саласында істейтін адамдар телміріп, жалғыз Сталиннің аузына қарауға мәжбүр болды. Қоғамдық ғылымдардың барлық тетігін тек Сталин ғана шешеді деп танылды. Тарих, философия, саяси экономия ғылымдарының ең соңғы төрешісі Сталин болды. Сталинсіз қия басу деген қалды. Оның атын атамасаңыз, оның жазғандары мен айтқандарын «иманшарт» етіп басшылыққа алмасаңыз, шығарманды қабылдамай, өзіңе айып тағатын болды.

Осының салдарынан ойлану, оқығандарың мен көргендеріңе көз жіберіп байымдау, тәжірибені ортаға салып, онан ғылыми қорытынды жасау белгілі бір «керсенге» салынды. Зерттеушінің өз бетімен жасаған қорытындысы Сталиннің айтқанына сайма-сай келіп, оның еңбектерінен алынған үзінділермен бөленбесе, түкке жарамсыз етілді. Сөйтіп, творчестволық ақыл-ойға құрсау салынды.

Сталинге табынудың бұл сияқты зиянды зардабын партияның XX съезі, партияның Орталық Комитетінің 1956 жылғы июньде жеке адамға табынудың зардабын жою жөнінде қабылдаған қаулысы батыл әшкерелеп, айқын көрсетті. Сонан бері партияның Орталық Комитеті



бұл зиянды зардапты жою жөнінде көп жұмыс жүргізді. Бұл жұмыстың орасан зор тарихи маңызы болды.

Сталиннің жеке басына табынудың зардаптарын жою мәселесіне партияның XXII съезі тағы да тоқталды. Бұл съезд партияның XX съезі белгілеген бағытты — партия мен мемлекет өмірінің лениндік нормаларын, коллективті басшылық принциптерін қалпына келтіру бағытын, марксизм-ленинизм рухына жат, социалистік құрылысқа қарама-қарсы келетін жеке адамға табынудың салдарын түп тамырымен жою бағытын тағы бір саты жоғары көтерді.

Жеке адамға табынудың зардабын жою мәселесін партияның XXII съезінің тағы да әңгіме етуінің себептері мынадай еді. Біріншіден, партияның Орталық Комитеті XX съезден бергі жердегі жұмыс туралы партияның XXII съезіне есеп бергендіктен жеке адамға табыну зардаптарын жою жөнінде жүргізілген шаралар туралы, социалистік заңдылықты қалпына келтіріп, советтік демократияны өрістету жөнінде істелген жұмыстар туралы баяндауға тиіс болды.

Екіншіден, 1957 жылғы июнь Пленумында әшкереленген антипартиялық топтың зұлымдық әрекеттерінің түп тамыры қайдан шыққанын, Молотов, Каганович, Маленков және басқалардың партияға, социалистік құрылысқа қандай зиян келтіргенін партияның алдында тағы да әшкерелеп, таңбалау керек болды. Өйткені, бұл антипартиялық топтағы адамдар партияның XX съезінің қарарына қарсы шығып, Сталиннің жеке басына табынудан шыққан зиянды нәрселерді жойғызбауға тырысты. Олардың мұнысында гәп бар еді. Егер Сталинге табыну салдары батыл жойылатын болса, өздерінің Сталин тұсында жасаған озбырлықтары, қылмысты істері ашылып қалады деп қорықты. Міне, осыларды партияның XXII съезіне толық баяндап, лениндік сара жолдан ауа жайылғандарды жұрт алдында тағы да әшкерелеп, аластау керек болды.

Үшіншіден, Сталинге табынудың Коммунистік партияның тарихына тигізген зияндарын жоюдың және болашақта жеке адамға табыну дегенді ешбір жағдайда қайталанбаудың қаншама тарихи, практикалық маңызы бар екенін тағы да баса көрсетуді партия қажет деп тапты.

Совет Одағының Коммунистік партиясы Сталинге табынудың зардаптары қандай ауыр болса да оларды ойдағыдай жойды. Ол ол ма, тіпті Сталиннің көзі тірі кездің өзінде де, оған табынушылық салтқа айналған кезде де елімізді жеңістен жеңіске бастады. Коммунистік партия социалистік сарыннан жазбай, еліміздің коммунистерін лениндік жолмен бастап, социализмнің толық және біржолата жеңуіне жеткізді. Сталиннің жеке басына табыну еліміздің өміріне қанша зиян келтірсе де, партияны Лениннің сара жолынан тайдыра алмады. Еліміз талай қиын-қыстау кезеңдерді басып өтіп, ақырында, өзінің дегеніне жетті: артта қалған мешеу елден алдыңғы қатарлы индустриялы, колхозды, совхозды елге айналды. Ұлы Отан соғысында жеңіп шығып, кәзір коммунизм құрылысын кең өрістету дәуіріне еніп отыр.

Партияның XXII съезінде жасаған баяндамасында Н. С. Хрущев жолдас былай деді: «Әрине, ашылған қателіктер мен бұрмалаушылықтар, қызмет бабын қиянат жолына пайдалану партия қатарында және халық ішінде белгілі дәрежеде өкініш, тіпті наразылық сезімін туғызуы мүмкін екенін, кейбір шығындар мен кемістіктер туғызуы мүмкін екенін, ҚЛСС үшін және туысқан маркстік-лениндік партиялар үшін уақытша қиындықтар туғызуы мүмкін екенін партия білді. Бірақ партия бұл қиыншылықтардан қорықпайды, ол өзінің бағытын халықтың дұрыс түсінетініне кәміл сеніп, халыққа барлық шындықты адал және ашық айтты. Партия қателескен жоқ. Біздің коммунизм жолымен алға басуымыз жеделдетіле түсті. Кәзір біздің көкірегіміз көтеріліп, көзіміз ашыл-



ды, тынысымыз кеңіп және бұрынғыдан жақсы көретін болдық. Еліміздің ішіндегі бүкіл өміріміз қарыштап алға басып келеді».

Жеке адамға табынудың зардабын жоюға партиямыздың осылай батыл кіріскендегі мақсаты — партия мен еліміздің өмірінде лениндік норманы қалпына келтіру, өкімет билігін пайдаланып, озбырлық жасу әрекетін мүлде болдырмау, социалистік заңдылықты бұзып, кадрларды жазықсыз жазалау сияқты социализмнің рухына жат қылықты үзілді-кесілді жою, халықпен байланысты мейлінше күшейтіп, оның творчестволық ісі мен еңбегіне кең жол ашу, сөйтіп, коммунизм құрылысын жеделдету болды. Партия бұл мақсатқа тез жету үшін шұғыл шаралар қолданды және ол мүлтіксіз іске асырылды.

Жеке адамға табынуға қарсы шығып, оның зиянды зардабтарын үзілді-кесілді жоюға кіріскен кезде империалистердің идеологтары мен халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ревизияшылар Совет Одағының Коммунистік партиясын табалап, ғылыми социализм теориясына қарсы өре түрегелді. Әрине, социализмге қарсы шығып, даурығу—империализмнің ежелгі жарапазаны. Сондықтан олар туралы бұл мақалада айтып жатудың қажеті де жоқ. Ревизияшылар ішінде қатты даурыққан Югославияның Тито, Қардель, Ранкович сияқты басшылары болды. Соңғы кезде Албанияның кәзіргі басшылары да біздің партияға жала жауып, лениндік сара жолдан тайып отыр.

Әрине, Сталиннің жеке басына табыну дәуірі біздің социалистік өміріміздегі, Коммунистік партияның жауынгер тарихындағы кездескен ірі кемшілік екені анық. Бірақ оны партия тез жойды, болашақта мұндайға жол бермейтіндей шаралар қолданды. Партияның бұл бағытын бүкіл совет халқы, жер жүзінің революцияшыл пролетариаты қолдап отыр. Сондықтан империализмнің идеологтары мен кәзіргі ревизияшылар біздің өткендегі қатеміз, онда да өзіміз ашып, өзіміз түзетіп отырған қатеміз жөнінде масайрап, мәз болмай-ақ қойсын. Өйткені, мұнымен олар коммунизм қозғалысын мойыта алмайды, өздерін өздері босқа масқаралайды.

Еліміздің өмірінде өткенде болған қателерді Коммунистік партияның батыл әшкерелеп, оны тез түзетуі, бүкіл совет халқын мұндай қателерді қайталамауға шақыруы оның марксизм-ленинизм теориясымен әбден қаруланғанын, оның дүние жүзіндегі ең күшті, ең адал, ең кеменгер партия екенің дәлелдейді. Біздің елде марксизм-ленинизмнің салтанат құрғаны, социализмнің толық және түпкілікті жеңгені, енді Коммунистік партияның совет халқын коммунизм орнату жолындағы күреске бастап отырғаны, XXII съезде коммунистік құрылыстың ұлы Программасы қабылданғаны тарих бетіне алтын әріппен жазылды.

Мұның өзі дүниежүзілік тарихи табыс. Оны өткендегі өмірдің қатесі де, кәзіргі дұшпандардың мысқылдап даурығуы да бекерге шығара алмайды. Коммунистік партия жеке адамға табынудың зардабын үзілді-кесілді жойып, халқымызды коммунистік құрылыстағы жаңа жеңістерге жеткізеді.



# Партия ұйымдары және еңбекшілердің тұрмыс мәдениеті

Қ. ЖАРҚЫНБЕКОВ,

*Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің секретары*

Партияның XXII съезі халық үшін өмірлік маңызы аса зор мәселелер қарап, тиісті қарарлар қабылдады. Әсіресе, съезде қабылданған жаңа Программа еліміздің барлық халықтарын үлкен қуанышқа бөледі. Өйткені, онда коммунистік қоғам орнатудың нақты жоспары белгіленген, халқымыздың көкейтесті мәселелері толық қамтылған, ізгі мақсаты көрсетілген.

Мазмұнға бай бұл документте коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау міндетімен бірге Совет Одағында халыққа дүние жүзіндегі ең жоғары тұрмыс дәрежесін қамтамасыз етудің нақты жолдары белгіленген. Бұл үшін материалдық игіліктерді мейлінше көбейтіп, адамдардың істеген еңбегінің мөлшері мен сапасына қарай алатын нақты табысын үздіксіз арттырып отыру қажет.

Бірақ, бұл да жеткіліксіз және мұның өзі қоғамдық байлықты бөлісудің коммунистік принципі толық сипаттай алмайды. Сондықтан қоғамдық тұтыну қорын ұдайы арттырып отыруға ерекше назар аудару керек деп көрсетілген Программада. Таяудағы жиырма жылдың қорытындысында еңбекшілердің нақты табысының тең жартысы осы қоғамдық тұтыну қорының есебінен: балалар мен жұмысқа жарамсыз адамдарды бірте-бірте қоғам есебінен асыраудың және тәрбиелеудің, халықты тегін оқытудың, оларға тегін медициналық көмек көрсетудің, үйді, басқа да коммуналдық игіліктер мен коммуналдық транспортты тегін пайдаланудың және тағы сондайлардың есебінен құралатын болады. Жиырма жыл ішінде қоғамдық тұтыну қорының мөлшері кәзіргіден он есе, яғни 1960 жылғы 24,5 миллиард сомнан 1980 жылы 255—265 миллиард сомға дейін жеткізіледі. Бұл халық мәдениетінің де, тұрмысының да гүлденуін қамтамасыз етеді.

Бұл алыстағы арман емес, болашақтың ғана ісі емес, кәзірдің өзінде жүзеге асырыла бастады. Партияның Орталық Комитеті Совет Одағында ең жоғары тұрмыс дәрежесіне жету міндетін жүзеге асырудың алғашқы нәтижесін халық 1962 жылдың өзінде-ақ сезінетіндей болуы керек деп отыр. Съезд өтісімен СССР Министрлер Советінің председателі, КПСС Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. С. Хрущев жолдастың тікелей қатысуымен Ташкент, Целиноград, Новосибирск, Москва қалаларында және басқа жерлерде өткізілген ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің аймақтық кенестері міне осы мақсатты көздейді.

Халық қамқоршысы Коммунистік партия мен Совет үкіметі жүзеге асырып отырған мұндай аса маңызды шаралар еліміздің бүкіл еңбекшілері сияқты біздің облыс жұртшылығын да қатты қуантты, олар коммунистік құрылыста жаңа табыстарға жету үшін жанаямай еңбек етуде.

Облыс еңбекшілері өткен шаруашылық жылын табысты аяқтады. Өнеркәсіп былтырғы жылдық жоспарды орындап шықты, 15,7 миллион сомның өнімі жоспардан артық шығарылды. Транспорт жұмысы жақсара түсті, құрылысшылар да қарқынлы күшейтті. Өткен жылы 183 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.



Еңбекшілердің ауыл шаруашылығы саласындағы табыстары да едәуір. Облысымызда қой, жылқы, ірі қара, құс, шошқа өсіру жоспары орындалды. Мұның өзі ет пен жүннің, сүттің бұрынғыдан едәуір көп алынуына, қаракөл елтірісін дайындау жөніндегі міндеттеменің мерзімінен бұрын орындалуына жағдай жасады.

Мемлекетке мақта тапсырудағы табыс айтарлықтай болды. Былтыр жоспар асыра орындалды, 46 мың тоннадан астам «ақ алтын» мемлекетке 1960 жылғыдан артық тапсырылды. Бұл табыстар кәсіпорындардың, әсіресе колхоздар мен совхоздардың экономикалық және ұйымдық жағынан нығая түсуіне жағдай жасап отыр. Қазір облысымыздағы 98 ірі колхоздың барлығы—мол табысты шаруашылықтар.

Ауқатты ауылға келбетті көрік дегендей, село тұрғындары қазір өздерінің тұрмысын қала үлгісімен құруға талаптанып келеді. Бұл әрине, заңды да. Өйткені, бүгінгі малшыларымыз бен механизаторларымыз қалай тұрамын десе де толық мүмкіндігі бар, сәулетті тұрмыс құруға дәулеті жетеді. Сондықтан да ауыл-село еңбекшілері мәдени орталықтарды көбейтуді, өскелең талап-тілегінің өз аулында өтелуін қажет етіп отыр.

Халықтың талап-тілегіне орай облыстық партия комитеті ауыл-селоларды, колхозшылардың, совхоз жұмысшыларының тұрғын үйлерін жоспар бойынша белгілі жобамен салу, мәдени-тұрмыстық мекемелерді көбейту және олардың жұмысын жақсарту жөнінде жергілікті партия, совет, комсомол, кәсіподақ ұйымдары мен шаруашылық орындарына қатаң талаптар қойып келеді. Еңбекшілердің тұрмысын, оларға мәдени қызмет көрсету ісін жақсарту мәселелері облыстық, аудандық партия комитеттерінің бюро мәжілістерінде талқыланып тұрады.

Облыстың партия ұйымдары Жамбыл облысының Қордай ауданы еңбекшілерінің бастамасы бойынша колхоздар мен совхоздарда мектеп, мәдени-ағарту мекемелерін салу жұмысын кең өрістетті. Тек 1960 жылдың өзінде ғана 2800 орындық 8 мектеп және 38 мың орындық мектепке қосымша кластар салынып, Түркстан, Киров аудандарындағы мектеп оқушылары бір сменада оқуға көшті.

Партияның жаңа Программасында коммунизмнің жас түлектерін тәрбиелеу мәселесіне, соның ішінде мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды ата-аналарының ықтиярымен қоғамдық тәрбиеге алу мәселесіне ерекше назар аударылған. Осы мақсатта мектепке дейінгі балалар мекемелері мен мектеп-интернаттар жүйесін көбейту міндеті алға қойылды.

Облысымызда бұл салада бірқатар жұмыс істелді және көптеген шара жүзеге асырылмақ. Қазір біздегі 13 мектеп-интернатта 4 мыңдай бала тәрбиеленіп өсуде. Шымкент қаласында өткен жылы ашылған мектеп-интернатта жайылымдағы малшылардың 300 баласы оқып, білім алуда. 1965 жылы облысымыздағы бұрыннан бар және жаңадан салынған интернаттарда кем дегенде 14 мың бала тәрбиеленеді.

Партия, совет орындарының күнделікті қамқорлығы арқасында мәдени-ағарту мекемелерінің жүйесі көбеюде. Тек 1960 жылы ауыл-селода 22 клуб салынды. Олардың ішінде 3 мәдениет сарайы, 3 жазғы клуб, 14 кітапхана, тағы басқалар бар.

Талғауы мен талабы өскен халықтың қажетін өтеуде, мәдениетін көтеруде сауда орындары мен тұрмыстық мекемелерге үлкен міндет жүктеледі. Қазір еңбекшілер магазин, асхана, шайхана сияқты қоғамдық орындарды ғана емес, басқа да күрделі міндет арқалайтын, тұрмысты жеңілдететін мекемелерді іздейді. Айталық, мебель жөндейтін немесе киім тігетін мастерской көбейсе екен, олардың жұмысы жақсарса екен деген тілек артық па? Жоқ, әбден орынды. Болмаса тұрмыс комбинатын құрса бөтен бе? Жоқ, бөтен емес. Мұның пайдалы екенін Шымкенттегі, Георгиев, Түркстан, Ильич, Сарыағаш, Түлкібас аудандарында



дағы тұрмыс комбинаттарының қызметін көріп отырғандар өздері-ақ айтпай ма?!

Партия ұйымдарының еңбекшілердің мәдени және тұрмыс дәрежесін арттыруға жасап отырған қамқорлығының арқасында қалаларымыз, ауыл селоларымыз сәулеттене түсуде. Қолхоз-совхоз аулының болашағы туралы партияның жаңа Программасында: «Қолхоз деревнялары мен селолары бірте-бірте жайлы-жақсы тұрғын үйлері, коммуналдық қызмет көрсету орындары, тұрмыстық кәсіпорындар, мәдени және медициналық мекемелері бар қала типті іріленген елді пункттерге айналады. Мәдени-тұрмыс жағдайлары жөнінен село халқы сайып келгенде қала халқымен теңелетін болады. Қала мен деревня арасындағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыстық айырмашылықтардың жойылуы коммунизм құрылысының аса ұлы нәтижелерінің бірі болып табылады»—деп көрсетілген. Осы міндет жүзеге асырыла бастады.

Күні кеше құлазып жатқан шөл далаларда кәзір қарасаң көз тоярлық сәнді де сәулетті ауылдар мен совхоз жұмысшыларының поселкелері пайда болды. Оған мысал ретінде Ильич ауданындағы «Заря коммунизма» ауылшаруашылық артелін алсақ та болады.

Қолхоз аулы кіші-гірім қала сияқты. Көше-көше бойында сән түзеген біркелкі биік үйлер, жасыл желекті жайқалған ағаш. Қарасаңыз көз тояды. Артельде 450 орындық көру залы, түрлі үйірмелер сабағын өткізетін бөлмелері бар мәдениет сарайы жұмыс істейді. 25 мың сомдық кітап қоры бар кітапхана да сонда орналасқан. Кітапхананың оқу залында 30—35 адамның бір мезгілде кітап, газет оқуына болады. Музыка, хор, би, суретшілер, кестешілер, дойбы, шахмат үйірмелері, физкультура және спорт секциялары жұмыс істейді. Қолхоздың «Қайрат» командасы республика бойынша село футболшылары арасындағы жарыста көрнекті орында келеді.

Қолхозда радио торабы бар. 800 үй радиоландырылған. Қолхоз селосы толық электрлендірілген. Селода бір орта, бір жетіжылдық мектеп, екі жазғы клуб, стадион, қонақ үйі, екі балалар бақшасы мен ясли, 20 орындық аурухана, әр бригада сайын бір-бірден жақсы жабдықталған стандартты дала қостары бар. Ауылдың халқына су құбырының пайдасы да аз болмайды. Ол кәзір тартылып жатыр. Екі монша, байланыс бөлімі, жинақ кассасы, бірнеше дүкен жұмыс істейді. Облысымызда жанаша қоныс теуіп, жарасты тұрмыс құрып отырған осындай ауылдар аз емес.

Жергілікті партия, совет және кәсіподақ ұйымдары мәдениет орындарының жұмысына үнемі көмектесіп отырады. Клубтар мен кітапханалар, мәдениет үйлері өздерінің жұмысын тартымды да қызғылықты етіп ұйымдастырып, еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу ісіне белсене ат салысып келеді. Олардың көпшілігі халықтың сүйікті орындарына айналған. Мәдени-ағарту мекемелері көпшілік жұмыстарының әртүрлі формалары мен әдістерін, көркем өнер түрлерін өз істерінде кең пайдаланып отырады.

Облысымызда көркем өнерпаздар үйірмелерінің, оған қатысушылардың жылдан-жылға көбеюі халықтың мәдени тілегінің үздіксіз өсуінің айқын дәлелі. Қәзір 647 көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыс істейді. Олар 7 мыңдай жұмысшы мен колхозшыны, ауыл-село жастарын қамтиды.

Сонымен қатар кәзір жер-жерде халық инициативасынан туған мәдениет, денсаулық сақтау университеттері құрылып, жұмыс істеп жатыр. Еңбекшілерді эстетикалық жағынан тәрбиелеуде, олардың тұрмыс мәдениетін арттыруда бұл университеттердің маңызы ерекше. Қәзір бізде бір мың адамды қамтитын 7 университет жұмыс істейді. Қала мен село еңбекшілері өндірістен қол үзбей осы университеттер арқылы маркстік-лениндік эстетиканы үйренуге, совет әдебиетінің, музыкасының, өнерінің үздік үлгілерімен кеңінен танысуға мүмкіндік алып отыр. Партия



ұйымдары мәдениет университеттерінің жүйесін кеңейтіп, жұмысын жақсартуға айрықша назар аудара бермек.

Жер-жерде халық театрларының құрылуы да — облыстың мәдени өміріндегі үлкен оқиғалардың бірі. Кәзір бізде осындай екі театр бар. Олар бұрынғы драма үйірмесінің негізінде құрылған. Әсіресе, Шаян аудандық мәдениет үйінің жанындағы театр коллективінің творчестволық табысы атап айтарлықтай. Аудандық мәдениет үйінің жанында 80 адамнан құрылған домбырашылар үйірмесі, би және драма үйірмесі бар. Халық театры атағын алу үшін драма үйірмесі соңғы жылдары жергілікті авторлар: Шанин мен Ордабаевтың «Сенім күші», сондай-ақ Ғ. Мүсіреповтың «Сен қайтер едің?», Раннеттің «Адасқан ұл» атты пьесаларын сахнаға шығарды. Бұл творчестволық коллективтің жұмысын жақсартуда аудандық мәдениет үйінің қызметкерлері Момышев пен Оспанова жолдастар айтарлықтай еңбек етіп келеді. Мәдениет үйінің жұмысын жандандыруға партия комитеті үздіксіз көмек көрсетіп отырады. Облыстық байқауда Шаян ауданының жәркемөнерпаздары үздік келеді.

Оңтүстік Қазақстан—шаруашылығы шалқыған, мәдениеті өскен облыстардың бірі. Мұнда өнеркәсіп пен құрылыс, егіншілік пен мал шаруашылығы бірдей өркендеген. Осыған орай көптеген мал жайылым учаскелері игерілді және игерілуде. Облыстың партия, совет ұйымдары барлық малшыларға, әсіресе мал жайылым учаскелеріндегі малшыларды мәдени-тұрмыс жағынан қамту мәселесіне ұдайы көңіл бөліп отырады. Мал жайылымындағы малшыларға 28 автоклуб, көптеген қызыл отау, кинокондырғы қызмет етеді. Оларда партия ұйымдары арнаулы мәдениет бригадалары мен топтарын жіберіп, қызмет көрсетуде. Мәселен, партияның XXII съезі қарсаңында және съезд өтіп жатқан күндері мал жайылым учаскелеріндегі малшылар арасына облыс орталығынан төрт мәдениет бригадасы жіберілді. Бригада мүшелері бір ай бойы онда болған кезінде малшылардың 500-ден астам семьясына медициналық көмек көрсетті, 300-ге жуық радиоқабылдағышын жөндеті, оларға 90 киносеанс көрсетті. Партияның XXII съезінің шешімдері жөнінде жүздеген лекция оқып, баяндама жасады.

Шаян, Созақ аудандық партия комитеттерінің бұл жөніндегі жұмыстары жұртқа өнеге болғандай. Созақ ауданында шопандар үшін демалыс үйі ұйымдастырылған және ол екі жыл бойына айтарлықтай қызмет істеп келеді. Ал, Шаян ауданында шопандарды мәдени-тұрмыс жағынан қамту үшін әрбір колхоз бен совхозда бір-бірден арнаулы жүк машинасы бөлінген. Бұл машина шоферлерінің радиотехник, киномеханик мамандықтары бар және почта тасушылар да солар. Олардың өнері мен үлгілі қызметін көрген малшылар алғыс айтуда.

Халық тұрмысына радио, баспасөз де терең еніп, қажетті рухани байлыққа айналды. Мәселен, кәзір облысымызда таратылған газет, журналдарды есепке алсақ, әрбір екі адамға бір газет, бір журналдан келеді. Сонымен бірге қалалар, селолар мен ауылдар түгел дерлік радиоландырылған. Еңбекшілердің жеке меншігінде 8532 телевизор, 51540 радиоқабылдағыш бар. Міне мұның барлығы халық тұрмысына еніп, салтына айналған социалистік мәдениеттің үлгілері.

Дегенмен еңбекшілердің мәдени-тұрмыс дәрежесін арттыру ісін ұйымдастыруда елеулі кемшіліктер де бар. Кейбір сауда мекемелері мен асханалардың, денсаулық сақтау, байланыс мекемелерінің жұмысы нашар. Облыстық партия комитеті жақында бюро мәжілісінде Арыс, Түркстан, Мақтарал аудандарындағы мал жайылым учаскелерінде еңбекшілерге қызмет көрсету ісі нашар ұйымдастырылғанын атап көрсетті. Мұнда почта сирек болады, газет-журналдар оқушыларға мезгілінде жеткізіліп тұрмайды.



Түркстан, Сарыағаш, Шәуілдір аудандарының мал жайылым учаскелерінде тұз, овош, картоп және керосин сияқты ең қажетті нәрселер кейде тапшы болатынына көптеген еңбекшілер орынды реніш білдіруде. Облыстық партия комитетінің бюросы партия комитеттерінен жұмыстағы орын алған кемшіліктерді тез түзетуді талап етіп, малшылардың тұтыну заттары мен тұрғын үй жөніндегі және рухани қажеттерінің толық өтелуін ұйымдастыруды партия, совет ұйымдарының алдына бірінші дәрежелі міндет етіп қойды.

Әрине, мәдениет мекемелерінің жұмысын кәзіргіден әлдеқайда жақсы ұйымдастыруға болады. Бұған кедергі болып отырған кемшіліктің бірі—мәдениет жүйесінің материалдық-техникалық базалары әлі де нашар. Сегіз аудандағы мәдениет үйі үшін үй-жай жетіспейді. 256 кітапхана туралы да осыны айтуға болады. Бұлардан 17 кітапхананың ғана оқу залы бар.

Аудандардағы, ауылдық жерлердегі клубтардың, қызыл бұрыш-кітапханалардың тағы басқа мәдени-ағарту орындарының жұмысын өскелең талапқа, жаңа тілекке сай жүргізуге кедергі болатын бір кемшілік ол мекемелерде істі білетін кадрлар жетіспейді. Сондықтан, біздің ойымызша, мәдени-ағарту орындарын басқаратын мамандарды даярлау жұмысын Мәдениет министрлігі қолға алып, қысқа мерзімді курстар арқылы даярлаған жөн ғой дейміз. Біздің облыста, әсіресе колхоз, совхозда көркемөнер үйірмелерін басқаратын мамандар жоқ.

Кәзір, әсіресе, селолық жерде монша, балалар бақшасы, аурухана сияқты тұрмыстық мекемелер жүйесінің жеткіліксіз екендігі де байқалып отыр. Шопандарға мәдени-тұрмыстық жағдай жасау ісінде де елеулі кемшіліктер бар.

Бұл күндері облыстың партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдары мен мәдени-ағарту мекемелерінің, байланыс, сауда органдарының, тұрмыстық мекемелердің қызметкерлері КПСС XXII съезінің қарарларын терең оқып-үйрене отырып, жұмыстағы кемшіліктерді батыл ашуда. Сөйтіп оны тез жоюдың, халықты мәдени-тұрмыстық жағынан ойдағыдай қамтудың батыл шараларын қарастыруда. Жұмыс адамдарының еңбегін жеңілдету, тұрмыс мәдениетін көтеру үшін олар қолдан келгеннің бәрін істеуге әзір.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің жақында болып өткен сессиясы халық шаруашылығын өркендетудің 1962 жылға арналған жоспарын қабылдай отырып, соған лайық бюджетті бекітті. Онда өнеркәсіп пен транспортты, құрылыс істерін, ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету, әлеуметтік мәдениет шараларын кең өрістету, оқу орындарын ашу, ғылыми-зерттеу мекемелерінің, сондай-ақ кітапханалар мен клубтардың, театрлардың, аурухана, балалар яслилері мен демалыс үйлері сияқты өмірлік маңызы бар мекемелердің жүйесін ұлғайту, пенсия және әртүрлі жәрдем көрсету шараларын жақсарту беру қарастырылған. 1962 жылы тек әлеуметтік-мәдени шараларға 927 миллион 822 мың сом қаржы жұмсалмақ. Одан біздің облыстың еңбекшілері де лайықты үлес алады.

Демек, уақыт озған сайын облысымыздағы мәдениет-тұрмыс және ағарту мекемелерінің жүйесі көбейіп, жұмысы жақсара түспек. Ал кәзір бұл салада съезд қарарларына сай жүзеге асырылып отырған немесе таяудағы уақыт ішінде істелуге тиісті саналуан жұмыстар салт пен санада, тұрмыс пен әдет-ғұрыпта орын алған кейбір кемшіліктерді тез жоюға, сөйтіп, коммунизмнің тұрмысы жарасқан, мәдениеті өскелең белсенді құрылысшыларын тәрбиелеу ісін жетілдіре түсуге жағдай жасайды.



# Заман шырқауы

## ӨТЕБАЙ ҚАНАХИН

Ия, 1961 жыл да артта қалды. Өткен жылмен қол бұлғап қош айтысып, жаңа жылды күшәк жайып қарсы алдық. Әрине, бір мың тоғыз жүз алпыс бірінші жыл енді қайтып оралмас. Бірақ Совет Одағының халықтары, социалистік ынтымақ, қалды бүкіл адамзат үшін алпыс бірінші жыл алыстаған сайын ұшар басы, заңғар биігі молырақ көрінетін асқар таудай бір тарихи жаңалық, жақсылық, шырағдан әкелді әлемге. Мұны көріп дүние дүр сілкінгендей болды. Жаңа шапаққа қуана көз қадап, тарихтың өзі тақпақтап тұрғандай адам қоғамы дамуының сара жолын әлемге паш етіп, ұлы Ленин ұядан ұшырған Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихи XXII съезінің мінбесінен барша жер шарына саңқылдай естілген айбынды Программада Совет Одағында коммунистік қоғам орнатудың нақты жолдары мен мүмкіншіліктері толық баян етілді. Қазір бұл ұлы программаны бүкіл прогресшіл адамзат аса зор зейін қойып, оқып-үйренуде, әр жолынан ең басты арманының, ұшқыр қиялының орындалуын, шындыққа айналуын көреді, ұғады, түсінеді.

XXII съезд құрғақ қиял түрінде емес, көзбен көріп, қолмен ұстағандай тарихи дамудың құрыштай берік заңдылығын әлем көкірегіне жыр етіп құйды. Ал Совет Одағындағы азаматтар үшін, біздер үшін, нұр сәулелі болашағымыздың төбесі көрініп-ақ тұр. Жиырма жыл деген не тәйірі!

Социалистік лагердің айбынды жетекшісі — Совет елі өзінің тарихи дамуы жолында коммунистік қоғамның алғашқы сатысы — социалистік құрылыстың бұрын-соңды адамзат есітіп-білмеген керемет қасиеттерін кемеліне келтіре пайдалануы, жүзеге асыруы арқасында енді адам қоғамының көне заманнан бері ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан асыл арманы — коммунистік қоғамның сәулетті сарайының іргетасын мықтап тұрғызып, енді қабырғасын қалауға кірісті.

Міне өткен жылдың, XX ғасырдың, қалды адамзат тарихының ең төрінен орын алатын ұлы оқиға — КПСС XXII съезі. Онда Совет Одағы Коммунистік партиясының жаңа Программасы — Заманымыздың Коммунистік Манифесі қабылданды! Еуропаға елес қана берген коммунизмнің емес, дүние жүзіне қанатын кең жайған, адамзаттың жарышына жуығы өздерінің күнделікті болмысына айналдырмақшы, алды — совет халқы табалдырығын аттағалы тұрған ақиқат коммунизмнің құдіретін жанжақты пайымдап берді. Біздің, совет адамдарының, коммунизмнің асыл принципі: «Әркімнен — қабілетіне қарай, әркімге — керегіне қарай» деген қағидасын жүзеге асыруымызға жиырма-ақ жыл қалды. Тарих үшін жиырма жыл түк емес. Ендеше коммунизмнің сәулетті сарайының күмбезін тұрғызу күні ертең тындырылатын іс деген сөз. Партияның тарихи XXII съезі кәзіргі ұрпақтың коммунизм тұсында өмір сүретінін ашық айтты, тарихи даму жолымыздың заңдылығына сүйеніп айтты. Ендеше оған ешқандай шәк болмасқа тиіс.

Әрине, коммунизм жатып ішерлердің қауымы емес екенін әрбір саналы азамат жақсы біледі. Олай болса, коммунизм сарайын тезірек тұрғызу дегеніміз — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын



жедел жасап бітіру. Күнделікті жейтін нанымыз, киетін киіміміз, оқитын кітабымыздан бастап сәулетті сарайлар, құлпырған қалалар небір алып кәсіпорындар, мыңғырған мал, жайқалған егін, жүйткігея поезд, самғаған самолет, мұхит мұзын нанша тілген мұзжарғыш, шапшаң ракета, таңғажайып спутниктер мен космос корабльдерінің өзі совет адамының еңбегі, ақылы, күш-жігері арқасында жарыққа келеді, яғни бәрің туғызатын, жасайтын адамның өзі, адамның ақыл-ойы, адамның қолы. Олай болса коммунизмнің ұшан-теңіз материалдық-техникалық базасын жасайтын біз өзіміз — жасампаз совет адамдары.

Коммунистік партияның лениндік ұлт саясаты арқасында кешегі мешеу ел — Қазақстанның кәзір экономикасы мен мәдениеті қарыштап алға басқан мәртебелі социалистік республика екеніне достарымыздың шын жүректен қуанып құттықтауын айтпағанның өзінде, бізге қас, капиталистік елдердегі жарықты көре алмайтын, күнді алаканымен басам деп әлектенуші дұшпандарымыздың өзі мойын ұсынып отыр.

Әсіресе тарихи дамуымыздың даңғыл арнасын жеке адамға табынудан және оның зардаптарынан біржолата аршып берген партиямыздың ХХ съезінен кейін советтік Қазақстанның халық шаруашылығы шырқау биікке көтеріліп келе жатқаны баршамызға белгілі. Осы тарихи съезден кейін республиканың экономикасы мен мәдениетін дамытуға 9 миллиард сомнан аса қаржы жұмсалғанын, яғни бұл соманың бұрынғы өткен 35 жыл ішінде берілген қаржымен салыстырғанда 1,5 есе артық екенін айтсақ жеткілікті. Өткен жыл аяғында болған СССР Жоғарғы Советі сессиясының бюджет туралы қарары партия мен үкіметтің Советтік Қазақстанға деген зор қамқорлығына тағы бір айғақ.

Республикамыздың мақтанышы — өткен бесжылдықтардың алып перзенттері — көмірлі Қарағанды, мысты Балқаш, мырышты Өскемен, қорғасынды Шымкент, мұнайлы Гурьев тағы сондайлармен қатар, соңғы аз жылдардың ішінде ғана жұртты тамсанта құрыш қайнатқан Теміртау, Одаққа әйгілі рудалы Рудный, техниканың ең соны да соңғы жаңалықтарымен жабдыкталған көмірлі Абай, Шахта сияқты индустриялы жаңа аудандар пайда болды. Осындай қарыштап дамудың нәтижесінде республикамызда темір рудасын шығарудың отыз есе артқанына қалай мақтанбассың! Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинаты мен Атасу кенінің іске қосылуы, Қарағанды металлургия зауыдының қос домнасы көк тірөп, үш кокс батареясы мен химиялық цехтарының пайдалануға берілуі арқасында республикамыз тұңғыш рет шойын мен жоксты да өзі өндіре бастағанына қалайша қол соқпассың! Сөйтіп, кәзір біздің Қазақстанда өзіміздің Магниткамызды айтпағанда, бүкіл Оңтүстік Уралдың металлургиясы үшін берік шикізат қоры жасалып отыр.

Қарт Қарағанды мен жақа қазына — Екібастұз сияқты көмірлі екі ауданымыз енді жылына 35 миллион тоннаға жуық көмір береді екен!

Асау Ертістің бойындағы, электр қуатын мол беріп тұрған Бұқтарма су электр станциясының салына бастағаны кеше ғана емес пе еді!

Алдағы 20 жылдың ішінде советтік Қазақстанның халық шаруашылығы шырқау биігіне көтерілерін мына бір цифрлардан байқауға болады: өнеркәсіп өндірісі өнімінің дәрежесі 20 жылда Одақ бойынша алты есе өсер болса, біздің республика бойынша — он екі есе өспек! Осы уақыттың ішінде Қазақстанда 14 су электр станциясы, жүзден аса машина жасау зауыды, тағы да толып жатқан өнеркәсіп алыптары салынуға тиіс. Бір ғана Қарағанды металлургия комбинатының өзі өнімін үш есе арттыратын болады.

Қазақстанды табиғат байлығының керемет қоймасы деп тегін айтпаған. Жуырда ғана зерттеле бастаған Үлкен Торғай ауданындағы темір рудасы қорының молдығы сонша, бір ғана осы өңірде бүкіл Одақтағы жалпы қорымыздың 20 проценттейі жатқан боп шықты.



Маңғыстау мұнайы ше! Сол бір ғасырлар бойы сұйық алтынын тереңге тығып мелшиіп жатқан қиян шетке темір жол тартылғаннан кейін Маңғыстау Отан игілігіне жылына орасан көп мұнай беретін болады. Кең байтақ қазақ даласының әлі адам үстінен тап түспеген, бірақ алда ашылмақ кереметі қаншама!

Тусыраған тың даланы игеру бір ғана республика еңбекшілерінің емес, бүкіл совет халқының еңбектегі теңдесі жоқ ерлігі еді. Бұл коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудағы алғашқы күдіретті де жемісті қадамдарымыздың бірі десек артық айтпаған болармыз. Бір ғана мысал: Қазақстан 1954 жылға дейінгі 8 жылдың ішінде небарлығы 79 миллион пұт қана товарлы астық өндірген болса, тыңды игеру нәтижесінде, кейде ауа райының қолайсыз болуына қарамастан, соңғы сегіз жылда мемлекетке 4.370 миллион пұт астық сатты. Игерілген тыңда Совет Одағындағы 100-ден астам халықтар мен ұлттардың ұл-қыздары достық ынтымағы жарасып, қоян-қолтық, қажырлы еңбек етуде.

Бізде кәзір өспейтін дақыл жоқ: мақта да, күріш те, жүгері де, қант қызылшасы да, бұршақ та, темекі де керемет өнім береді. Тың игеруші ерлердің таяудағы қол жетпек табыстары досты сүйсіндіріп, дұшпанды тамсандырарлықтай: алдағы 20 жылда астықтың жалпы түсімін үш есе арттырып, 3,5 миллиард пұтқа жеткізу, ал товарлы астық түсімін жыл сайын кемінде екі миллиард пұтқа жеткізу көзделіп отыр.

Қазақ жері қай заманнан бері қай түліктің де болса құты болып келді, бола да бермек. Таяудағы уақытта бір ғана қой саны 100 миллионға жеткізілмекші. Жаңадан 400—500 қой совхозы ұйымдастырылады. Қазақстанда қойды мұнан да көп өсірудің мүмкіншілігі бар. Ал біздің жағдайымызда қой шаруашылығы — мал шаруашылығының ең бір тиімді саласы.

Советтік Қазақстан — алып құрылыстар алаңы. Атағы бүкіл Одаққа белгілі салынып жатқан ірі-ірі кәсіпорындарымен қатар тұрғын үй, мәдени мекемелер құрылысы да мықтап қолға алынуда. Партияның XX—XXII съездері аралығында республикамызда 12 миллион шаршы метрдей тұрғын үй салынды, яғни бұрынғы 15 жыл ішінде пайдалануға берілгеннен 1,6 есе көп.

Бір ғана Қазақстан көлемінде алғанның өзінде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың нақты көздері міне осылар!..

Партияның XXII съезі қабылдаған жаңа Программада қоғамдағы барлық байлықтың бәрі де адам үшін, адамның игілігі үшін, әрбір қоғам мүшесінің қажеті мен мүддесі үшін жасалып пайдаланылады делінді. Мұндай аса әділдікті қай заман білетін еді? Сондықтан да КПСС Программасында алтын әріппен жазылған шын мәнісіндегі Бейбітшілік, Еңбек, Бостандық, Теңдік, Туыскандық, Бакыт бүкіл адамзаттың көкейтесті арманына айналып отыр. Бұл ұлы принциптер біздің елімізде түгелдей салтанат құрды, алда өркен жайып, көркейе бермек.

Жаңа Программада еңбекші адамдарды коммунизм рухында тәрбиелеу, жаңа адамды, коммунизм адамын қалыптастыру коммунистік құрылыстың аса маңызды бір бөлегі деп атап көрсетілген. «Ауру қалса да әдет қалмайды» дейді халық. Сондай-ақ ғасырлар бойы «әркім өзі үшін, бір құдай көп үшін», «адамға адам қас жау» деген сияқты салт-санада өсіп, тіршілік еткен халықтардың сана сезімін, көзқарасын, қарым-қатынасын Ұлы Октябрь Социалистік революциясының тарихи жеңісінің нәтижесінде ғана қайта тәрбиелеу мүмкіндігі туды.

Тарихи қысқа мерзімнің ішінде социалистік қоғамда еңбекке жаңа көзқарас туып, қалыптасты. Енді әрбір қоғам мүшесінің жалпы қоғам үшін, халық үшін, өзі үшін еңбек етіп, игілігін де өзі көретініне көзі жетіп отыр. Социалистік қоғамның ұлы жеңістерінің бірі адам мен еңбек,



адам мен адам, адам мен қоғам арасындағы тарихи теңдесі жоқ жаңа қарым-қатынастарды берік орнатуында болса керек. Сондықтан коммунизмге барар жолдағы қолымызға ұстаған шырағданымыз — КПСС жаңа Программасында «адам адамға дос, жолдас, туыс» деген бұрын-соңды адамзат тарихы білмеген ең жоғары адамгершілік принцип ұсынылып отыр.

Адамның көзқарасындағы, сана-сезіміндегі, әдет-ғұрпындағы, тұрмыс-тіршілігіндегі, қарым-қатынасындағы капитализм сарқыншақтарының қоғам мүшелерінің кейбір бөлегінде әлі де болса сақталып келе жатқанын ескере отырып, партия өзінің Программасында жаңа адамды тәрбиелеу, мәселелік өсірудің сара жолын белгілеп берді. Олар: еңбекке тәрбиелеу, қоғамдық өндіріске коммунизмдегіше қарауды дамыту, коммунистік мораль принциптерін баянды ету, мәдениет шыңына өрлеу, эстетикалық және дене тәрбиесін өрістету. Коммунизм — адамзаттың және адамның жеке басының ең жоғары дәрежеде көркеюі деген сөз. Адамзаттың ғасырлар бойғы арманы да осы еді ғой!

Жаңа Программада коммунизм адамының моральдық кодексі, этикалық нормалары, адамгершілік парындары айқын көрсетілген. Қанша заманнан бері адамзат аңсап, арман еткен, енді ғана қолы жеткелі тұрған, адам адам болғалы тірнектеп жинаған, қорландырған, жетілдірген асыл қасиеттердің бәр-бәрі коммунизм адамының басынан түгел табылуға тиіс.

Кәзіргі өміріміздің өзінде мұндай асыл адамдар аз емес. Коммунистік еңбек коллективтерінің мүшелері сондай адамдардың алғашқы нышаны болса керек. Бұлардың арасында жоғары өндірістік көрсеткіштермен бірге коммунистік саналылық, жоғары адамгершілік, мәдениеттілік, техниканы мықты меңгергендік, әдептілік қатты қадірленеді.

Коммунизмге көшкенде мұндай асыл қасиеттер жеке адамның ғана емес, сонымен бірге Отанымыздың барша азаматының басынан табылуға тиіс. Сондықтан партияның XXII съезі, съезд қабылдаған тарихи жаңа Программа коммунизм адамының өзінен-өзі келіп шықпайтынын, жаңа адамды жан-жақты тәлім-тәрбие, баулу арқылы ғана өсіруге болатынын арнайы атап көрсетті.

Коммунизм адамының моральдық кодексінде көркем әдебиеттің орны ерекше. Н. С. Хрущев XXII съезде жасаған баяндамасында: «Совет әдебиеті мен өнері мұнан былай да совет халқының сенімді қаруы, оның бүкіл өміріндегі ізгі, ақылғөй кеңесшісі бола береді деп партия толық сенеді», деді. Жазушы — партияның сенімді көмекшісі. Ұлы Ленин құрған коммунистік партияға көмекші болудан артық, шынында, не бақыт бар жазушыға!

Заманымыздың ұлылығын, жасампаз еңбек адамдарының толық қанды, шоқтығы биік жарқын образын жасау үшін қандай сөз өрнегі, соны әуен, әсем бояу керектігін іздеп қалам қайраткерлері шарқұруда. Социалистік реализм әдісінен қаламына қанат, ойына өріс алған жазушы өзінің шығармасында әрқашан өмір шындығын тереңнен қозғап, заман идеалын жалау ете білді. Өйткені шын мәнісіндегі көркем шығарма миллиондардың сана-сезімінің қалыптасуына зор ықпал етеді.

Біздің суреткерлер ең бақытты адамдар: олардың шығармалары халық өмірінен тамыр жайып, халықтың жасампаз еңбегіне бағышталған және Ленин партиясының жеңімпаз идеяларын паш етеді. Коммунизм мұратын шығармасына арқау ету — біздер, жазушылар үшін, адамзат тарихында болмаған аса абыройлы іс. Еңбекшілерге коммунизм рухында тәрбие беру — өте зор тарихи міндет, сәулетті коммунизм сарайын салуда даңқты коммунистік партиямызға жәрдемдесу деген сөз. Осыдан келіп творчествоның партиялығы күннің шұғлалы сәулесіндей, теңіздің көгілдір нұрындай, құстың сайраған үніндей табиғи, жарасымды астасып жатады.



Партияның XX съезінен кейін замандастарымыздың жарқын тұлғасын жасауда, басқа да туысқан одақтас республикалардың әдебиеттері сияқты, казак әдебиетінде де әжептәуір игілікті істер істелді. Суреткерлер еңбек адамдарымен жиі-жиі кездесіп, өмірмен біте қайнасып, көркемдік-идеялық дәрежесі жоғары шығармалар бере бастады. Бірақ, расын айту керек, бергенімізден береріміз көп, тіпті шетінемей жатыр десек те артық болмас. Бірлі-жарым шығармаларда болмаса, осы заман қаһарманының сом тұлғасын Абай, Асқар, Ботакөз, Аманкелді, Жалбыр, Раушан образдарындай халық сүйіп, мәңгі есінде сақтарлық дәрежеге көтере алмай келеміз. Кей ретте әдебиетіміздің кейіпкерлері сұртан, мүсәпір, ұсақ боп шығып жатады. Қазіргі заман қаһарманының Павел Корчагин, Чалаев, Мересьев сияқты асқақ та асыл тұлғаларын жасау — республика суреткерлерінің алдында тұрған кезек күттірмейтін ең абыройлы да жауапты міндет.

Қиялға қол артар болсақ, Қазақстанның келешегі былайша келеңдейді: трубалары аспанмен тілдесіп, қаз тізілген алуан түрлі алып завод, фабрика, комбинаттар; көгінде — атомолет; төскейінде — атомовоз, автомобиль; Бетпақдаланы баса аққан айқыш-ұйқыш, суы мол, анау-мынау өзендерге бергісіз каналдар; олардың жағасы — сыңсыған орман; деңгейі — шырыны тіл үйірген бау-бақша, атырабы — көлеміне көз жетпес мол егін, ажары ақша қардан да асқан ақ мақта; кешегі суырма құмдардың үсті — түрікпен кілеміндей көк шалғын, гүл-майса; сол шалғында — түгін тартса майы шыққан төрт түлік. Бір кездегі жадағай далаға күні мен түні бір, іші-сырты самаладай жарқыраған сәнді, сәулетті жаңа қалалар орнап қалған...

Алшаң басып алпыс екінші жыл да келді. Еліміздің өркендеп-өсуіне жаңа тыныс, шабыт берген әйгілі жетіжылдығымыздың төртінші жылы бұл. Бұл жыл — елімізде коммунизм орнату программасын іске асыруда үлкен белес. Бұрынғы асулардан да үлкен абыроймен өткені сияқты, Коммунистік партияның бастауымен бүкіл совет халқының 1962 жылдың асуынан да күрделі табыстармен асатынына сенім зор.



# Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға Қазақстанның қосар үлесі

С. ТОЛЫБЕКОВ,

*экономика ғылымының докторы*

Партияның XXII съезі елімізде коммунизм орнатудың ұлы жоспары болып саналатын жаңа Программа қабылдады. Сөйтіп коммунизм құрылысы алыстағы елес, нысана немесе теориялық мәселе емес, совет халқының күнбе-күнгі, қолма-қол іске асыратын практикалық міндетіне айналды.

Съезд қабылдаған партия Программасында коммунизм деген ғылыми ұғымға социалистік қоғам тәжірибесімен байытылған теориялық жаңа сыпаттама берілді. Программа еліміздің социализмнен коммунизмге өтетін нақты жолдарын және оның мерзімін белгіледі. Онда коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолдары көрсетілді.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасы дегеніміз өндірісті дамытуға қажетті өндіргіш күштердің барлық буындарынан құралады. Оның ең бастысы — алуан түрлі өндіріс құралдарының, оларды іске қосып, пайдалана білетін адамдардың өсіп, жетілуі.

Партия Программасында коммунистік құрылыстың ұлы міндеттерімен қатар олардың орындалу мерзімдерінің кезекті сатылары да көрсетілген.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың бірінші сатысы 1961 жылдан 1970 жылға дейінгі он жыл. Міне, бұл мерзім ішінде Совет Одағы өнімнің жан басына келетін мөлшері жөнінде капитализмнің ең бай мемлекеті — Америка Құрама Штаттарынан асып түспек. Халқымыздың әл-ауқаты, мәдени және техникалық білім дәрежесі едәуір көтеріліп, қоғам мүшелерінің молшылық тұрмысқа қолы жетпек, барлық колхоз бен совхоз көп өнім беретін ірі шаруашылықтарға айналмақ; совет адамдары тұрғын үйлермен қамтамасыз етілмек; өндірістегі ауыр дене еңбегі жойылмақ; дүние жүзіндегі ең қысқа жұмыс күні бізде болмақ.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың екінші сатысы 1971 жылдан 1980 жылға дейінгі он жыл. Бұл дәуірде біздің қоғамның өндіргіш күштерінің өсу дәрежесі барлық халқымызды затық және мәдени байлыққа кенелтеді. Ол кезде «Әркімнен — қабілетіне қарай, әркімге — керегіне қарай» деген талапты іске асыруға жақындай түсеміз.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасының жасалуы өндірістің жаңа технологияға көшуін, өндірісті ұйымдастырудың ең жоғары мәдениетті түрін қолдануды керек етеді. Өндірісті шоғырландыру, белгілі бір зат өндіруге бейімдеу, бірлестіру және бірі мен бірін байланыстырып үйлестіру әдісі кең өріс алмақ. Өндірісті дамытуға қажетті бұл жаңа сапалы өзгерістер өндірісті кеңінен автоматтандыруға, өндірісте химияны, атом қуатын кең пайдалануға және космосты игеруге байланысты болмақ. Қуаттың көп түрлерін бірден электр қуатына айналдыру, жердің ішкі жылылығын, өзен суларын, жел мен күн қуатын пайдалану арқылы қуаттың жаңа бұлақтары табылмақ. Оның үстіне жердің терен қыртыстарын қазу арқылы, теңіздердің биологиялық және минералдық қорларын пайдалану, әсіресе өзімізге белгілі көп зат-



тардың жаңа қасиеттерін ашу арқылы толып жатқан шикізат алына-тын болады.

Жоғарыда айтылғандай, қоғамның өндіргіш күштерінің орасан зор дамуының нәтижесінде қоғамдық еңбектің өнімділігі де арта түседі. Біздің өнеркәсібімізде он жыл ішінде еңбек өнімділігі екі еседен, ал 20 жыл ішінде 4—4,5 еседен көбірек артады. Бұл кәзіргі Америка Құрама Штаттарындағы еңбек өнімділігінен екі есе артық болмақ.

Қоғам өмірінде еңбек өнімділігінің мәні өте зор. Өйткені, қоғам байлығының бірден-бір көзі — қоғамдық еңбек өнімділігі. Оны алдымыздағы 20 жыл ішінде құралатын ұлттық табыстың 90 процентінен көбі еңбек өнімділігін арттыру нәтижесінде пайда болатыны дәлелдейді.

Еңбек өнімділігін арттырудың ерекше экономикалық мәні барынымынадан да көруге болады: егер біздің өнеркәсібіміз 1980 жылы өндіретін өнім көлемін бүгінгі күнгі еңбек өнімділігімен өндіруге кіріскен болса, онда өндірісте істеуге жоспарда көрсетілген 40 миллион адамның орнына 150 миллион адам керек болар еді. Еңбек өнімділігін халық шаруашылығының барлық саласында, әрбір кәсіпорнында арттыра түсудің ерекше міндет екені осыдан-ақ көрінеді. Н. С. Хрущев жолдас партияның Программасы туралы жасаған баяндамасында: қоғамдық еңбек өнімділігін арттыру — біздің дамуымыздың өлшеуіші және халықтың тұрмысын жақсартудың ең зор қайнар бұлағы, әрбір елдің экономикалық даму дәрежесінің негізгі көрсеткіші, негізгі өлшеуіші деп атап көрсетті.

Коммунизм — адамзат тарихындағы ең жоғары, ең әділ қоғамдық құрылыс. Ол қоғамның өндіргіш күштерін шексіз дамытады, қоғам мүшелерінің ғылыми-техникалық білімін, жалпы мәдениетін капиталистік қоғамда ешуақытта қол жетпейтін дәрежеге көтереді, қоғамдық еңбек өнімділігін де соған сәйкес арттырады. Міне, коммунистік қоғамның өзгешелігі де, артықшылығы да осында.

Егер капитализм ғылым мен техниканың жетістіктерін халық үшін, халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін жұмсай алмайтын болса, коммунизм ғылым мен техника жетістіктерін түгелімен қоғамның өндіргіш күштерін дамытуға, халықтың тұрмысын жақсартып, мәдениетін гүлдендіру мақсатына жұмсайды. Коммунистік қоғам ғылым мен техниканың ең жоғары жетістіктеріне негізделмек, онда ғылым өндіріспен бірігіп, біте қайнайды. Ғылым барған сайын тікелей өндіргіш күшке айналады, ал өндіріс ғылымның технологиялық әдістерді кең қолдануына жол ашады.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау дегеніміз тек жай өндіргіш күштерді ғана дамыту емес, капиталистік қоғамда болмайтын, жаңа сапалы, тек коммунистік қоғамдық құрылысқа ғана лайық өндіргіш күштер жасау болып табылады. Коммунизмнің материалдық-техникалық базасы коммунистік қоғамның жоғары сатысына жеткеннен кейін де дами түспек. Өндірістік жұмыстардың толық механикаландырылып, автоматтандырылуы, ғылым мен техниканың дамытылуы күшейе бермек. Сөйтіп, қоғам дамуының ең күшті қарқыны сол коммунизм тұсында тұмақ.

Кәзір адамзат ғылым мен техниканың революциясы қарсаңында тұрғанын көріп отырмыз. Ол революция атом қуатын халықтар өміріндегі бейбітшілік мақсатқа, яғни оны өндірісте кең түрде қолданумен бірге жүргізілмек. Бұл жөніндегі ең бірінші тәжірибеге Совет Одағы ие болды. Бұл — тәжірибе коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау үстінде онан әрі дами түспек.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жұмысы ең алдымен халық шаруашылығының барлық саласында жаппай қолданылатын еңбек құралдарын өзгертіп, олардың сапасын арттыруды керек етеді. Онсыз қоғамның өндіргіш күштері жедел дами алмайды.



Шынында қоғамның өндіргіш күштерінің қашан да болса жедел дамуы сол еңбек құралдарының үйлесімді өзгеруінен басталады.

Социалистік қоғамның өндіргіш күштерінің даму тәжірибесіне сәйкес, коммунистік қоғамдағы еңбек құралдарының да қандай болатындығын болжап айтуға болады. Ол қоғамның өндірісіндегі еңбек құралын, жұмыстың алуан түрінің бәрін түгел механикаландырып, автоматтандыруға мүмкіншілік беретін машиналар жүйесі болуға тиіс.

Әрине, еңбек құралдарының мұндай түрлерін кең қолдану еңбек өнімділігін де арттыра түседі. Қоғамдық өндірістің мұндай дамыған сатысы: біріншіден, автомат желілер, цехтар және өндіріс орындарының жасалуымен сипатталса, екіншіден, ерекше жоғары немесе төмен қызуда, қатты қысымда, керемет жылдамдықта болатын, орасан қиын жағдайда қолданылағын агрегаттар жасалуымен сипатталмақ.

Осыған орай партияның жаңа Программасында машина жасау өнеркәсібін дамытуға көп көңіл бөлінген. Әралуан автоматикалық және радиоэлектроникалық құралдар, толып жатқан ең өнімді, ең үнемді машиналар, ебдейлі аспаптар мен аппаратуралар өндірісі мейлінше өрістейді. Соның нәтижесінде өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, құрылыста және транспортта ең жақсы машиналар жүйесі қолданылмақ. 20 жыл ішінде Отанымыздың шығыстағы аудандарында жаңадан 2800 машина жасаушы және металл өңдеуші кәсіпорындар салынбақ, 1900 дей ескі заводтар қайта жөнделіп жаңартылмақ. Осы жаңа өнеркәсіп орындарының бірталайы Қазақстанда салынбақ. Оны машина жасаушы және металл өңдеуші өнеркәсіп саласы өнімінің республикамыздың барлық өнеркәсіп өндірісінің жалпы өніміндегі үлес салмағының көп артатынынан-ақ көруге болады. Мысалы, бұл айтылған өнеркәсіп саласы өнімінің үлес салмағы 1958 жылы 8,5 процент болса, 1980 жылы 22—24 процентке жетпек. Қазақстанда күрделі машиналар жасайтын заводтармен қатар электротехникалық, технологиялық құралдар, ауылшаруашылық машиналары мен тіркеу құралдарын шығарушы кәсіпорындар да көп салынбақ.

Бұдан былайғы дәуірде өнеркәсібіміздің дамуындағы бір ерекшелік өндірісте химиялық әдістің кең түрде қолданылуымен сипатталады. Біз Маркстің әрбір жаратылыс затында толып жатқан қасиеттер болуы мүмкін, сондықтан ол зат адамға керек болуы ықтимал, бірақ ол заттың алуан сырын жанжақты ашу және оны тұтынудың әдістерін табу тарихи дамуға байланысты деген дана пікірінің дәл келгенін көріп отырмыз.

Демек, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда химия үлкен роль атқармақ. Совет Одағында 20 жылда химия өнеркәсібінің өнімі 17 есе артпақ. Ал, химия—Қазақстан өнеркәсібінің жаңа өркендеп келе жатқан аса маңызды саласының бірі. Ол республикада ерекше қарқынмен дамымақ. Шамамен айтқанда, химия өнеркәсібі Қазақстанда 1980 жылы 1965 жылға карағанда 7—8 есе өспек. Сөйтіп, республиканың барлық өнеркәсіп өнімінде оның үлес салмағы 9—10 проценттей болмақ. Әсіресе, минералдық тыңайтқыштар, күкірт қышқылы, синтетикалық каучук және жасанды торқалар көп шығарылмақ.

Бұдан былай өндіріс техникасы мен технологиясында болатын өзгерістердің барлығы да электр қуатын пайдалану негізінде жүргізіледі. Ұлы Лениннің елімізді жаппай электрлендіру жөніндегі арманы толық іс жүзіне асырылады. Сондықтан да Програмада елімізде электр қуаты мол өндіру белгіленген. 1980 жылы біздің елде өндірілетін электр қуаты кәзіргі дүние жүзіндегі барлық елде өндірілетін электр қуатынан біржарым есе асып түспек. Совет Одағында 20 жыл ішінде өте қуатты 180 су электр станциясы, әрқайсысының қуаты 3 миллион кило-



ваттық екі жүздей аудандық бу электр станциясы, 260 ірі бу электр орталықтары салынбақ.

Биыл Қазақстанда 13,3 миллиард киловатт-сағат электр қуаты өндіріледі, ол 1932 жылы бүкіл Совет Одағында өндірілген электр қуатымен бірдей. Демек, Қазақстанда электр қуатының өсу қарқыны жалпы одақтағыдан артық, сондықтан оның үлес салмағы да ұдайы артып отырады. Мысалы, 1960 жылы Қазақстанда өндірілген электр қуатының үлесі жалпы одақтық өндірісте 3,5 проценттей болса, 1970 жылы ол 6—6,5 процент, 1980 жылы 7 процент болмақ. Осының нәтижесінде Қазақстан халық шаруашылығының барлық саласын және тұрмыс қажетін электр қуатымен толық қамтамасыз ете алады.

Жиырма жылдық жоспар бойынша отын өндіру саласы да үздік өркендейді. Одақтық көлемде отын өндіру 4 еседей өспек. Бұл жөнінде Қазақстанның да қосатын үлесі үлкен. 1959 жылы Екібастұз бен Қарағандыда 31 миллион тонна көмір өндірілген болса, 1980 жылы Қазақстанда 130—140 миллион тоннадай көмір өндірілмек. Халық шаруашылығын өркендетудің 1962 жылға арналған жоспары бойынша республикада 1 миллион 700 мың тонна мұнай және 40 миллион текше метрдей газ өндірілмек. 1980 жылы Қазақстанда 30—40 миллион тонна мұнай, 41,6 миллиард текшеметр газ өндіріледі. Сөйтіп, Қазақстанның одақ көлеміндегі үлес салмағы: көмірден 11,6 процент, мұнайдан 4,5—5 процент, газдан 5,7 процент болмақ.

Қоғамның өндіргіш күштерінің дамуы металлургия өнеркәсібі өнімдерін өте көп керек етеді. Қара металлургия 1980 жылы 250 миллион тоннадай болат беретін болуы керек, бұл 1960 жылғы өнім көлемінен 4 еседей артық.

Қазақстан бұрын түсті металдар өндіру жағынан елімізде үлкен орын алып келген болса, енді қара металлургияны да күшті қарқынмен өркендете бастады. Совет Одағының үшінші қара металлургия базасы кәзір Қазақстанда орнап жатыр. Қарағандының металлургиялық заводы, Соколов-Сарыбай, Атасу және Қаражал рудниктерімен қатар Қашар және Лисаков кен байыту комбинаты, ферросплав беретін Ермаков заводы сияқты қара металлургия алыптары орнайды. Бұл өндіріс орындары ұлы құрылыстың бастамасы ғана. Осының нәтижесінде республикамызда темір рудасы, шойын, болат және прокат өндіру мықтап ұлғайтылады. Бұл айтылған қара металлургия өнімдерін беру жөнінде Қазақстанның одақтағы үлес салмағы жыл санап арта түспек. Мысалы, 1980 жылы Қазақстанның үлес салмағы шойыннан 5—6 процент, болаттан 4—5 процент, прокаттан 4—5 проценттей болмақ. Түсті металлургияның өндіріс салалары кәзіргі қалпынан 1980 жылы үш жарымнан бес есеге дейін өспек. Жезқазғандағы кен металлургия комбинаты Отанымыздағы ең ірі өнеркәсіп орнының бірі болмақ. Кәзіргі өнеркәсіп орындарын кеңейтумен қатар жаңа рудниктер ашылып, жаңа заводтар салынады. Мыс, корғасын, мырыш, алюминий және сирек кездесетін металдар өндіруде республикамыздың одақтағы үлес салмағы арта түспек.

Республикамызда халық шаруашылығының барлық саласын күшті қарқынмен дамыту құрылыс индустриясының жедел өркендеуіне байланысты. Демек, құрылыс материалдарын өндіруді күшейте түсу қажет болып отыр. Атап айтқанда: цемент, әк, гипс, құрастырмалы темірбетон, шифр тағы басқа толып жатқан құрылыс материалдарын өндіру кең өріс алмақ.

Алдағы 20 жыл ішінде халықтың тұтынуына керекті заттар өндіретін өнеркәсіп салаларының өнімі бес еседей өспек. Жеңіл өнеркәсіп салаларының ішінде мата өнімі үш еседен астам көбейтіліп, жылына 20—22 миллиард метрге жеткізіледі. Әр үйдің мәдени-тұрмысына керекті заттар 10 есе көбейтілмек. Қысқасы, совет адамының тұрмысы жақ-



сарып, оған керекті машина, құрал-сайман, тағы басқа қажетті заттар молшылығы жасалады. Сондықтан жеңіл және тамақ өнеркәсібі салаларына көп қаражат жұмсалады. Жаңадан жүздеген завод пен фабрика салынады. Бұл айтылған өнеркәсіп салалары Қазақстанда да жедел өркендейді. Қазақ ССР Ғылым академиясының Экономика институты қызметкері А. Әзизов жолдастың мәліметі бойынша, мақта-мата шығару 1965 жылы 1957 жылмен салыстырғанда 6,8 есе өссе, 1970 жылы 1965 жылмен салыстырғанда 3,7 есе, ал 1975 жылы 1970 жылмен салыстырғанда 1,5 есе өспек. Сөйтіп, 1957 жылмен 1975 жылдардың арасында мақта-мата Қазақстанда 32,4 есе көбеймек. Әрине, мұндай дәрежеге жету үшін кәзіргі мақта-мата шығаратын өнеркәсіп орындарын кеңейтіп, қайта құрумен қатар жаңадан ірі-ірі 4—5 мақта-мата комбинатын салу қажет.

Ал жүн матасын шығарушы өнеркәсіп саласының даму қарқыны бұдан да шалшаң болады. Қазақстанда аяқ киім және киім тігетін өнеркәсіп орындары көбейтіле береді. 1975 жылға дейін Қазақстанның жеңіл өнеркәсібі саласында шамамен айтқанда жаңадан 70—80 кәсіпорын салынуға тиісті болса, тамақ өнеркәсібінің тек ет, сүт өнімдерін өндіретін 200—250-ден астам кәсіпорын салынады.

Қазақстанның халық шаруашылығын өркендету жоспары бойынша 1962 жылы жеңіл өнеркәсіп саласына 16 миллион сом жұмсалмақ. Бұл өткен 1961 жылдағыдан 1,5 есе артық. Осы қаражаттың көпшілігі Алматыдағы мақта-мата комбинатын, Жамбылдағы былғары комбинатын, Қостанайдағы жасанды торқа комбинатын салуға және Қарғалыдағы шұға комбинатын, Оралдағы былғары заводын тағы басқа өнеркәсіп орындарын кеңейтіп, күшейтуге жұмсалмақ. Осының нәтижесінде жеңіл өнеркәсіп өнімі өткен жылдағыдан 5,7 процент артпақ.

Халықты және өнеркәсіпті ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету үшін оның көлемін алдағы 10 жылдың ішінде 2,5 есе, ал 20 жылдың ішінде 3,5 есе көбейту міндеті алға қойылып отыр. Совет Одағы алғашқы 10 жылдың ішінде ауылшаруашылық өнімінің жан басына келетін мөлшері жөнінде Америка Құрама Штаттарын басып озады.

Бұл мақсатқа жету үшін ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін алғашқы 10 жылдықтың ішінде 2,5 есе, 20 жыл ішінде 5—6 есе арттыру керек. Ол үшін ауыл шаруашылығы өндірісін толық механикаландыратын әрі автоматтандыратын машиналар жүйесін жасау керек болады. Ауыл шаруашылығында техниканың өсуі өндірісті және еңбекті ұйымдастырудың жаңа, озат әдістерін қолдануды керек етеді. Міне, осыдан келіп, ауыл шаруашылығында істеуші еңбеккерлердің мәдени-техникалық білімін көтере түсудің қажеттігі туады.

Қоғам неғұрлым ілгері дамыған сайын ауылшаруашылық ғылымы мен өндіріс озаттарының жетістіктері барған сайын кең тарап, егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдері көбейе түседі. Тың жер көп игеріледі. Құлазыған шөлдер суландырылады, батпақты жерлер құрғатылады, суармалы өгістің көлемі мейлінше ұлғайтылады. Бұл үшін Қазақстанда Ертіс-Қарағанды, Еділ-Жайық сияқты каналдар қазылып, Шу, Сырдария, Іле, Ешім өзендері бөгеледі, үлкен-үлкен су қоймалары жасалады.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы соңғы жылдары зор табыстарға жетті. 1980 жылы 1960 жылғыға қарағанда Қазақстан астықты 3 еседен астам, етті — 7,6 есе, сүтті — 3,5 есе, жүнді — 4,8 есе артық өндіруі керек. Ол үшін қой санын 100 миллионға, ірі қараны 13 миллион 300 мыңға, оның ішінде сауын сиырды 5 миллионға, шошканы 7 миллионға, құсты 50 миллионға, жылқы мен түйені 2 миллионға жеткізу қажет. Басқаша айтқанда, 1980 жылы Қазақстанның мемлекетке сататын астығы 1952 — 1953 жылдары бүкіл Совет Одағындағы



барлық колхоз бен совхоздың елімізге өткізген астығымен тепе-тең болмақ.

Еліміздің мәдени-экономикалық дамуында, халық шаруашылығының барлық саласын өркендетуде жол қатынасы үлкен роль атқарады. Әсіресе Қазақстан сияқты ұлан-байтақ, байлығы мол республика үшін оның маңызы өте-мөте зор. Сондықтан да алдағы 20 жыл ішінде 1960 жылмен салыстырғанда темір жол екі есе, автомобиль жолы 3—4 есе ұзартылмақ.

Жеңімпаз совет халқы партиямыздың дана басшылығымен алдағы 20 жыл ішінде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау үшін қажырлы күрес жүргізіп, қоғамның өндіргіш күштері коммунизм орнатуға керекті дәрежеде өсіп, ұлғаймақ. Сонда коммунизмнің «әркімнен—кабілетіне қарай, әркімге — қажетіне қарай» деген талабын іске асыруға сәйкес материалдық және мәдени игіліктердің молшылығы жасалады.

Совет халқының бұл ұлы мақсат жолындағы ерлік күресіне Қазақстан еңбекшілері де зор үлес қосады.



# Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау — партия мен совет халқының басты экономикалық міндеті

*Қазір партия ұйымдарында Совет Одағы Коммунистік партиясының жаңа Программасын, XXII съезд материалдарын терең оқып үйрену өрістеді. Партиямыздың жаңа Программасын — заманымыздың аса ұлы теориялық және саяси документін кеңінен насихаттап, оны өмірмен байланыстыра оқып үйрену қазіргі идеологиялық жұмыстың ең маңызды міндеті.*

*Насихатшылар мен тыңдаушыларға көмек көрсету мақсатымен төменде үшінші тақырып бойынша методикалық кеңес жариялап отырмыз. Бірінші және екінші тақырыптар жөнінде «Политическое самообразование» журналының 11 номерінен оқуға болады.*

Программаның бірінші бөлімін оқып, үйрену барлық елдің ерте ме, кеш пе коммунизмге өтетінін, дүние жүзі көлемінде капитализмнен социализмге, коммунизмге өту — қазіргі заманның негізгі мазмұны екенін көрсетті. Партия Программасының екінші бөлімінде біздің елде коммунизм орнауының заңдылықтары және оған байланысты партия мен барлық совет халқының алдында тұрған міндеттер әңгіме етіледі. Сонымен бірге Программаның бірінші және екінші бөлімдерінде мынадай жалпы маркстік-лениндік методологиялық принцип қолданылған: коммунистік құрылыстың міндеттері оларды орындауға қажетті объективтік жағдайлар мен мүмкіндіктерге ғылыми талдау жасау негізінде ғана ұсынылып, тұжырымдалады. Осы принципке сәйкес, егер Программаны оқып-үйренуші оның тұжырымдарын, жай ғана жаттап алмай, сонымен бірге оларды қайткенде жүзеге асыруға болатынын айқындаса ғана, ол мәселелерді шешу дәл қазір нәтижеден қажет болып отырғанын, коммунистік құрылыстың Програмада белгіленген орасан зор жоспарын іске асырудың не беретінін түсінсе ғана, Программаны терең ұғынуға қол жетуі ықтимал. Программаны тек осылайша оқып-үйрену ғана әрбір еңбекшінің совет адамдарының алдында тұрған міндеттердің ұлылығын терең сезінуіне, өз істері мен коммунистік құрылыстың келелі міндеттерінің арасында тікелей байланыс бар екенін көруіне көмектеседі.

Партияның жаңа Программасы, Н. С. Хрущевтің Орталық Комитеттің XXII съезге берген есебі және КПСС Программасы туралы жасаған баяндамалары — партиямыздың аса маңызды документтері. Бұл документтер әрбір коммунисті, әрбір совет адамын терең ойландыруға тиіс. Сондықтан да тек үйірмелерде, мектептерде, семинарларда және басқа да саяси оқу түрлерінде өткізілетін сабақтарда алатын біліммен шектеліп қалуға болмайды. Бұл тарихи документтерді өздігінен оқып үйрену — оларды терең ұғып алудың міндетті шарты. Осыған орай, осы методикалық кеңестің мақсаты — Программаның негізгі қағидаларын тезис түрінде баяндап беру емес, насихатшылар мен тыңдаушылардың ондағы өте бай материалды ой елегіне салып жүзеге келтіруіне көмектесу.

Үшінші тақырып бойынша өткізілетін сабақтың жоспарын төмендегіше жасау ұсынылады:

1. Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, коммунистік қоғамдық қатынастардың қалыптасуы және коммунистік қоғамның жанжақты дамыған адамын тәрбиелеу, коммунистік құрылыстың бұл негізгі міндеттерінің өзара байланысы мен бірлігі.

2. Қоғамдық еңбектің өнімділігін арттыру — коммунизм орнатудың негізгі шарты.

3. Өнеркәсіптің өркендеуі және оның коммунистік қоғамның өндіргіш күштерін жасаудағы ролі.

3. Қазақстан коммунисті», № 1.

1206365



4. Жанжақты дамыған және жоғары өнімді ауыл шаруашылығы — коммунизм орнатудың міндетті шарты.

5. Халық шаруашылығына басшылық ету мен жоспарлауды үнемі жетілдіре беру қажеттігі.

Методикалық кеңес саяси экономия мен нақты экономиканы оқып үйренетін үйірмелердің тыңдаушыларына да арналған, олар үшін үшінші тақырып бойынша алты сабақ өткізілуі көзделіп отыр. Біздіңше, әрбір мәселені әр сабақта талқылап, талдау тиімді, ал соңғы сабақта оқудың қорытындысын шығарып, мынадай екі негізгі сұраққа жауап берген жөн:

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудағы басты да негізгі міндеттер қандай?

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың әлеуметтік-экономикалық нәтижелері қандай?

Үшінші тақырып бойынша үш сабақ өткізілуге тиісті бастауыш экономикалық мектептер мен үйірмелерде, саяси мектептерде, КПСС тарихын, марксизм-ленинизм негіздерін, ағымдағы саясатты оқып үйренетін үйірмелерде мынадай тәртіп белгілеуге болады: бір сабақты алғашқы екі мәселеге, бір сабақты қалған үш мәселеге арнаған жөн, ал үшінші сабақта жоғарыда көрсетілген екі мәселеге көбірек көңіл бөле отырып, оқуды қорытындылау керек. Маркстік-лениндік философияны оқып-үйрену жөніндегі үйірмелерде (екі сабақ), әртүрлі семинарларда (бір сабақ) әлгіндегі айтылған екі мәселені талқылауды ұйымдастырған дұрыс.

## 1. КОММУНИЗМНІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫН ЖАСАУ, КОММУНИСТІК ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ КОММУНИСТІК ҚОҒАМНЫҢ ЖАНЖАҚТЫ ДАМЫҒАН АДАМЫН ТӘРБИЕЛЕУ, КОММУНИСТІК ҚҰРЫЛЫСТЫҢ БҮЛ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІНІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ МЕН БІРЛІГІ

Бұл негізгі мәселелердің өзара байланысына арнайы тоқталудан бұрын, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау деген не, сол сияқты коммунистік қоғамдық қатынастар дегеннің мәні неде, коммунизм тұсындағы адамдардың жанжақты дамуын қалай түсінуге болады, деген сұрақтарға берілетін жауаптан жалпы хабарлар болу қажет.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасы дегеннің не екеніне Программаны жанжақты сыпаттама берілген. Бұл жөнінде ойлана отырып, ол базаны атап-атап айтылған барлық элементтері мен салаларының бөлінбестей бірлікке, былайша айтқанда, оның коммунизмнің материалдық-техникалық базасы боларлықтай көлемде алынғанына назар аудару керек.

Әрине, капитализм тұсында қоғамның материалдық-техникалық базасының кейбір элементтері (мысалы, өндірістің жеке саласы) едәуір дамуы мүмкін. Бірақ капиталистік елдерде өндіріс техникасының белгілі бір саласы алға басып кетсе де, олардың коммунизмге лайықты дәрежеде өзара үйлеспеуі мүмкін. Коммунизм тұсындағы қоғамның материалдық-техникалық базасы өндіріс салаларының жоғары дәрежеде жай ғана дамуымен емес, олардың өзара үйлесімді дамуымен ерекшеленеді. Дәл сондықтан да мұнда еңбек өнімділігінің капитализм тұсындағыдан анағұрлым жоғары болуына мүмкіндік мол, ал мұның өзі коммунизмнің материалдық-техникалық базасының кемеліне келу дәрежесінің экономикалық көрсеткіші болып табылады.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау адамдардың барлық өскелең материалдық және мәдени қажеттерін қанағаттандыруды көздейді.

Н. С. Хрущев жолдас Программа жөнінде жасаған баяндамасында, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау не береді, деген сұраққа жауап бере келіп, былай деді: ол біздің елдің өндіргіш күштерінің бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде дамуына, сөйтіп жан басына өнім өндіру жөнінде дүние жүзінде бірінші орынға шығуына мүмкіндік береді; еңбек өнімділігін барынша арттыруды, адамдарды әбден жетілдірілген техникамен қарулаудыра отырып, олардың еңбегін шын мәнісіндегі творчествоға айналдыруды қамтамасыз етеді; совет адамдарының барлық қажеттерін қанағаттандыру үшін материалдық игіліктерді өндіруді жанжақты дамытады; социалистік өндірістік қатынастарды бірте-бірте коммунистік қатынастарға ұластырады; тапсыз қоғам құрады, қалалар мен деревнялардың арасындағы, ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы елеулі айырмашылықтарды жояды.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жөніндегі біздің жоспардың нақтылығы неге негізделген? Ол мынадай аса ірі жетістіктерге: а) еліміздің техникалық прогресі мен экономикалық күш-қуатының негізі болып саналатын ауыр индустрияның оза өсуіне, б) социалистік қоғамдық қатынастардың мейлінше дамуына негізделген. Бұл алғышарттарға талдау жасалуға тиіс.

Өнеркәсіптің дамуындағы алғышарттарды талқылай отырып, совет халқының, әсіресе партияның XX съезінен кейінгі уақытта қол жеткен табыстардың маңызын айқындай түсу қажет. Осыған байланысты, партияның Орталық Комитетінің XXII съезге жасаған есепті баяндамасында келтірілген (52—65-беттерді қараңыз), біздің қо-



қамның материалдық-техникалық базасының орасан зор өскенін сипаттайтын мәліметтерге зер салған дұрыс. Онда өнеркәсіпте, құрылыста және транспортта болған елеулі де сапалы өзгерістер айтылған, мұның өзі біздің қоғамның материалдық-техникалық базасының әралуан элементтерінде болған нақтылы өзгерістерді аңғаруға мүмкіндік береді. Баяндамада партияның XXI съезі қабылдаған коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда алғашқы алып адым болып саналатын жетіжылдық жоспардың маңызы ерекше атап көрсетілген.

«Жетіжылдық жоспардың орындалуы, — делінген XXII съездің КПСС Орталық Комитетінің есебі бойынша қабылдаған қарарында, — Совет Одағының экономикасын халықтың жан басына өнім өндіру жөнінде де Америка Құрама Штаттарын басып озу үшін онша көп уақыт керек болмайтын белеске жеткізеді. Мұның өзі социализмнің капитализммен күрестегі бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңісі болады».

1980 жылы, коммунизмнің материалдық-техникалық базасы жасалған кезде, өндіргіш күштердің даму дәрежесін көзге нақтылай елестету үшін партияның Программасы жөніндегі баяндамада келтірілген, 1960 және 1980 жылдар арасындағы кейбір нақтылы және цифрлы мәліметтерді (29—41-беттерді қараңыз) салыстырған пайдалы.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың қоғамдық қатынастар саласындағы алғышарттары СССР-де социализмнің толық және түпкілікті жеңуі, экономикалық қатынастарды, өндірісті ұйымдастыруды үнемі жетілдіру, еңбекшілердің саналылығының өсуі, олардың творчестволық белсенділігі, коммунистік еңбектің жаңа түрлерінің қалыптасуы болып табылады. Мұның бәрі, әрине, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауды тездетеді. Осыған байланысты, партияның өнеркәсіп пен құрылысты басқаруды қайта құру, колхоздарды нығайту, МТС-терді, Ауыл шаруашылығы министрлігін қайта құру, тағы басқалар жөніндегі белгілеген шараларының орасан зор маңызын айқындау пайдалы. КПСС Орталық Комитетінің XXII съезге жасаған есебінде партияның XX съезден кейін атқарған қызметі жайында, өнеркәсіп пен құрылысты басқаруды қайта құрудың халық шаруашылығын онан әрі өркендетудегі маңызы туралы, ауыл шаруашылығының өндіргіш күштерін дамытудағы неғұрлым маңызды және түйінді мәселелер жөнінде кең айтылған (52—64 және 72—84-беттерді қараңыз).

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың негізгі жолы мен бағыты Программаларда белгіленген. Онда өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы салаларын онан әрі өркендету, халық шаруашылығына басшылық ету, ұйымдастыру, жоспарлау ісін жетілдіре беру туралы нақтылы нұсқаулар берілген. Еселті баяндамада (65—72 және 85—92-беттерді қараңыз), Программалар жөніндегі баяндамада (34—41 және 44—65-беттерді қараңыз) бұл мәселелерге терең талдау жасалған және көптеген нақтылы мәліметтер келтірілген. Программаның бұл тарауларында және Н. С. Хрущевтің баяндамаларында алға қойылған міндеттерді осылай егжей-тегжейлі талқылаудың пайдалы үшінші тәқырыптың одан соңғы мәселелерін әңгіме еткен кезде де қажет болады. Мұндары міндет — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың жалпы бағыттары туралы хабарлар болу.

Мұндай жалпы бағыттар ретінде мыналарды көрсетуге болады: өндіріс жұмыстарын түгел механикаландыру мен автоматтандыруға қажетті машиналардың жүйесін жасау; пайдаланатын шикізаттар мен материалдардың сапасын жақсартып, түр-түрін көбейту; өндіріс пен тұрмысты толық электрлендіруге бағыт ұстау; химия индустриясын дамыту және өндірісті химияландыру; ауыл шаруашылығы еңбегін өзінің ғылыми-техникалық жарактануы жағынан толық механикаландырылған және автоматтандырылған индустриялық еңбектің бір түріне айналдыру.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың негізгі бағыттарын талқылағаннан кейін коммунистік қоғамдық қатынастар туралы және адамдардың жанжақты дамуы жөніндегі мәселелерге көшуге болады. Бұл мәселелер жөнінде арнайы сабақ өткізілетін болғандықтан, олардың мәні жайында жалпы хабарлар болу үшін, әсіресе кәзір коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың неліктен негізгі міндет болып табылатынын айқын ұғыну үшін тоқталып өткен жөн.

Коммунизм — тапсыз қоғамдық құрылыс, онда өндіріс құрал-жабдығына бірыңғай жалпы халықтық меншік орнығады, қоғамның барлық мүшесі толық әлеуметтік теңдікте болады. Егер социалистік қоғамдық қатынастарға еңбекке қарай бөлу принципі тән болса, коммунизм тұсында «әркімнен — қабілетіне қарай, әркімге — керсегіне қарай» деген принцип қолданылады. Бұл талап коммунизм жөнінде Программаларда берілген анықтамадан туып отыр. Ол мұнан кейін қала мен деревня арасындағы айырмашылықтың жойылуына, еңбекке коммунистік көзқарастың қалыптасуына байланысты мәселелерде, социалистік мемлекеттің колхоздар жөніндегі саясатын әңгіме етуге, колхоздардың ішкі қатынастарын жетілдіре беруге байланысты мәселелерде айқындала түседі.

Коммунистік қоғамдық қатынастардың қалыптасуы енді біздің алда тұрған практикалық міндет болып отыр. Бұл мәселе неліктен ертеде емес, дәл кәзір қолға алынды? Оның себебі, бұл үшін белгілі бір алғышарттар қажет болды. Атап айтқанда, елімізде социализмнің толық жеңуін қамтамасыз етпейінше, осы заманғы техникаға негізделген социалистік халық шаруашылығын жоғары дәрежеде дамытпайынша, халық бұқарасының ғылыми-техникалық дәрежесін көтермейінше, социалистік қоғамның жалпы еңбеккерлерінің алға қойылған мәселелерді шешудің мүмкін екенін және оның



дер кезінде ұсынылып отырғанын ұғынуына қажетті жоғары саналылығы болмайыша, бұл міндетті күн тәртібіне қоюға болмады.

Социализм-коммунизм — коммунистік формацияның екі сатысы. Олардың арасында өтуге болмайтындай тосқауыл жоқ. Алайда, тарихи дамудың бір кезеңінен екінші кезеңіне беталды ырғып өтуге болмайды, социализм орнатпайынша, оның жеңісі өмірдің барлық саласында баянды етпейінше, коммунизм құрылысына өтуге болмайды, сонымен бірге, егер дамудың келесі кезеңіне өтуге қажетті алғышарттар өсіп жетілген болса, онда бір жерде тұра беруге де болмайды, қоғамның үдемелі қозғалысын жасанды түрде кідіруге де болмайды. «Ғылыми коммунизмнің партиясы болып табылатын КПСС, — делінген жаңа Программда, дамудың қажетті сатыларын аттауға болмайтынын, дәл сондай-ақ қол жеткен дәрежеде тұрып қалуға, алға басуды тежеуге болмайтынын басшылыққа ала отырып, коммунистік құрылыстың міндеттері материалдық және рухани алғышарттардың әзір болуы және пісіп жетілуі дәрежесіне қарай алға қойып, орындап отырады».

Коммунистік қоғамдық қатынастарға өту үшін қажетті ең негізгі, ең басты шаршау не?

Партияның жаңа Программасы бұл міндетті шешудің негізгі шарты еліміздің өндіргіш күштерін онан әрі өсіру, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау деп есептейді. КПСС Орталық Комитетінің XXII съезге жасаған есепті баяндамасында атап көрсетілгеніндей, «Материалдық-техникалық база жасалғанда, адамдардың саналылығы жоғары дәрежеге жеткенде, социализм принциптерінің прогресті мүмкіндіктері әбден дамып, толық кемеліне келгенде — тек сонда ғана коммунистік принциптерге көшуге мүмкін болады». Ол жөнінде Программа туралы баяндамада д. (79—81-беттерді қараңыз), XXII съездің КПСС Орталық Комитетінің есебі бойынша қабылдаған қарарында да айтылған.

Бұл жөніндегі барлық материалды бірнеше негізгі мәселе маңына топтап, жүйеленген жөн. Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, коммунистік қоғамдық қатынастарға өтудің аса маңызды алғышарты болып табылады. Тек сонда ғана біздің қоғамның өндіргіш күштері өте жоғары дәрежеде дамып, мынадай проблемалардың шешілуіне мүмкіндік туады: социалистік меншіктің екі түрі қоғамдасу дәрежесі жағынан онан әрі жақындай түседі, бұдан соң олар бірігеді, сөйтіп, барлық өндіріс құрал-жабдығына бірыңғай жалпы халықтық меншік қалыптасады; қалалар мен деревнялардың, ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы елеулі айырмашылықтар бірте-бірте жойылады; еңбек барлық еңбекші бұқараның ең бірінші өмірлік қажетіне айналады; азық-түлік өнімдерінің және халық тұтынатын заттардың молшылығы жасалады және осы негізде өнімді коммунистік принциппен бөлу тәсіліне көшуге болады.

Адамдардың жанжақты дамуы жөніндегі мәселені талдай келіп, бірінші кезекте өндіріс қызметкерлерінің жанжақты дамитыны туралы әңгіме еткен дұрыс. Ондай қызметкерлер үздіксіз ғылыми-техникалық прогрестің, еңбектің сипаты өзгеруінің барысында, оның мамандығының өсуіне, ғылыми-техникалық жағынан қарулануына байланысты пайда болады. Мұның өзі ғылыми-техникалық білімді дамытудың партия белгілеген орасан зор программасын жүзеге асыруды керек етеді. Программда коммунизм тұсындағы адамдардың жанжақты дамуы жөніндегі мәселе ой еңбегі мен дене еңбегінің жақындауы туралы, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы ғылыми-техникалық прогресс негізінде еңбектің сипаты өзгертіндігі туралы, еңбекшілердің ғылыми-техникалық дәрежесінің өсетіндігі туралы мәселелерге байланыстырыла айтылады. Программа осы заманғы өндірістің ғылыми-техникалық негізін меңгерген маман қызметкерлердің шығуы игі тілектің нәтижесі ғана емес екенін, ондай қызметкерді өндірістің өзі талап ететінін атап көрсетті. Дәл сондықтан да жанжақты дамыған қызметкерлердің пайда болуы коммунизмге бара жатқан қоғамның материалдық-техникалық базасын жасаумен өте тығыз байланысты.

Одан соң Программа болашақ коммунистік қоғамның адамына тек жанжақты дамыған қызметкер деп қана қарамайды, сонымен бірге оған кең мағынада — рухани байлықты, моральдық тазалықты, дене шынықтыру жағынан жетілгендікті өз бойына үйлесімді етіп жинақтаған адам деп қарайды. Осылайша үйлесімді даму адамының әбден ысылған қызметкер болумен қатар, оның ғылыми көзқарасын, коммунистік қоғам адамының моральдық кодексіндегі барлық талаптарды өзінің ішкі қажетіне айналдыруын, нағыз интернационализм рухында болуын; оның санасында ескіліктің ешқандай қалдығы сақталмауын; көркемдік талғамы жоғары және өнер мен әдебиет саласында білімі болуын; қоғамдық жұмыстардың әралуан саласына (өзін өзі басқару органдарына және басқа да қоғамдық ұйымдарға, балаларды тәрбиелеуге тарты басқаларына) қатысуға қажетті білімі мен ептілігі болуын; дене шынықтыру ісін үнемі жетілдіріп отыруға ұмтылуын керек етеді.

Осы айтылғандардың бәрінен тәрбие жұмысы жөнінде партиямыз белгілеген жүйелі міндеттер туады, оны іске асыру коммунистік құрылыстың қазіргі ең маңызды міндеттерінің біріне айналып отыр. Оның үстіне «Адамды еңбек етуге даярлау, адамдардың еңбекте шынығуы, оны өмірдің ең бірінші қажеті болып отырған еңбекті сүй және құрметтеу рухында тәрбиелеу — коммунистік тәрбие жөніндегі бүкіл жұмыстың асыл мәні, өзегі» болып табылады.



Егер коммунистік қоғамдық қатынастарға өту ең алдымен коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға байланысты болса, егер өндірістің жанжақты дамыған қызметкерінің шығуы да ол базаны жасаумен табиғи байланысты болса, онда шын мәнісінде үйлесімді дамыған адам коммунистік қоғамдық қатынастар орныққан жағдайда ғана өсіп жетіле алады.

Шынында да өнеркәсіп пен техниканың дамуы тек қоғамдық меншік үстемдік еткенде ғана, тек социалистік қоғамдық қатынастар жағдайында ғана еңбекшілердің тұрмыс жағдайы дәрежесін үздіксіз арттыруға, еңбек жағдайын жақсартуға, жұмыс күнін қысқартуға және олардың бос уақытын көбейтуге, мәдени мекемелер салуға, бұқаралық спортты дамытуға, тағы басқаларды жасауға мүмкіндік туады. Ал мұның өзі—адамды жетілдіре түсудің, оның үйлесімді дамуының міндетті шарттарының бірі. Тек социалистік өндірістік қатынастар өмірге терең орнығуының нәтижесінде ғана, еңбек ету жағдайының өзі адамдарды коммунистік мораль талабының (коллективизм, жолдастық өзара көмек және қолдау, дәйекті интернационализм) рухында тәрбиелеудің шешуші факторы бола бастаған кезде ғана жаңа адамның моральдық кодексі жалпы нормаға айнала бастайды. Тек социалистік коммунистік қоғамдық қатынастар тұсында ғана дүниеге бірден-бір ғылыми, маркстік-лениндік көзқарас қоғамның барлық мүшесінің рухани өмірінің идеялық негізі және бөлінбес бөлегі бола алады. Ақырында, тек социалистік демократия жағдайында ғана бұқараның өздігінен істеу қабілетінің артуына, олардың қоғамдық қызметке белсене қатысуына мүмкіндік туады, демек, ол кезде халық ісін басқару шеберлігіне қоғамның барлық мүшесінің қолы жететіндей жағдай жасалады.

Көріп отырсыздар, коммунистік құрылыстың үш негізгі міндетінің бәрі бірі мен бірі тығыз байланысты, диалектикалық бірлікте болып отыр. Және солардың ішіндегі ең шешуші міндет—сайып келгенде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау міндеті болып табылады.

## 2. ҚОҒАМДЫҚ ЕҢБЕКТІҢ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУ — КОММУНИЗМ ОРНАТУДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТЫ

Совет Одағы Коммунистік партиясының Программасы туралы баяндамасында Н. С. Хрущев былай деді: «Өндірістің коммунистік дәрежесіне жету үшін еңбек өнімділігінің шешуші маңызын біз толық түсінуге тиіспіз. Қоғамдық еңбектің өнімділігін арттыру — біздің прогресіміздің өлшемі және адамдардың тұрмыс дәрежесі артуының аса маңызды көзі, міне осы. Мәселені бұдан басқаша қоюдың қандайы болса да бос сөз». (40-бет). Жоспарлау органдарының дерегі бойынша, 1961—1980 жылдардағы ұлттық табыстың 90 проценттен астамы еңбек өнімділігін арттыру есебінен қамтамасыз етілмек.

Еңбек өнімділігінің өсуі неге байланысты және оның негізгі жолдары қандай?

Бұл сұраққа Программада жауап берілген. Программада еңбек өнімділігін арттыруға әдейі арналған бөлімнің жоқтығына қарамастан, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының даму болашағын, халық шаруашылығы мен жоспарлауға басшылықты жетілдіре беруді сөз еткен жерлердің бәрінде де, түптеп келгенде осы мәселеге қатысы бар жайлар айтылған. Өйткені, белгіленген барлық міндеттің орындалуы еңбек өнімділігінің өсуіне тікелей байланысты. Бұл мәселе Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің партияның XXII съезіне жасаған есебі (65—67 және 92—93-беттер) мен партия Программасы туралы баяндамада (29—66 және 79—86-беттер) жанжақты қамтылған.

Еңбек өнімділігінің артуына қажетті бірінші және ең негізгі шарт — ғылыми-техникалық прогресс және еңбектің техникалық жағынан жарақтандырылуының өсуі болып табылады. Бұл жалпы жағдайды нақтылай түсу үшін техникалық прогрестің негізгі бағыттарын түсіндіріп алу қажет. Бұл бағыттар мыналар: өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, құрылыста, транспортта жұмыстың барлық түрін толық механикаландыру; автоматтандыру, әсіресе ауыр жұмыстарды автоматтандыру; бүкіл елді электрлендіру және өндірістің энергетикалық базасын бұдан былай да ұлғайту; электр қуатымен жарақтандыруды арттыру, әсіресе еңбекті электр қуатымен толық жарақтандыру; өндірісті өсіру және халық шаруашылығында сапасы жоғары, өндірісте аз шығын жұмсалатын жаңа материалдарды пайдалану; өндірісті химияландыру; кәсіп-орындарды мамандандыру мен кооперативтендіруді дамыту; ғылым прогресін және оның технологиялық қолданылу дәрежесін арттыру.

Бұл жалпы бағыттың жеке өндіріс салаларында өзіне тән ерекшеліктері болады. Мысалы, ауыл шаруашылығы еңбек өнімділігінің өсуі жайлы мәселені сөз еткенде, егіншілік пен мал шаруашылығындағы ғылыми жағынан негізделген жүйенің жасалуы, агрономиялық және биологиялық ғылымның күрделі жетістіктерінің пайдаланылуы, ирригация құрылысының дамуы сияқты тағы басқа факторлардың маңызын атап өтпеске болмайды.

Сондай-ақ техникалық прогрестің өндіріс технологиясын, еңбекті ұйымдастырудың формасын өзгертуді қажет ететінін есте сақтаудың маңызы зор. Сонымен бірге



техникадағы үлкен өзгерістерге қарамастан, өндіріс технологиясын, әрбір кәсіпорның дағы еңбекті ұйымдастыруды жақсарту еңбек өнімділігін арттырудың негізгі резерві болып табылады.

Техниканы дамытудағы, өндірісті ұйымдастыру мен технологияны жетілдірудегі табыстар тек күрделі қаржының мөлшеріне ғана байланысты емес, қайта сол қаржының тиімді жұмсалуына байланысты. Сондықтан да коммунизмді миллиондаған адамдар өз қолымен құрып жатқан жағдайда еңбек өнімділігінің өсуі жаппай жаңашылдық пен өнертабысқа, өндіріс жұмысшыларының саналылығына, олардың коммунизмнің материалдық-техникалық базасын шапшаң жасау жолындағы ынта-жігеріне тікелей байланысты. Міне осыдан барып, еңбек өнімділігін арттырудың аса маңызды бір шарты — еңбек нәтижесіне материалдық жағынан ынталылық туады.

Қоғамдық еңбек өнімділігінің артуы сол тәрізді халық шаруашылығына жасалатын басшылық түрлеріне, жоспарлауды жетілдіруге де байланысты. Бұл жердегі негізгі міндет — күрделі құрылысқа деген қаржының тиімді пайдаланылуында, әрбір еңбек учаскесінде үнемделуге тиісті қаржы мен материалдың барлық резервтерін іздеу табыда болып отыр. Бұл мәселенің мазмұнын аша түсу үшін КПСС Орталық Комитетінің партияның XXII съезіне жасаған есепті баяндамасының социалистік экономиканың резервтерін пайдалану мен еңбек өнімділігін арттыра түсу туралы айтылған екінші бөлімін терең оқып ұғыну қажет. Бұл мәселелерді сөз өткенде әркім өзі жұмыс істейтін кәсіпорны мен колхозының жұмыс практикасын көрсететін нақты материалдарды пайдаланғаны орынды болады.

«Еңбек өнімділігін арттыру, — делінген партияның XXII съезінің қарарында, — коммунистік құрылыстың саясаты мен практикасының түйінді мәселесі, халықтың әл-ауқатын арттырудың, еңбекшілер үшін материалдық және мәдени игіліктердің молшылығын жасаудың даусыз шарты» (19-бет).

Бұл екінші мәселені оқуды аяқтай келіп, коммунизмнің материалдық-техникалық базасы сыпаттамасына тағы бір рет қайта айналып соғу қажет болады. Бұрынғы-қарағанда еңбек өнімділігі мәселесін жете талдау, капитализм тұсындағыдан анағұрлым жоғары еңбек өнімділігінің енді неліктен коммунизм құру үшін міндетті шартқа айналып отырғанын жақсы түсінуге негіз жасайды. Капитализм тұсындағыдан әрі жоғары, әрі ұдайы артып отыратын еңбек өнімділігі—коммунистік өндірістің жоғары мәдениетінің жинақталған шешуші көрсеткіші.

### 3. ӨНЕРКӘСІПТІҢ ӨРКЕНДЕУІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КОММУНИСТІК ҚОҒАМНЫҢ ӨНДІРГІШ КҮШТЕРІН ЖАСАУДАҒЫ РОЛІ

Осы мәселені және жоспарда көрсетілген келесі мәселелерді оқуға байланысты баяндалуға тиісті аса маңызды анықтамалар Программа мен Н. С. Хрущев жолдас тың XXII съезде жасаған баяндамаларында бар. Біз ол анықтамаларға коммунизмнің материалдық-техникалық базасы және еңбек өнімділігі туралы мәселелерді оқығаннан бері таныспыз. Ендігі міндет өнеркәсіптің өркендеуіндегі негізгі бағыттарды жеті талдай түсуде болып отыр.

Ең алдымен мына сұраққа жауап берейік: коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға ауыр өнеркәсіптің өркендеуінің негіз болатын себебі не? Өйткені өнеркәсіптің басқа салаларын, құрылысты, транспортты, байланысты, адамдардың тікелей тұрмыс қажетіне қызмет ететін салаларды, денсаулық сақтау, коммуналдық тұрғын үй шаруашылығын техникалық қайта жарактандыру тек ауыр индустрия негізінде ғана іске асатын нәрсе. Мұнсыз адамдардың өмірлік қажетін қанағаттандыруға, Отанның қорғаныс қуатын нығайтуға болмайды.

Коммунизм орнату жолында өнеркәсіптің өркендеу сипаты қандай болмақ? Бұл сыпаттаманы өнеркәсіп құрылымындағы прогрестік өзгерістерден (неғұрлым болашағы зор салалар ролінің өсуі, ең жоғары нәтижелер беретін отынның, энергия мен шикізаттың түрлерін тиімді пайдалану, өндірісте қолданылатын синтетикалық материалдар үлес салмағының артуы тағы басқалар); электр қуаты өндірісінің оза өсуінен соның негізінде еңбектің электрмен жарактандырылуынан, транспортты, ауыл шаруашылығын жаппай электрлендіруден, СССР-де бірыңғай энергетикалық жүйе жасаудан; металл мен отынды шапшаң көбейтуден, химия өндірісінде шикізат үшін мұнай мен газды барған сайын көп пайдаланудан; халық тұтынатын заттар, жетілдірілген және арзан өндіріс құрал-жабдықтарына деген ел қажетін өте алатын химия өнеркәсібін барынша дамыта беруден; бүкіл халық шаруашылығын техникалық жағынан қайта жарактандыру үшін, әсіресе автомат линиялар мен машиналарды, автоматика құралдары өндірісін жылдамдату үшін бірінші кезектік маңыз ерекше машина жасау өндірісін дамытудан көруге болады. Соңғы жағдайды ерекше атап өту қажет болады, өйткені барлық техникалық прогрестің ең басты бағыты өндірісті толық механикаландыру мен автоматтандыру болып табылады. «Коммунизм орнату жағдайларында, — делінген КПСС Программасы туралы баяндамада, — автоматтандыру машиналы техниканы дамытуда жаңа заман ашады» (34-бет).

Одан әрі қарай, өнеркәсіп прогресі өзінің жарқын сыпаттамасын құрылыс индустриясын бұдан былай да жетілдіре беруден, халық тұтынатын заттар өндірісін шап



шандатудан, транспортпен байланыстың барлық түрін дамытудан табады. Өнеркәсіпті орналастыруда көп келелі өзгерістер болмақ; бұл өзгерістер кәзірдің өзінде Уралдың шығыс аудандарында жүзеге асырылуда. Ең соңында өндірісті дамытуда ғылымның зор көлемде ролі артуының принциптік маңызы бар, ғылым шын мәнісінде тікелей өндіргіш күшке айналады, шаруашылықтың барлық саласында озық технология қолданылатын болады, кәсіпорындардың мамандандырылуы мен кооперативтенуіне кең жол ашылады. Осындай өзгерістердің нәтижесінде қоғамдық еңбекті ұйымдастырудың кәзіргімен салыстырғанда бұрын болып көрмеген аса жоғары дәрежесіне қол жетеді.

«Социалистік өндірістің — үнемі алға ұмтылып, өсіп өршіп отыратын революциялық өндірістің табиғатына, — деді Н. С. Хрущев жолдас партияның XXII съезінде жасаған есепті баяндамасында, — кертартпалық, бір жерде тұралап тұрушылық жат нәрсе. Біздің елде ғылым мен техника жасап шығарып жатқан нәрсенің бәрін неғұрлым тез және сарқа пайдалануымыз қажет. Шет елдердің тәжірибесі көрсетіп отырған жақсы нәрселердің бәрін батыл қолдануымыз, өндірісті мамандандыру мен кооперативтендіруді кеңінен өрістетуіміз, өндірісті толық механикаландыру мен автоматтандыру қарқынын шапшандатуымыз қажет» (66-бет).

Біздің өнеркәсіптің жиырма жылдағы даму болашағын сыпаттайтын жоғарыда аталған кезеңдерді оқу барысында, КПСС Программасы туралы баяндамада келтірілген көптеген нақты материалдарды шебер пайдаланса, оны меңгеру де оңай болады. Қолайлы болу үшін онда келтірілген 1960—1980 жылдардағы өнеркәсіп дамуының көрсеткіштерін, біздің кәзір Программаға сәйкес бөліп көрсеткеніміздей пункт-пунктке топтастырып алуға болады.

Сонымен қатар бұл жерде аса маңызды жағдай Н. С. Хрущев көрсетіп берген мәселенің бір жүйелілігін естен шығаруға болмайды. «Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау өндіріс технологиясы мен мәдениетінің, оны ұйымдастырудың жаңа дәрежесіне көшуді, шоғырландыру, мамандандыру, комбинаттау және кооперативтендіру процестерін онан сайын дамытуды көздейді» дегенді атап айта келіп, ол алдымен өндірісті толық механикаландыру мен автоматтандыруға арналған машиналар жүйесінің дамуына тоқталады. Содан кейін барып электрлендіру мәселесі талданады, оның маңызы мен ролі айтылады, содан соң барып техникалық прогрестің кейбір басқа жақтары сөз болады. Бұл мәселені осындай тәртіппен талдау кездейсоқ емес: өнеркәсіп пен техникадағы революция әрқашан да еңбек құралындағы, машинадағы өзгерістен басталады.

#### 4. ЖАНЖАҚТЫ ДАМЫҒАН ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ӨНІМДІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ — КОММУНИЗМ ОРНАТУДЫҢ МІНДЕТТІ ШАРТЫ

Ауыл шаруашылығы саласында партия Программасы екі негізгі міндетті алға қояды: 1) халық үшін жоғары сапалы азық-түлік өнімдерінің, өнеркәсіп үшін шикізат молшылығын жасау; 2) совет деревнясының коммунистік қоғамдық қатынастарға бірте-бірте көшуін қамтамасыз ету және қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықты негізінен жою. Бұл міндеттердің екіншісімен біз аздап таныстық. Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау мәселесіне байланысты біз бірінші міндетпен жалпы да болса таныстық. Енді оны неғұрлым толық зерттеп қарауға тура келеді.

Материалды оқып-үйренуді: ауыл шаруашылығын өрге бастырудың басты жолдары, негізгі бағыттары қандай деген бір мәселенің, біздің пікірімізше, ең маңызды мәселенің төңірегінде ұйымдастырған жөн.

Ауыл шаруашылығын өрге бастырудың басты жолы—оны жанжақты механикаландыру және үдете күшейту. Мұның соңғысы ғылым мен озат тәжірибе негізінде ауыл шаруашылық өндірісінің барлық саласының мәдениетін жоғары дәрежеге жеткізуді, еңбек пен қаржыны барынша үнемдеп жұмсау жолымен барлық дақылдың түсімділігін, мал шаруашылығының өнімділігін шұғыл арттыруды көздейді. Демек, ауыл шаруашылығын өрге бастырудың жолдары туралы айтқан кезде, тек механикаландыру мәселесімен шектеліп қалуға болмайды, биология және ауылшаруашылық ғылымдарының жетістіктері мен озат тәжірибені қолдану негізінде ауыл шаруашылығын үдете күшейтудің өте қажет екенін де атап көрсету керек.

Әлбетте, ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін арттырудың негізі — оны механикаландыру, автоматика құралдарын пайдалану, электрлендіру. Тек осы негізде ғана шаруашылықтың барлық саласы техникалық жағынан қайта қаруланатын, еңбек пен өндірісті ұйымдастырудың неғұрлым тиімді әдістері қолданылатын болады. «Қолхоздар мен совхоздарда еңбек өнімділігі дене еңбегі есебінен емес, ауыл шаруашылығын неғұрлым жетілдірілген техникамен онан әрі қаруландыру есебінен арттырылуға тиіс. Барлық колхоз бен совхозды ауыл шаруашылығы өндірісінің озық технологиясына сай келетін машиналардың комплексімен ең қысқа мерзімде қамтамасыз ету, дәнді дақылдарды жинаудың неғұрлым озық тәсілдерін қолдануға, жүгері, мақта, зығыр, қайт қызылшасын, картоп өсіруді толық механикаландыруға керекті машиналар-



ды, сондай-ақ мал шаруашылығындағы жұмыстарды механикаландыруға керекті техниканы жасауды ерекше қамқорлыққа алу қажет» (Программа жөніндегі баяндама, 60—61-беттер).

Ауыл шаруашылығын үдете күшейту мәселесі — бұл мол, тұрақты және үнемі көбейіп отыратын өнімді қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығын табиғи жағдайға тәуелді етпеу мәселесі. Программада бұл мәселені шешу үшін істелетін жұмыстардың барлық басты бағыты атап көрсетілген; олар мыналар: еліміздің барлық ауданында екіншілік пен мал шаруашылығының ғылыми негізделген жүйесін енгізу; ауыл шаруашылығын ғылыми негізде орналастыруды жүзеге асыру; химияландыру; жер суару құрылысының үлкен программасын іске асыру; ауылшаруашылық ғылымын кең өрістетуге және шаруашылықты жүргізудің ғылыми негіздерін күшейту.

Біз белгілеген мәселелерге талдау жасаған кезде, жаңа Программа жөніндегі баяндамада келтірілген нақты мәліметтерді міндетті түрде пайдаланған жөн.

Ауыл шаруашылығын өрге бастыру, ауыл шаруашылығында өндіріс күштерді онан әрі өсіріп, еңбек өнімділігін арттыру үшін мына мәселелердің шешуші маңызы бар. Осыған байланысты Программа мына жағдайларды белгілеп көрсетеді: мемлекеттік сатып алу және сатып алу бағасы жүйелерін пайдалану; табысты бөлген кезде қор жинау мен тұтыруды дұрыс ұштастыру; еңбекті нормалау мен еңбекке ақы төлеу әдістерін жақсарту; колхоз ішіндегі қатынастарды жетілдіре беру. Бұлар социалистік мемлекеттің колхоздар жөніндегі саясатының мәнін ашып көрсетуге көмектеседі.

Ауыл шаруашылығын өрге бастыру жөніндегі осы мәнді мәселелерді қарап шешкеннен кейін 1960—1980 жылдар ішінде ауылшаруашылық өнімінің өсу болашағын сипаттайтын цифрларға мұқият талдау жасап, жаңа Программа жөніндегі баяндамада көрсетілген, РСФСР-де, Украин ССР-і мен Қазақ ССР-інде келешекте астық өндірудің артуы туралы мәселені зерттеген тиімді.

### Б. ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА БАСШЫЛЫҚ ЕТУ МЕН ЖОСПАРЛАУДЫ ҮНЕМІ ЖЕТІЛДІРЕ БЕРУ ҚАЖЕТТІГІ

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын ойдағыдай жасау үшін халық шаруашылығына басшылық ету мен жоспарлауды үнемі жетілдіре беру қажеттігі Н. С. Хрущевтің Программа жөніндегі баяндамасында (73—79-беттер) негізделіп, дәлелденген. Мұнда осы қажетке байланысты төрт түрлі жағдай белгіленген; олар мыналар: өндіріс пен құрылыстың аса зор көлемде өріс алуы, шаруашылық байланыстардың дамып, тереңдей түсуі; ғылыми-техникалық прогрестің үдеуі; еңбек саласындағы орасан зор әлеуметтік және мәдени-техникалық өзгерістер; шаруашылықты басқарудың демократиялық негіздерінің онан әрі кеңейіп, бұқараның белсенділігінің артуы. Бұл жағдайлар партияның Программасында халық шаруашылығына басшылық ету туралы мәселемен қатар, жоспарлауды жетілдіре беру туралы мәселенің де не себептен арнайы қаралып отырғанын түсінуге көмектеседі.

Халық шаруашылығына басшылық ету мен жоспарлаудағы ең басты мәселе — материалдық қорды, еңбек пен ақша қорын және табиғат байлығын неғұрлым тиімді пайдалану, орынсыз ысыраптар мен шығындарды жою. Күрделі қаржының нәтижелілігін және өнімнің сапасын арттыру қажеттігін Программа осы бағытта атап көрсетеді. Программа жөніндегі баяндамада өндіріс пен құрылыста қаржының әрбір процентін үнемдеу есебінен қаншалықты мол қосымша қаржы алуға болатынын көрсететін цифрлар келтірілген. «Біздің коммунизмге қарай алға басып, совет адамдарының тұрмыс дәрежесін көтерудің табысты болуы, — деп атап көрсетілген баяндамада, — орасан зор дәрежеде құрылысты қаншалықты тездетіп, арзандата алуымызға, оның сапасын арттырып, жұмсалатын күрделі қаржы мен өндірістік қорды тиімді де дұрыс пайдалануымызға, шығынды аз жұмсап, өндірістік қуаттың өлшемді көлемінен өнімді неғұрлым көп алуымызға байланысты десек, асыра айтқандық болмайды» (76-бет).

Онан әрі, Программада халық шаруашылығына бір орталықтан мемлекеттік басшылық етуді нығайту және жетілдіре беру туралы мәселе, сонымен бірге жергілікті органдардың шаруашылықты басқарудағы ролі мен жауапкершілігін арттыру туралы, кәсіпорындардың күнбе-күнгі дербестігі мен инициативасын арттыру туралы мәселелер атап айтылған. Бірінші мәселеге байланысты шаруашылықты жоспарлау міндеттері, екінші мәселеге байланысты еңбек нәтижесіне моральдық және материалдық жағынан ынталандыруды ұштастыра жүргізу саласындағы міндеттер ерекше атап көрсетілген, материалдық ынталандыру жөнінде нақты ұсыныстар берілген. Осы идеялардың бәрі Программа жөніндегі баяндамада онан әрі негізделіп, дәлелденді. Бұл тақырыпты оқып үйренуші мына мәселелерге назар аударғаны жөн: коммунизм құрылысын кең өрістетуге кезеңінде шаруашылықтың барлық саласын үйлестіріп отыратын біртұтас жоспарлаудың ролі өлшеусіз артады, енді жоспарлау мен шаруашылыққа басшылықтан ғылымға негіздеудің және экономикалық есептеудің өте жоғары дәрежеде болуы талап етіледі. Бұл арада Н. С. Хрущев біздің жоспарлау орындарымызға мынадай негізгі екі талап қояды: «Біріншіден, бізде еңбек құралдарының, шикізат пен материалдардың барлық түрін пайдалану жөнінде, сондай-ақ жұмыстарды орындаудың технологиялық әдістері мен мерзімдері жөнінде прогрестік жоспарлы норматив-



тер болуы қажет; бұл нормативтерді енгізу және өте қатаң сақтап отыру әрбір шаруашылық басшысы үшін заңға айналуға тиіс. Екіншіден, әрбір жоспар өзінің барлық құрамды элементтері бойынша дәл теңестіріліп, қажетті резервтермен қамтамасыз етілуі тиіс» (75-бет).

Баяндаманың дәл осы бөлімінде жоспарлау мен шаруашылықты жүргізудің тағы бір аса маңызды шарты — еңбек қорын тиімді пайдалану мәселесі арнайы бөліп көрсетілген. Мұндай міндет ең алдымен жаңа техниканы енгізуге және адамдардың босауына байланысты келіп туады. «...Жұмысшыларды жаппай үйретіп, олардың мамандығын арттыру жөніндегі толық еріктілік және материалдық ынталандыру принципін қатаң сақтай отырып, жұмысшы күшін жоспар бойынша қайта бөлу жөніндегі мұқият әзірленген шаралардың тұтас жүйесін...» (77-бет) іске асырған жағдайда ғана оларды орналастырып, тиімді пайдалануға мүмкіндік туады.

Сонында, еңбек нәтижесіне ынталы болу туралы айтқан кезде мынаған назар аударған жөн: бұл мәселе коммунизм құрылысын кең өрістету кезеңінің бүкіл барысында маңызды экономикалық тұтқа болып табылады, өйткені әзірше қоғам социалистік сатыда тұрған кезде еңбекке қарай бөлу тәсілін қолданбасқа болмайды. Өнеркәсіп пен құрылысқа басшылық етуді жетілдіре беру, жоспарлауды жақсарту туралы мәселеге талдау жасаған кезде Орталық Комитеттің партияның XXII съезіне есепті баяндамасының екінші бөлімінде бар материалды да пайдалану қажет.

Коммунизм орнатудың партия Программасында белгіленген ұлы жоспарының орындалатынына жаулардың да күмәнданатыны аз. Бұл жоспардың нақтылығы мен жүзеге асатындығы еліміздегі коммунистік құрылыстың бүкіл жарқын тарихымен, коммунизмге қарай алға басу болашағымыздың дәл экономикалық есебімен толық негізделіп, дәлелденген. Мұның бүкіл тақырыпты түсіну үшін мәні зор Миллиондаған совет адамының саналы творчестволық қызметінің тікелей мақсаты ретінде Программада белгіленген нақты мәселелердің бәрі—адамзат қоғамының тарихындағы мүлде жаңа құбылыс. Бірде-бір қоғамдық құрылыс алдын ала жасалған жоспар бойынша орнаған емес. Демек, коммунизм құрылысын жоспарлау мүмкіндігінің өзі осы құрылыстың елеулі ерекшелігі, коммунизмнің елеулі ерекшелігі болып отыр.



# Коммунизм құрылысшысының моральдық кодексі

Алматыда Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімі мен Қазақ ССР Саяси және ғылыми білім тарату қоғамының басқармасы ұйымдастырған «Коммунизм құрылысшысының моральдық кодексі» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция болып өтті.

Конференцияға байтақ республикамыздың шар тарапынан келген 500-ден аса лекторлар, насихатшылар, жоғары оқу орындарының оқытушылары, коммунистік еңбек коллективтерінің өкілдері, партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының қызметкерлері қатысты.

Конференцияда Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің профессоры Т. Тәжібаев, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының директоры, философия ғылымының кандидаты Т. Жанкелдин, экономика ғылымының кандидаты А. Егизарян, Алматы қалалық партия комитетінің бірінші секретары Н. Дыхнов, Қазақтың Абай атындағы педагогтік институтының профессоры М. Сильченко жолдастар баяндама жасады.

Конференцияда жиырмадан астам адам жарыссөзге шығып сөйледі. Олардың ішінде Қазақстан кәсіподақтары Советінің секретары Қ. Төлекеев, философия ғылымының докторы Қ. Бисембиев, Қазақ ССР Жоғарғы Соты председателінің орынбасары Т. Оразалиев, Қазақ ССР Ішкі Істер министрінің орынбасары А. Гүмарбеков, философия ғылымының кандидаты Н. Сәрсенбаев, Қазақ ССР Министрлер Советінің жанындағы мемлекеттік хауіпсіздік комитеті председателінің орынбасары М. Тілеулиев және басқалары бар.

Біз Т. Тәжібаев пен Н. Дыхнов жолдастардың баяндамасын, сондай-ақ Өскемендегі В. И. Ленин атындағы қорғасын-мырыш комбинатының партком секретары Б. Одиашвилидің, Мырғалымсай руднигінің партком секретары И. Урженконың, Оңтүстік Қазақстан облысы, Ильич ауданындағы «Заря коммунизма» колхозының бас иженері Ф. Кимнің, Алматыдағы Ю. Гагарин атындағы тігін фабрикасының директоры А. Шандринаның сөздерін қысқаша жариялап отырмыз.

## Коммунизм құрылысшысының адамгершілік принциптері

*Профессор Т. ТӘЖІБАЕВТЫҢ баяндамасынан*

Бүкіл прогресшіл адамзаттың тарихына коммунизм орнатушылар съезі болып кіретін партияның XXII съезі совет халқының алдына коммунистік қоғам орнатудың нақты міндеттерін қойды. Партия Программасы ең қысқа мерзім ішінде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, адамдардың коммунистік қатынастарын қалыптастыру, жаңа адамды — коммунизм адамын тәрбиелеу мақсатын көздейді.

Коммунистік құрылысты кең өрістетудің дәуірінде совет адамдары тәрбиелеудің мәні ерекше. Коммунистік моральге тәрбиелеу — тәрбиенің



құрамды бір бөлігі. Мораль немесе адамгершілік—адамдардың қоғамдағы мінез-құлқының тарихи қалыптасқан нормаларының жиынтығы. Ол — адамдардың қоғамдық санасының бір түрі және диалектикалық тұрғыдан дамып отыратын күрделі құбылыс. Мораль—адамдардың қоғамдық еңбегі нәтижесінде қалыптасқан мінез-құлық ережесі. Мораль—адамдардың дүниеге көзқарасын, біртұтас өмірлік мақсат-мұраттарын білдіреді, оларды адалдыққа, шыншылдыққа, адамгершілікке, тұрмыс ережелерін сақтауға, жалпы мәдениетке, өз мініңді көре білуге үйретеді.

Діни соқыр-сеніммен уланған буржуазиялық мораль жеке меншікке, еңбекшілер бұқарасын қанауға негізделген. Капитал елдерінде капитализмнің іріп-шіруіне, азғындауына байланысты буржуазиялық мораль да іріп-шіріп азғындап келеді. Буржуазиялық мораль көп пайда түсірудің, үстем таптың жыртқыштық және арамтамақтық өмірін бүркемелеудің құралына айналып отыр.

Буржуазияның нағыз реакцияшыл тобы мораль атаулыны жоққа шығарады. Буржуазиялық моральдың ең сұрқия, жиіркенішті түрін—адамды жек көруді неміс-фашизмі ойлап тапты. Ал адамзаттың қас дұшпандары — неміс және итальян фашистері мен жапон империалистері өздерінің ең озбыр зұлымдықтары үшін сазайын алды. Олардың адамға өшпенді моралінің күлі көкке ұшты. Бұдан соғысқұмар империалистер сабақ алуы керек еді. Бірақ бүгінгі күні олар неміс фашистердің жолымен кетіп барады. Батыстың империалистік күштерінің қолдауымен Германия Федеративтік Республикасының билел-төстеушілері Батыс Германияны соғыс ошағына айналдырып, қару-жаракты көп өндіруде, гитлершіл генералдар басқарған зор армия құруда, оны атом қаруымен жарактандыруда, сөйтіп жаңа соғысқа үсті-үстіне жантала-са әзірленуде. Батыс герман өкімет орындары Гитлердің істегенін істеп отыр. Олар Коммунистік партияны заңнан тыс деп жариялап, бейбітшілік пен демократия жолындағы белсенді күрескерлерді қуғын-сүргінге ұшыратуда.

Неміс кекшілдерінен америка империалистері де қалысар емес. Олар өз елінде демократиялық бостандықтарды басып жаншып, америка халқының ізгі ниетті қайраткерлерін қудалап, моральға жатпайтын нағыз сорақы принциптерге белшесінен батуда.

Біз буржуазиялық моральды түгелдей теріске шығарамыз және оның орнына өзіміздің коммунистік моральды ұсынамыз. Жастар одақтарының үшінші съезінде сөйлеген сөзінде В. И. Ленин былай деген болатын: «Біз буржуазия уағыздаған мағынадағы моральды бекерге шығарамыз; ал буржуазия бұл адамгершілікті құдай әмірінен туғызды... Адамнан, таптан тыс ұғымнан алынған адамгершіліктің қандайын болса да біз бекерге шығарамыз. Біз былай дейміз: бұл—алдау, бұл—помещиктер мен капиталистердің мүдделері үшін жұмысшылар мен шаруалардың көзін байлап, басын қатыру. Біз былай дейміз: біздің адамгершілігіміз пролетариаттың тап күресі мүдделеріне толық бағынулы. Біздің адамгершілігіміз пролетариаттың тап күресі мүдделерінен туып отырады» (Шығармалар, 31-том, 292—293 беттер).

Бүкіл адамзаттың негізгі моральдық нормаларын бойына сіңірген біздің адамгершілік парызымыз бүкіл совет халқының мүддесін білдіреді және коммунизм орнату күресіне қызмет етеді. Совет Одағының Коммунистік партиясы адамзат тарихында тұңғыш рет адамның рухани бейнесін қайта өзгерту, оның жаңа моральдық қасиеттерін тәрбиелеу міндетін алға қойды. Үлкен қиыншылықтарға қарамастан, бұл міндет ойдағыдай орындалып та келеді. Коммунизм орнату барысында социалистік қоғамдық қатынастар бірте-бірте коммунистік қатынастарға ұласады, ал коммунистік мораль онан әрі дамып, жаңа мазмұнға кенеледі.



Ал мұның бәрі коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау арқылы жүзеге асырылады. Өндіріс құралдарына қоғамдық меншік және шаруашылықты жоспарлы түрде жүргізу социализмге де, коммунизмге де ортақ. Социализмге қарағанда, коммунизм ең ірі механикаландырылған өнеркәсіп және ауылшаруашылық кәсіпорындары негізінде орнайды. Халық шаруашылығының барлық саласын электрлендіру коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудағы негізгі тұтқа.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау нәтижесінде экономикалық және қоғамдық қатынастардың сыпаты сапалық жағынан көп өзгеріске ұшырайды. Бәрінен бұрын еңбектің сипаты өзгереді: ол әрі жеңіл, әрі өнімді, әрі жанжақты, творчестволық жағынан қызықты болады. Ол адамның ең бірінші өмірлік қажетіне айналады. Жұмыс күнінің едәуір қысқаруы коммунизм адамының бос уақытын өзінің білімін арттыруына, қоғамдық және ғылыми жұмыспен шұғылдануына, бала тәрбиелеуге, спортпен әуестенуіне тағы басқаларына мүмкіншілік береді.

Алғашқы он жылдың ішінде (1961—1970 жылдар) Совет Одағы халықтың жан басына өнім өндіру жөнінен капитализмнің неғұрлым қуатты және бай елінен — АҚШ-тан асып түседі. Ол жұмыс күні ең қысқа ел болады, совет адамдары материалдық жағынан жеткілікті қамтамасыз етіледі, олардың жайлы-жақсы тұрғын үй жөніндегі қажеттері негізінен қанағаттандырылады, ауыр дене еңбегі жойылады.

Екінші он жылдың ішінде (1971—1980 жылдар) біздің ел АҚШ-тың кәзіргі өнеркәсіп өндірісінің көлемін әлдеқайда артқа тастап кетеді. Елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасы жасалады. Сонымен коммунистік қоғам негізінен орнатылатын болады. Советтік қоғам қажетке қарай бөлу принципін жүзеге асыруға барынша жақындай түседі, бірте-бірте бірыңғай жалпы халықтық меншікке көшетін болады.

Партияның Программасы социалистік демократияны, халыққа білім беру, ғылымды, техниканы, әдебиет пен өнерді, әлеуметтік қамсыздандыру тағы басқаларынан онан әрі дамыту жөнінде күрделі шараларды белгілеп берді.

Коммунистік құрылыс бүкіл адамзаттың мүдделеріне қызмет етеді. Ол өндіргіш күштердің шарықтап өсуіне, бақытты өмір үшін керекті жағдайлардың бәрін жасауға үлгі болады. Коммунизм идеялары халық бұқарасының ақыл-ойы мен жүрегін билеп алады.

Коммунизм орнату барысында болатын өзгерістер: коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, халықтың материалдық әлауқат күйінің өсуі, коммунизм орнатушылардың саяси, әлеуметтік, мәдени және идеологиялық өмірінде болатын өзгерістер олардың адамгершілігіне де үлкен ықпал жасайды. Бірақ коммунистік адамгершілік тәрбиесі коммунизм орнату жолындағы қаһармандық күреске әрбір совет адамы белсене қатысқан күнде ғана игі нәтиже береді.

Партияның XXII съезі совет адамдарының социализм тұсында қалыптасқан мінез-құлқының қоғамдық нормаларын, сондай-ақ коммунизм орнату міндеттері негізінде коммунизм құрылысшысының моральдық кодексін белгіледі. Оның негізгі принциптері мынадай:

— коммунизм ісіне берілгендік, социалистік Отанға, социализм елдеріне сүйіспеншілік;

— қоғам игілігіне адал ниетпен еңбек ету: еңбек етпеген ішіп-жемейді;

— қоғам дәулетін сақтауға және көбейтуге әр адамның қамқорлық жасауы;



— қоғамдық борышты жоғары саналылықпен түсіну, қоғамдық мүдделерді бұзушылыққа төзбеу;

— коллективтілік және жолдастық өзара көмек: бірі көп үшін, көп бірі үшін;

— адамдар арасындағы адамгершілік қарым-қатынастар және бірін-бірі сыйлаушылық: адам—адамға дос, жолдас және туыс;

— адалдық пен шыншылдық, адамгершілік жағынан кіршіксіз болу, қоғамдық өмірде және жеке басының өмірінде карапайым, кішіпейіл болу;

— семьяда бірін бірі сыйлау, балаларды тәрбиелеу жөнінде қамқорлық жасау;

— әділетсіздікке, арамтамақтыққа, арамдыққа, мансапқорлыққа, ясыпсыздыққа төзбеу;

— СССР-дің барлық халықтарының достығы мен туысқандығын сақтау, ұлттық және нәсілдік жақтырмаушылыққа төзбеу;

— коммунизмнің, бейбітшілік ісінің және халықтар бостандығының жауларына ымырасыз болу;

— барлық елдің еңбекшілерімен, барлық халықпен туысқандық ынтымақта болу.

Коммунизм ісіне — ұлы Отанымыздың және Коммунистік партияның ісіне берілгендік, Отанға және социализм елдеріне деген жалынды сүйіспеншілік сезімі—коммунизм құрылысшысының ең биік адамгершілік принципі.

Нағыз жалынды патриот өзінің барлық күш-жігерін, ал егер керек болса, өзінің бар өмірін коммунизм орнатуға жұмсайды, ол өзінің жеке басының мүддесін қоғам мүддесіне бағындырады.

Совет отаншылдығы—патриотизмнің ең жоғары түрі, ол өзіне адамның барлық тамаша қасиеттерін жинақтайды. Ол мүлдем жаңа қоғамдық құрылыс нәтижесінде, социалистік идеология мен халқымыздың моральдық саяси бірлігі, оның жоғары идеялығы нәтижесінде пайда болды.

Советтік патриотизм коммунистік саналылықпен тікелей байланысты. Біздің адамдар өз Отанын жанындай жақсы көреді, сондықтан оның көркейіп, гүлденуіне әрдайым белсене ат салысады. Отанымызды жаңа табыстармен қуанту, оған көп пайда келтіру—әрбір совет азаматының, коммунизм құрылысшысының ардақты борышы.

Советтік патриотизм — совет қоғамының негізгі қозғаушы күштерінің бірі. Партия еңбекшілерді социалистік Отанға шексіз сүйіспеншілік рухында, коммунизм мұраттарына адал болу рухында тәрбиелейді. Әрбір совет адамы өзінің ұлы Отанын, халықтардың бейбітшілігі мен бостандығы жолындағы, демократия мен социализм жолындағы күрестің алдыңғы сапында келе жатқан Совет Одағын ерекше мақтаныш тұтады.

Бірақ тек сөз жүзінде ғана патриот болу жеткіліксіз, өзінің ұлы еліне берілгендігі мен сүйіспеншілігінді іс үстінде, жанқиярлық еңбек үстінде көрсетсең, сонда ғана нағыз патриот боласың. Өндірістік тапсырмаларын үнемі орындап және асыра орындап жүретін жұмысшы, егіннен жоғары өнім алып, қора-қора мал өсірген шаруа, совет ғылымын, техникасын, әдебиеті мен өнерін алға бастыруға лайықты өзінің үлесін қосушы интеллигенция, жас ұрпаққа коммунистік тәрбие беріп жатқан мұғалім, еңбекшілер денсаулығының күзетінде тұрған дәрігер, Совет елін қорғап тұрған солдат, советтің космос корабліне мініп, жер шарын айналып шыққан космонавт ұшқыштар Юрий Гагарин мен Герман Титов — міне Отанымыздың шын мәнісіндегі патриоттары осылар.

Коммунистік партияның аталық қамқорлығы мен үлкен ұйымдастыру жұмысының арқасында соңғы жылдары Қазақстан мен Сибирьде зор көлемде тың және тынайған жер игерілді. Міне осы тың игеруші-



лердің қажырлы еңбегі ең жоғары патриоттық сезімнің белгісі емес пе! Шынында тек Отанға деген сүйіспеншілік қана жүз мыңдаған комсомолецті, механизатор мен жұмысшыны, колхозшыны өзінің туып-өскен жерін, қимас қонысын тастап, шалғай Сибирь мен Қазақстанға барып жұмыс істеуге итермелеген жоқ па!

Тек патриоттық сезім ғана адамның өмірін нысаналы, көрікті етеді, оның моральдық қадір-қасиетін арттырады. Отанға деген сүйіспеншілік әрбір патриоттан оның қауіпсіздігін сақтауды талап етеді. Сондықтан «Отанды қорғау—әрбір азаматтың қасиетті борышы» (СССР Конституциясының 133-статьясынан).

Интернационализм, халықтардың достығы мен туыскандығына адал болу, ұлтшылдық атаудының қандай да болсын көріністеріне рақымсыз болу—коммунизм құрылысшысына тән қасиеттер.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі еліміздегі барлық халықтардың достығын нығайтуға, олардың экономикасы мен мәдениетін гүлдендіруге әрдайым қалтқысыз қамқорлық көрсетіп келеді. Соның арқасында бұрын, патшалық Россия тұсында езілген және артта қалған ұлттар совет өкіметі жылдарында орасан табыстарға жетті. Халықтар достығы — ұлы күш, мемлекетіміздің қуаттылығының қайнар көзі. Бұл достық барған сайын нығайып, шынығып келеді. Коммунистік қоғам тұсында олар бұрынғыдан бетер бір-бірімен жақындаса түседі.

Совет өкіметі жылдарында қазақ халқының өмірінде де экономикалық және саяси жағынан ғажап өзгерістер болды. Республикамызда шын мәнісінде мәдени революция жасалды. Қазақ халқы осыншама зор табыстарға даңқты Коммунистік партияның басшылығымен, ұлы орыс халқының, басқа да туысқан халықтардың жомарт көмегі арқасында жетті.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі және социализмнің орнауы социалистік ұлттардың құралуына және гүлденуіне, советтік ұлттық республикалардың экономикасы мен мәдениетінің шарықтап өсуіне ерекше жағдай жасады.

«Социализм жағдайында, — деді Н. С. Хрущев жолдас, — ұлт мәселесінде өзара байланысты прогресшіл екі бағыт әрекет етіп отыр. Біріншіден, әрбір ұлт барлық жағынан бірдей қарыштаған қарқынмен өркендеп, одақтас және автономиялы республикалардың праволары кеңейіп келеді. Екіншіден, пролетарлық интернационализмнің туы астында социалистік ұлттар барған сайын тығыз жақындасып, олардың өзара ықпалы және бір-бірін өзара көркейтуі күшейіп келеді».

СССР халықтарының ұлттық дәстүрлерінің бүкіл елдегі жалпы өмірлік мүдделермен ұштасуы — советтік қоғамның ұлы жеңістерінің бірі. Совет адамының мақтанышы ұлттық мақтанышты жоққа шығармайды, қайта онымен бір арнада болады. Өз ұлтының артықшылығын дәріптеу, өз ұлтын басқа ұлттарға қарсы қою біздің қоғамымызға жат, керек десе бұл ұлтшылдықпен астасып жатады. Мұның керісінше прогресшілдік ұлттық дәстүрлерге ілтипатпен қарау, өз ұлтының мүддесін бүкіл совет қоғамының мүддесіне бағындыру, басқа халықтармен достық, ынтымақта болу — совет адамының моральдық асыл қасиеті.

Басқа халықтар сияқты қазақтар да өзінің тілін, өзінің өлкесін қадірлейді. Сонымен бірге еліміздің басқа халықтары сияқты қазақтар да бүкіл совет халқына ортақ интернационалдық мәдениетті, коммунизм құрылысшысының рухани бейнесіне тән кейіптерді дамыта береді, интернационализм принциптерін басшылыққа алып отырады.

Қазақ халқы өзінің ана тілімен қоса ұлы орыс тілін мемлекеттік тіл есебінде үйреніп, қолданып жүр. Өйткені, партияның жаңа Программасына атап көрсетілгендей, орыс тілі «тәжірибе алысуға, СССР-дің барлық басқа халықтарының мәдени табыстарына және дүние жүзі мәдениетіне әрбір ұлттың, әрбір ұлттық топтың қолын жеткізуге жәрдем-



деседі. Орыс тілі іс жүзінде СССР-дің барлық халықтарының ұлтара-лық қатынасы мен ынтымағының ортақ тілі болып алды».

Совет патриоты мәдениеттің ұлттық түріне, Совет Одағы халықта-рының тұрмыс салтына алақөздік жасамайды, қайта әрбір халықтың таңдаулы, озық дәстүрлерін қостап, ілгері дамытып отырады. Бірақ ай-та кету керек, кей жерлерде адамдар санасында ұлтшылдық қалдықтар әлі күнге кездесіп қалып жүр. Сондықтан еңбекшілерді коммунистік мо-ральға тәрбиелеудегі басты міндеттердің бірі — ұлтшылдық және нәсіл-дік соқыр сезімнің қалдықтарын, ұлттық шектелушілік пен ерекшелік сарынын, ескі заманды, күні озған әдеттер мен дағдыларды дәріптеуді бүтіндей жою. Коммунистік мораль халықтар достығы мен интернацио-нализмді барынша нығайтуға жәрдемдеседі. Барлық елдердің еңбекші-лерімен, барлық халықтармен туысқандық ынтымақта болу—советтік патриотизммен орайласып жатады.

Біздің елде коммунизмнің, ал халықтық демократия елдерінде со-циализмнің бүкіл социалистік лагерь еңбекшілерінің бірлескен күш-жігерімен орнатылатыны сөзсіз. Біздің елдегі коммунизм құрылысының мәселелерін бүкіл социалистік системаның өмір сүруі мен дамуынан бө-ліп қарауға болмайды. «Коммунизм, — делінген партияның жаңа Про-граммасында, — барлық адамдарды әлеуметтік теңсіздіктен, езушілік пен қанаушылықтың барлық түрлерінен, соғыстың жантүршігерлік апаттарынан құтқарудың тарихи міндетін орындап, жер жүзінде бар-лық халықтардың Бейбітшілігін, Еңбегін, Бостандығын, Теңдігін, Туыс-қандығын және Бақытын берік орнықтырады».

Совет үкіметі бейбітшілік саясатын дәйектілікпен жүргізіп отыр. Ал Батыс елдері жанталаса қаруланып, соғыс желігін қоздыруда, осы мақсатпен басқа елдерде соғыс базаларын орналастырып, соғыс одақ-тарын құруда. Империалист агрессорлар Совет Одағына және басқа социалистік елдерге қарсы соғысқа ашықтан-ашық әзірленуде. Мәселен, АҚШ-тың сенаты жылма-жыл социалистік елдерде шпиондық-бүлдіру әрекеттерін жүргізу үшін жүздеген миллион доллар бөліп отыр. Соңғы фактілерге қарағанда америка империалистері социалистік елдерге жіберген туристерінің ішіне шпиондар, диверсанттар қосып жіберіп жүр.

Ал мұның өзі совет адамдарынан бейқамдық пен ашықауыздықтың қандай да болса көріністеріне қарсы қатал күрес жүргізуді, қырағы-лықты талап етеді. Коммунизм құрылысшысының қырағылығы—оның моральдық сапа өзгешеліктерінің бірі.

Қоғам игілігі үшін адал еңбек ету және қоғам байлығын сақтап молайта беру — коммунизм құрылысшысының маңызды адамгершілік принциптері. Біздің елде еңбекке көзқарас мүлдем өзгерді. Қоғам игілі-гіне еңбек ету әрбір адамның ардақты борышына айналды. Еңбекші-лердің материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесінің артуы нәтиже-сінде, сол сияқты олардың саналылығына байланысты коммунистік ең-бектің екпінділері көбеюде, өндірісте еңбек тәртібі нығаяуда. Бұқараны коммунистік рухта тәрбиелеудің сыннан өткен әдісі — социалистік жа-рыс еңбек өнімділігін арттыруда, жұмысты жақсартуда үлкей күш бо-лып отыр.

«Қоғамның пайдасына істелетін қандай да болсын еңбек—дене еңбегі де, сондай-ақ ой еңбегі де құрметті және қадірлі. Барлық еңбек-шілерді еңбектің жақсы үлгілерімен, қоғамдық шаруашылықты жүргі-зудің жақсы мысалдарымен тәрбиелеу қажет. Адамдардың өмірі мен өсіп жетілуі үшін қажетті нәрсенің бәрі еңбек арқылы жасалады. Сон-дықтан еңбекке жарамды әрбір адам өзінің өмірі мен қызметіне, қоғам-ның әл-ауқатын арттыруға қажетті нәрселерді жасауға қатысуға тиіс. Еңбек етуге қатынаспастан, қоғамның қандай да болсын игілігін пай-



даланатын адам басқалардың есебінен күн көретін арамтамақ адам болар еді» (Партия Программасынан).

Адамдардың еңбегінен: еңбекте өзара көмек пен ынтымақ, алдыңғы қатарлылардың білімі мен тәжірибесінің артта қалғандарға таралуы, өз еңбегі арқылы қоғамға пайда келтіру сияқты тамаша адамгершілік қасиеттер көрінеді. Еңбек коллектившілдік, жолдастық сияқты ардақты қасиеттерге жол ашады. Міне сондықтан коллектившілдік пен жолдастық өзара көмек, «бірі көп үшін, көп бірі үшін»—коммунизм құрылысшысының өзгеше адамгершілігінен саналады. Коллектив еңбегі адамға шабыт береді, оны қуанышқа бөлейді. Коллектившілдік—өміріміздің заңы. Өзімшілдік, жолдастарының табысын көре алмаушылық, өзін коллективке қарсы қою сияқты қылықтар бізге жат.

Коллектив ішіндегі адамдардың еңбегі арқылы әрбір адамның жеке дара қасиетін, оның ішкі рухани өмірін, оның мұраты мен мүддесін, мінез-кұлқы мен талғамын білуге болады, сол тұрғыдан оған ықпал жасауға болады. Еңбек—адам мінезіндегі өзімшілдікті жоюға көмектеседі. Өзімшіл адамның жақын-жуық жолдастары, жаныашыр достары болмайды. Өзімшіл адам—басқа біреудің қуанышын көре алмайтын қызғаншақ. Ол тек жұрттың мінін, кемшілігін көруге ғана құмар. Ол өзінен басқа ешкімге сенбейді, ешкімді ұнатпайды. Өзімшіл адамның күрес бақытын, ерлік істердің қуанышын түсінуі, ұғуы қиын. Өзімшілдікпен күресудің жақсы әдісі—коллективтің әрбір адамға жасайтын ықпалы. Коммунизм құрылысшысы кішіпейіл болып, мақтаншақтық, дандайсушылық, тақаппарлық сияқты ұнамсыз мінезден аулақ болуы керек.

Коммунизм адамы бір-бірімен шынайы дос, жақсы жолдас болуға тиіс, бірін бірі сыйлап, біріне бірі әр уақытта көмекке келуі керек. «Адам деген ардақты ат» деген еді ұлы жазушы Максим Горький. Коммунистік тұрғыда тәрбиеленген адам өзінің жолдасына әруақытта қамқорлық жасайды, екіжүзділіктен, қараниеттіліктен бойын аулақ салады.

Ұлы Отан соғысының ауыр күндерінде Совет Армиясы мен партизан отрядтарының жауынгерлері өздері өлсе де, жолдастарын ажалдан аман сақтап қалды. Бейбіт құрылыста совет адамдары ерліктің неше-алуан үлгісін көрсетуде. Мәселен, өз басына түскен қауіпке қарамас-тан, сәби баланы құтқарамын деп жанып жатқан отқа түскен, суға кеткен адамды құтқарамын деп ағыны қатты дарияға кеткен адамдар аз ба. Коммунистік моральдың адамдары бұқараның үніне құлақ қояды, олардың мұқтаждары мен тілектерін ескеріп отырады. Олар өз халқына қызмет ету үстінде әрдайым адал, шыншыл, турашыл болуға тиіс.

Социалистік қоғамның, социализм адамының адамгершілігі қоғамымыздың коммунизмге өтудегі рухани өсуінде үлкен белес. Сондықтан Совет адамының адамгершілігіне көзбояушылық, маскүнемдік, бұзақылық, жағымпаздық, пара алу сияқты оңбаған қылықтар мүлдем жат.

Коммунистік моральдың адамы батыл да өжет болуға, кездескен қиыншылықтар мен кедергілерді жоюға, басына қиын-қыстау іс түскеннің өзінде де мойымауға тиіс. Шат көңіл, ақ жарқын ашық жүз—коммунизм құрылысшысына тән қасиеттер.

Бізде капитализмнің адам санасындағы кейбір қалдықтарының әлі бар екенін айтпауға болмайды. Бізде қоғам мүлкіне қол сұғатын, оны талан-таражға салатын, ұрлық жасайтын жеке адамдар кездеседі. Еңбек еткісі келмейтін жалқау масылдар, арамтамақтар бар. Сол сияқты еңбек тәртібін бұзатын, өндірістік жоспарларды орындамайтын, жұмыста брақ жіберетін адамдар табылып қалады. Басшы, инженер-техник және ғылыми қызметкерлердің кейбір бөлегінің арасында еңбектің озық әдістерін енгізуге кертартпалық жасаушылар, жаңалық ұсыныстарға, жаңа техникаға үрке қараушылар ұшырайды.



Коммунистік мораль коммунизм құрылысшысының жеке семьялық өміріне де немқұрайды қарай алмайды. Семьяда бірін-бірі сыйлау, балаларды тәрбиелеуге қамқорлық жасау нағыз адамгершілікке жатады. Әрбір саналы, тәрбиелі адам тату-тәтті семья құруға, балаларын жақсы азамат етіп өсіруге тиіс. Дегенмен, біздің қоғамда әйелдерге, балаларға теріс көзқарас фактілері, феодалдық-капиталистік қалдықтар кездесіп жүр. Коммунизм құрылысшысының моральдық бейнесі тек еңбектегі және коллективтегі мінез-құлыққа қарап бағаланбауы керек. Тек жұмыста, қоғамда ғана өзін жақсы ұстап, ал үйінде, семьясында дөкір, даракы мінез көрсететін адамдарды көргенді, мәдениетті деуге әсте болмайды.

Маркстік-лениндік теорияны үйрену—коммунистік адамгершіліктің алғы шарты. Совет адамдарын марксизм-ленинизм рухында, коммунистік саналылық, адамгершілік рухында тәрбиелеуде насихат пен үгіттің, баспасөздің, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының ролі зор. Партия мен үкіметіміздің саясатында ең биік моральдық мұраттар бейнеленген. Қоғамдық саяси өмірге белсене қатыса отырып, социалистік байлықты молайтуға үлес қоса отырып, коммунизмнің әрбір құрылысшысы осы мұраттарды өз игілігіне айналдырады, өз мүддесін жалпыхалықтық мүддеге бағындырады.

Партияның жаңа Программасында кәзіргі кезеңдегі идеологиялық жұмысқа көп көңіл бөлінген. «Партия кәзіргі кезеңде идеологиялық жұмыстары басты нәрсе — барлық еңбекшілерді жоғары идеялық, коммунизмге берілгендік, еңбекке және қоғамдық шаруашылыққа коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеу, буржуазиялық көзқарастар мен әдет-ғұрыптардың сарқыншақтарын толық жою, адамды жанжақты, жарасымды жетілдіру, рухани мәдениеттің нағыз байлығын жасау деп санайды. Партия жас ұрпақты тәрбиелеуге айрықша мән береді».

Ең жақсы моральдық қасиеттерді өз бойына жинаған Коммунистік партия совет халқын коммунистік адамгершілік рухында тынбай тәрбиелейді. Партияның XXII съезінің тарихи шешімдерін, жаңа Программаны бұлжытпай жүзеге асыру барысында коммунизм құрылысшысының моральдық кодексі сөзсіз қалыптасып, салтанат құрады.

## Коллектив—коммунистік тәрбие беруде үлкен күш

*Алматы қалалық партия комитетінің бірінші секретары  
Н. В. ДЫХНОВ жолдастың баяндамасынан*

Елімізде коммунистік қоғам орнату коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауды, жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастыруды, еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуді көздейді. Партияның XXII съезі қабылдаған жаңа Программада бұл міндеттер ғылым тұрғыдан жанжақты негізделіп, тұжырымдалды. Съезд оларды орындаудың нақты жолдары мен әдістерін белгілеп берді. Экономика, әлеуметтік-саяси, идеология саласындағы бұл міндеттерді бір-бірінен бөлек алып қарауға болмайды. Коммунистік құрылыстың барысында түбегейлі бұл үш міндет бір-бірімен тығыз ұштаса, берік байланыса іске асырылады.



Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау үшін еңбек өнімділігінің жоғары дәрежесіне жету, материалдық, рухани игіліктердің молшылығын жасау, еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесін арттырып, оларды еңбекке коммунизмдегіше қарауға тәрбиелеу жолында тынбай, қажырлы еңбек ету керек.

Социалистік мемлекеттік құрылыстың өзін өзі басқаратын коммунистік қоғамға ұласуы, ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтың жойылуы, коммунизм тұсындағы қоғамдық қатынастарды бейнелейтін өзге де маңызды өзгерістердің орын алуы санасы жоғары, асыл қасиеттер бойына берік сіңген жаңа адамды тәрбиелеуге тығыз байланысты.

Коммунистік өндірісті ұйымдастыру—күрделі міндет. Оны іске асыру партия ұйымдарының ұлан-асыр жұмысына байланысты. Бірақ коммунистік тұрмыс құру, коммунизмнің өндірістік күштерінің даму дәрежесіне сай келетін қоғамдық қатынастардың қалыптасуы, еңбекшілерді жарқын болашақ тұсында өмір сүруге идеялық жағынан даярлау бұдан да күрделі, бұдан да қиын міндет.

Коммунизм құрылысшысын тәрбиелеу міндеті материалдық-техникалық базаны жасаудың барысында іске асырылады. Мәселе, совет адамының коммунистік мораль ережелерін берік сақтауын, олардың ізгі қасиеттерін молықтырып, жетілдіре түсуін қамтамасыз етуде, ескіліктің адам санасындағы қалдықтарын жоюда болып отыр. Ал капитализмнің адам санасындағы қалдықтары коммунистік құрылыс міндеттерін ойдағыдай орындау жолында аяққа оралғы болатынын естен шығаруға болмайды. Біздің адамдар коммунистік мораль нормаларын ешбір түртпексіз, өз еркімен саналылықпен орындауы шарт. Демек, коммунистік тұрмыс ережелерін берік сақтау әрбір еңбекшінің дәстүріне айналуға тиіс.

Ескіліктің адам санасындағы қалдықтарын жою әрбір адаммен қажымай-талмай тәрбие жұмысын жүргізуді талап етеді. Ескі, ұсақ, буржуазияшыл көзқарасты, әдетті, қарым-қатынасты, дағдыны жеңуден көрі Колчакты, Юденичті, Деникинді жеңу көп жеңіл болды... Бұл арада жеңу үшін үлкен табандылық, асқан шыдамдылық, зор қажырлылық, еңбекте жүйелілік, зор ұйымдастырушылық, әкімшілік жағынан мейлінше шеберлік керек деген болатын В. И. Ленин бір кезде.

Владимир Ильич Лениннің бұл данышпандық нұсқауларын іске асыра отырып, партия ұйымдары еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде бай тәжірибеге ие болды, адамдарға идеологиялық ықпал жасаудың сан-алуан түрлері мен құралдарын тапты. Тәрбие жұмысының бұл түрлері мен құралдары, әлбетте, коллектив арқылы қолданылса, жақсы нәтиже береді.

Коллектившіл, қоғамшыл, көпшіл болу — еңбекшілерге тән қасиет, өйткені еңбек адамдарды өзара көмектесуге, жәрдемдесуге дағдыландырады.

Өндіріс құрал-жабдығына қоғамдық меншіктің орнауы — бүкіл қоғам мүшелерінің ынтымақ бірлігін нығайтып, олардың бір мүдделі болуының арқауы. Социалистік өндірістік қатынастарға негізделген, қоғамдық ұлы мақсатты орындауға бағытталған еңбек коллективтіліктің қалыптасуына күшті әсер етеді. Мұндай еңбек адамдарды біріктіріп, ынтымақтастырады, олардың жақсы қасиеттерін, дәстүрін молықтырып, жетілдіре түседі, жеке меншікшіл пиғылдан арылтады. Біздің қоғамда коллективтілік еңбекшілердің басым көпшілігінің адамгершілік ізгі қасиеті болып отыр.

Социалистік қоғамда адам мектеп жасында және өсейген уақытында көбінесе коллективте тәрбиеленіп, өсіп жетіледі, шындалады. Ол жұмыс істейтін орта, өндірістік жоспарды орындау, еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің сапасын жақсарту жолында еңбектестерімен бірге



оның жүргізген күресі тәрбиелік зор ықпал жасайды. Әрбір совет адамы өзінің мінез-кұлқын, көзқарасын коллективтің бойына шақ, соның моральдық талаптарына сай құруға әрдайым талаптанып отырады.

Партияның XXII съезінде жасаған баяндамасында Н. С. Хрущев жолдас былай деді: «Адамды еңбек етуге даярлау, адамдардың еңбекте шынығуы, оны өмірдің ең бірінші қажеті болып отырған еңбекті сүйю және құрметтеу рухында тәрбиелеу — коммунистік тәрбие жөніндегі бүкіл жұмыстың асыл мәні, өзегі».

Коллективті еңбек үстінде әрбір еңбекшінің қоғамдық борышты түсіну сезімі қалыптасады, совет адамына тән қасиеттер — коммунизмге шексіз берілгендік, Отанға сүйіспеншілік, коллективтілік, қиыншылықтың қандайын болса да жеңе білу қасиеттері ұштала түседі.

Жұртты еңбекті сүйіп, құрметтеу рухында тәрбиелеудің мықты құралы — социалистік жарыс. Совет өкіметі жылдарында социалистік жарыс бүкілхалықтық қуатты қозғалысқа айналды. Әсіресе коммунистік еңбек бригадалары, екіпінділері мен коллективтері деген құрметті атақ алу жолындағы қозғалыс тәрбие жұмысының өрісін кеңейтті. Коммунизмдегіше еңбек өтіп, коммунизмдегіше тұрмыс құру қозғалысының негізгі идеясы — коммунистік тұрпаттағы коллективті ұйымдастыру. Сондықтан оның басты мақсаты — жұмысшыларды, колхозшыларды еңбекке коммунистік тұрғыдан қарауға, жарасты тұрмыс құруға, коммунистік мораль ережелерін берік сақтауға тәрбиелеу. Еңбекті, тұрмысты, оқуды бір-бірімен ұштастыра отырып, бұл қозғалыс адамның барлық өміріне жанжақты ықпал жасайды, оны коллектившіл болуға тәрбиелейді.

Коммунистік еңбек коллективі атағын алу жолындағы қозғалыс жай жарыс емес. Бұл — еңбекшілерді коммунизмге апаратын, «әркіммен қабілетіне қарай, әркімге керегіне қарай» деген принциптің салтанат құруына жеткізетін жол. Ортақ мақсатқа жету үшін коллектив болып еңбек ету, ынтымақтаса жұмыс істеу, жолдастық өзара көмек көрсету, бір-біріне жәрдемдесу, ілтифатты, қамқоршы болу — коммунистік еңбек бригадалары мен екіпінділері атағын алу жарысына қосылушылардың ізгі мақсаты осындай. Мұның бәрі озаттарға да, кенже қалғандарға да өмір талқысынан өтіп, шындалғандарға да, өмірге жаңа араласа бастағандарға да үлкен әсер етеді, оларды баулып тәрбиелейді.

Алматы қаласындағы Гагарин атындағы тігін фабрикасы коллективінің өмірінен осы құбылыстарды айқын көреміз. Бұл жөнінде конференцияда толық айтылды. Коммунизмдегіше еңбек етіп, оқу, тұрмыс құру мақсатын алға қойған коллективтердің бәрінен коммунизмнің жаңа өркендері айқын көрінеді.

Бұдан бір жыл бұрын № 23 құрылыс-монтаж басқармасында Николай Чигринов жолдас басқаратын арматурщиктер бригадасына коммунистік еңбек коллективі деген құрметті атақ берілді. Бұл оқиға құрылысшылар арасында үлкен творчестволық өрлеу туғызды. Бригада жұмысты әрдайым жақсы істеп келеді. Коммунистік еңбек коллективі деген атақ алу жолындағы күрес тұсында оның өмірінде, күнделікті жұмысында көптеген жаңалықтар пайда болды. Еңбек өнімділігін еселеп арттыру үшін, өндірісті жақсы ұйымдастыру үшін бригада мүшелерінің бәрі бірнеше мамандық алуды ұйғарды. Мысалы, мұнда Александр Олейников электросварщик, Михаил Сундеев ағаш шебері мамандығын игеріп отыр. Бригада мүшелерінің бәрі — он саусағынан өнер тамған өнерлі жандар. Бригада құрылыс материалдарын үнемдеп жұмсаудың бастаушысы. Мұнда арматура жасау кезінде болатын металл қалдықтары мүлде азайды. Әрине, оны бүтіндей жою мүмкін емес. Металдың кикымы, жоңқасы қалмай тұрмайды. Бір күні бригада мүшелері қоймада пайдалануға жарамайды деп тасталған станоктың бар екенін бай-



қады. Мұны олар қайта жабдықтап, іске қосты. Кәзір онымен бұрын қалдыққа тасталатын темір-терсек пайдаға жаратылады.

Коллективте адамдарды еңбекте шыңдау, олардың ынтымағын күшейту бірден қамтамасыз етілген жоқ. Тапсырылған іске қалай болса солай қарау, қыдырымпаздық жасау, ішкілікке салыну фактілеріне қарсы аяусыз күрес жүргізуге тура келді. Бригада мүшесі Хаким Мирзаев жұмысқа кешігіп келіп жүрді, ішкілікке салынды. Жолдастарының ақылы, достық көмегі нәтиже бермеді. Бұдан кейін бүкіл коллектив болып жиналып, Мирзаевқа бізге бөгет жасамай, бригадadan кет немесе берекелі жұмыс істе деп мәлімдеме жасады. Мирзаев ақылға келіп, бригадада қалып, жұрттың бәрі құсап жұмыс істеуді, тұрмыс құруды ұйғарды. Сөйтіп ол сөзінде тұрды.

Өндірістік жұмыспен бірге оқу, қоғамдық жұмысқа белсене қатысу, спортпен айналысу, коллектив болып дем алу — міне осының бәрі бригада мүшелерінің ынтымағын күшейтіп, олардың бүгінгі күн талабына сай тұрмыс құруына жеткізуде.

Егер социалистік жарыстың қорытындыларын шығаруға бүкіл коллектив қатысса, онда озғандарды айқындайтын бір-екі басшы қызметкер емес, бүкіл қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысса, міне сонда ғана социалистік жарыстың тәрбиелік әсері күшті болады. Бізде көп ретте істің жайы басқаша болып жүр. Социалистік жарысты ұйымдастыруға жүрдім-бардым қарау оның тәрбиелік маңызын төмендетеді. Мысалы, құю-механика заводында социалистік жарыстың қорытындысын шығаратындар да, онда озып шыққандарды анықтайтындар да цехпен учаске жетекшілері ғана болып келеді. Ал мұның өзі социалистік жарыстың құнын түсіреді, кейде үлкен қателікке апарып соғады. Соның салдарынан тәртіпсіз, коммунистік мораль ережелерін бұзатын адамдар құрмет тақтасына жазылады.

Жарыс—жуатты қозғалыс, бірақ ол адамдарды еңбекке коммунистік тұрғыдан қарауға тәрбиелеуге коллективті ықпал жасайтын бірден-бір жұмыс түрі емес. Тәрбие жұмысына партия жиналысы, коллектив жиналысы, көрсеткіш, құрмет тақталары, қабырға газеттері, үгітшілердің әңгімесі, лекциялар мен баяндамалар пайдаланылады.

Алматы ауыр машина жасау заводындағы ұсталық цех өнімді көп уақыт бойы сапасыз беріп келді. Мұның өзі механика цехының жұмысына үлкен бөгет жасады. Жұмысшылардың бастамасы бойынша механика және ұсталық цехтарының біріккен жиналысы өткізілді. Жұмысшылардың жиналысында қатаң да әділ талаптың қойылуы, ұсталық цехының жұмысты нашар істеу себебін талтүштеп ашу коллективке үлкен көмек көрсетті. Жұмысшылардың ұсынысы бойынша техникалық-ұйымдастыру шаралары іске асырылды, өндіріс технологиясы қайта қаралды. Соның нәтижесінде ұсталық цех жұмысты тәуір істей бастады.

Озат тәжірибені насихаттау, өндіріс жанашылдарын көтермелеп отыру—адам тәрбиелеудің маңызды бір құралы. Мұның өзі жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлердің еңбектегі шабытын арттырады, батыл да қиын міндеттерді іске асыруға болатынына сенімін күшейтеді.

Қала жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлер Валентина Гаганованың бастамасына жаппай үн қосты. Соның нәтижесінде бұрын артта қалып келе жатқан коллективтер өздерінің жұмысын едәуір жақсартты.

Бірқатар коллективтің жұмысына тән елеулі оқиға қоғамдық негіздің кеңінен дамуы болып отыр. Мұның өзі өндіріс тағдыры үшін адамдардың жауапкерлігін арттырып, оларды кәсіпорынның мұқтажына қамқорлықпен қарауға тәрбиелейді. Шаруашылықты басқару—партиялық бақылау комиссиялары, тұрақты жұмыс істейтін өндірістік ке-



нестер, конструкторлардың қоғамдық бюросы сияқты қоғамдық негіздегі жұмыстардың жаңа түрлері кең өріс алуда.

Конструкторлардың қоғамдық бюросы «20 лет Октября» заводында тұңғыш рет пайда болды. Оны заводтың бас конструкторы А. Мұқанов жолдас ұйымдастырды. Әуел баста оның құрамында жеті инженер ғана бар еді. Кәзір онда инженер-техник қызметкерлерден және озат жұмысшылардан 120-дан астам адам істейді. Олар завод шығаратын машиналарды жақсартып, жетілдіру жолына өзінің бос уақытын аямай жұмсап келеді. Конструкторлардың қоғамдық негізде жұмыс істейтін бюросы «ЗЛС-100» астық тиегіштің конструкциясын қайта қарап, жетілдірді. Жаңадан шығарылып жатқан осындай астық тиегіш бұрынғыдан 400 килограмм жеңіл және оны жасау оңайға түсетін болды. Сонымен қатар астық тиегіштің жұмыс өнімділігі екі есе арттырылды. Конструкторлардың қоғамдық негізде құрылған бюросы кәзір токарь станогін жетілдіру жөнінде жұмыс істеуде.

Партиялық бақылау комиссиялары мен тұрақты жұмыс істейтін өндірістік кеңестерде көптеген еңбекшілер қоғамдық басқарудың, коммунистік тәрбиенің шынайы мектебінен өтуде. Қалада кәсіпорындардың әкімшілік қызметіне бақылау жасайтын 530 партиялық бақылау комиссиясы құрылған. Онда 2 мыңнан астам коммунист жұмыс істейді. Комиссия мүшелері, жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер жаңа техниканы енгізуді, озық технологияны игеруді, өнім сапасын үнемі бақылап отырады.

Партиялық бақылау комиссиясының мүшелері кәсіпорынның жұмыс нәтижесіне сын көзімен қарауға, өндірістің жаңа мүмкіндіктерін іздестіріп табуға, оны іске қосуға ұдайы ат салысады. Бұл комиссиялардың жұмысын жетілдіру — партия ұйымдарының жауапты міндеті. Сонымен қатар біз қоғамдық негіздегі жұмыстарды кең ұйымдастыруға қажорлық жасауымыз керек.

Бізде белгілі бір коллективте жақсы ұйымдастырушы екенін көрсете білгендер басшы қызметке жоғарылатылады. Бірақ кейде мұндайлар коллективке сүйеніп жұмыс істеудің орнына, қайта одан қол үзеді, мен-мендікке салынады, жұртшылық пікірімен санаспайды. Коллективтің қоғамдық пікірі, оның тәрбиелік ықпалы күшті екенін ескермей құрғақ әкімшілікке бой ұрады.

Вагон жөндеу зауыдының директоры Галилов осы кәсіпорында өсіп тәрбиеленген адам. Бұдан екі жыл бұрын коммунистер оны завод партия бюросының құрамына сайламай тастады. Демек, мұндағы жетекші коллектив—бастауыш партия ұйымы оған сенім білдірмеді. Мұның себебі де бар еді. Сол кезде ол коллектив алдында оғар мінез көрсете берді; өркөкіректікке салынды, жұрттың бәрін жарлық берумен, әмір етумен бағындырам деп ойлады. Коллектив мүддесіне қайшы пікірін орынсыз жақтап жүрді, жұрттың сын-ескертпесіне құлақ аспады. Завод директорының мұнша дандайсып кетуі кәсіпорын жұмысына кері әсерін тигізбей қойған жоқ. Коллективтің қатаң да әділ тезі Галиловты ойландырды, мінезін өзгертуге мәжбүр етті. Ақырында ол коллективтің сын-ескертпелерін дұрыс түсіне бастады, шаруашылыққа басшылық ету әдісін өзгертті. Бұл нәтижелі болды, кәзір завод жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері ынтымағы күшті, ұйымшыл коллективке айналды. Өндіріске басшылық ету мәселелері партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарымен бірлесіп шешілетін болды. Завод озаттарының қатарына қосылды.

Әрбір жұмысшының коллектив алдында жауапкершілігін жете түсінуі, оның абыройын сақтауға қажоршы болуы бірқатар кәсіпорны мен құрылыстың өмірінде жаңа, коммунистік өркендердің пайда болуына жеткізді. Өнімнің сапасын қабылдаудың, істелген жұмысқа наряд жазудың жойылуы, жалақының кассирсіз берілуі, қоғамдық негізде



кітап магазиндерінің, кітапханалардың, кассирсіз асханалардың ұйымдастырылуы осыған айқын мысал бола алады.

Адамға кәміл сенім көрсетуге негізделген бұл тамаша құбылыстар жұрттың рухын көтеріп, ынта-жігерін арттыруда. Сенім білдіру адамның көңіл күйіне жақсы әсер етіп, оны қанаттандырады. Демек, жоғарыда мысалға келтірілген коммунистік өркендердің тәрбиелік маңызы өлшеусіз зор.

Бізде үлгі-өнеге күші барған сайын өсіп келеді. Тәрбие жұмысының көбі осыған негізделуде. Егер алдын-ала сақтандыру шаралары қолданылмаса, жағымсыз жайлар, «арамшөп» тез өсіп, тамырлап кетпек. Бұған қарсы күресте еңбекшілердің белгілі бір коллективі үлкен орын алады.

Біз қаладағы коллективтердің өмірінде кездесетін түрлі қолайсыз жағдайдың себептерін аша отырып, мынадай қорытындыға келдік. Кейбір партия ұйымдары, еңбекші коллективтері озбырлыққа, сұғанақтыққа қарсы, жеке меншікшіл пиғылға, жағымпаздыққа, мансапқорлыққа, маскүнемдікке, семьяда азғындыққа салынуға қарсы ойдағыдай күрес жүргізбей келеді. Әдетте коллектив мүшесінің сапасына бәріне бергенде оның тек өндірістік міндетті атқаруы ғана негізге алынады, ал оның идеялық жағы, моральдық бейнесі көп ретте ескерусіз қалып қояды. Бұл әрине, дұрыс емес.

Қалалық партия комитеті КПСС XXII съезінің материалдарын түсіндіріп, насихаттау барысында еңбекші коллективтерінің назарын ескіліктің адам санасындағы қалдықтарына қарсы күресті мейлінше күшейтуге аударуда. Қалалық партия комитетінің жақында болып өткен пленумы барлық бастауыш партия ұйымдарында «Біздің партия ұйымының коммунистері КПСС Уставын қалай орындап келеді?» деген мәселені жалпы жиналыста талқылау жөнінде шешім қабылдады.

Біздің қалада, аз да болса, жұмыс істемейтіндер бар. Сонымен қатар халықтың біраз бөлегі еңбекші коллективтерден тыс қалып келеді. Міне бұларды тәрбиелеу жұмысына ерекше көңіл бөлу керек. Соңғы жылдары еңбекшілердің тұратын жерінде, үгіт пункттерінің, үй және көше комитеттерінің айналасында тұрмыстық коллективтер құрылуда. Бұл коллективтер жұмыс істемейтіндерге қоғамдық жолмен зор ықпал жасап келеді.

№ 22 мектеп жанындағы үгіт пункті халықпен жұмыс істеудің жақсы үлгісін көрсетуде. Бұл үгіт пункті тәрбие жұмысының шынайы орталығына айналып отыр. Оның жұмысына үгітшілер, жергілікті советтердің депутаттары, заң, медицина қызметкерлері кеңінен қатыстырылып келеді. Үгіт пунктінде еңбекшілердің жалпы жиылысы жиі-жиі өткізіліп тұрады. 200-ден астам адам қатысқан осындай жиналыстың бірінде халық соты Баженова жолдас баяндама жасады. Мұнда қоғамдық тәртіпті бұзушыларға қарсы күресте жұртшылықтың ролін арттыру жайында мәселе көтерілді. Екінші бір жиналысқа 400-дей адам қатысты. Онда «Бізге бөгет жасайтындар туралы ашық сөйлесейік» деген мәселе қойылды. Жиналыста белгілі баяндама жасалған жоқ. Еңбекшілердің өздері арамтамақтарға, маскүнемдерге, саудагерлерге қарсы күрестің қажеттігі туралы мәселені қатты қойды. Жиналыстан бұрын үгітшілер арқылы жұмыс істемейтін, басқалардың еңбегімен күн көретіндердің тізімі алынып, ол көрнекті жерге ілінді. Сонымен қатар бұл мәселеге арнап қабырға газеті шығарылды. Осы жиналыста арамтамақтарға қарсы күрес жүргізетін арнаулы штаб құрылды. Ол кәзір біраз жұмыстар тындырды. Әңгіме жасап, ақыл айтуға көнбегендер штаб мүшелерінің мәжілісінде талқыланады. Ал егер бұл көмектеспесе, онда оның ісі қоғамдық сотқа беріледі. Мұның өзі жақсы нәтиже беруде. Аз уақыт ішінде ғана 26 адам жұмысқа орналастырылды. Олар кәзір қоғамға пайдалы еңбекпен шұғылданады.



Штаб, мысалы, Тамара Щербак деген жас қызды дұрыс жолға салу үшін қажымай-талмай біраз жұмыс істеді. Щербак көп уақыт ешқайда жұмыс істемей жүрді, күдікті адамдар тобымен байланыс жасады. Тамараның шешесі штабтан көмек көрсетуді өтінді. Онымен жеке әңгімелесу, штабқа шақыру ешбір нәтиже бермеді. Щербактың үгітшімен сөйлескісі де келмеді. Тіпті болмаған соң үгітшілер оны суретке түсірді, суретін «арамтамақтардың тактасы» деген жерге іліп қойды. Бұл оған мықтап әсер етті. Енді ол штабқа өзі келді. Үгітшілер онымен байсалды түрде әңгімелесті. Ақырында Тамара өзін жұмысқа орналастыруды сұрады. Сөйтіп ол адал еңбек ету жолына түсті. Мұндай мысалдарты көп келтіруге болады.

Партияның ХХІІ съезі алға қойған маңызды міндеттерді орындау мүддесі бүкіл идеология жұмысының, әсіресе еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің дәрежесін жоғары көтеріп, мазмұнын мейлінше жақсартуды талап етеді. Алматы қаласының партия ұйымы мұны жақсы түсінеді.

## Мақсатымыз — коммунизм адамын шыңдау

*В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты партия комитетінің секретары Б. ОДИАШВИЛИДІҢ сөзінен*

Жаңа Программа Коммунистік партия мен совет халқының бүкіл тарихи бір кезеңдегі — коммунизм құрылысын кең өрістетуде кезеңіндегі міндетін белгілеп берді.

Совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен негізгі үш міндетті орындауға тиіс. Олар мыналар: экономика саласында — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау; саяси-әлеуметтік салада — коммунистік қатынастарды қалыптастыру; идеология саласында — жаңа адамды — коммунизм қоғамы адамын тәрбиелеп өсіру.

Коммунистік қатынастарды қалыптастыруда бетке ұстап, қуана айтарлық талай-талай жетістіктер бар. Солардың бірі — коммунизм өркендері. Қазір совет елінде коммунизм өркендері кең қанат жая бастады. Тек жеке өркендер ғана емес, олардың біртұтас жүйесі, коммунистік тұрпаттағы түрлі ұйымдар қалыптасты. Бұлар — бір ғана игі мақсатты: қоғамның дәулеті мен рухани байлығын молайту мақсатын көздейтін өз еркімен қоғамдық негізде құрылған ұйымдар.

Коммунистік еңбек бригадалары мен екпінділері — келешектің нағыз барлаушылары. Олар коммунизмдегіше өмір сүріп, еңбек етіп, коммунистік қоғам адамының мүсінін соғып жатыр; өздерінің бүкіл жігер-қайратын адамзаттың кәзіргі заманғы озық білімін меңгеруге жұмсап, саналылық пен мәдениеттіліктің, коммунистік үлгі-өнегенің ұйтқысы болып келеді; олар өздерінің ақыл-ойын, күш-қуатын, білімін техниканы ілгері бастыруға бағыштап, еңбек өнімділігін барынша арттыру, Отанымыздың дәулетін молайту, сөйтіп, коммунизм жеңісін жақындата түсу жолында ізденіп, зерттеп жаналық қосуда.

Біздің ел ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықты жою жөнінен де табысқа кенде емес. Инженерлік білімге, жұмысшының шеберлігіне ие болған қызметкерлер көп. Қатардағы жұмысшы өнертапқыш, конструктор, зерттеуші болуда. Бұл — бүгінде таңқаларлық іс емес, заманымыздың шындығы.



Бүгінгі совет адамы бұрынғы көне заманның адамындай рухани жұтан, білімнен жұрдай емес. Мәдениетсіздік пен сауатсыздықтан баяғыда құлан таза арылып, кәзірде жаппай орта білім алуға сыбана кірісіп отыр; сонан кейін жоғары білім алуға түгел жұмылмақ.

Коммунизм нышандарын коммунистік еңбек кәсіпорны — В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатынан да көруге болады.

Комбинатта коммунистік еңбек бригадасы мен екпіндісінің алғашқы қарлығашы түлеп ұшып, бүкіл жұртшылыққа қозғау салған кезде, коммунистік бес өсиеттің бірі ретінде жаппай оқып, білім көтеру міндеті алға қойылған еді. Бұл біздің алғаш қолға алған ісіміз болатын. Сондықтан әңгімені содан бастайық.

Бұл күндері елімізде коммунизмнің сәулетті сарайының іргетасы қалана бастаған кезде, жұмысшылардың мәдени дәрежесін, экономикалық, техникалық білімін көтеру мәселесінің орны айрықша болмақ. Өнеркәсіп қызметкерлерінің, халық шаруашылығының басқа салалары қызметкерлерінің мамандығын арттыру міндетінің маңызы ерекше зор, делінген жаңа Программада. Комбинат жұртшылығы партияның осы нұсқауын орындауға батыл кірісті. Жұмысшылар саяси оқумен қатар ең алдымен экономикалық білім алуға баса назар аударды. Олардың тілегіне сәйкес партия ұйымы цехтар мен сменаларда бастауыш экономикалық мектептер ашты. Бұған қоса партия, комсомол оқуы жүйесінде де экономикалық үйірмелер мен семинарлар жұмыс істеді. Сабақ комбинаттың жұмысымен байланыстырыла жүргізілді. Жүздеген адам жалпы білім беретін кешкі мектептер мен техникумдарда, қосымша мамандық алып, іскерлігін арттыру жөніндегі мектептерде оқыды. Бұларда комбинаттың инженер-техник қызметкерлері жұмыстан бос уақытта сабақ берді.

Оқуда еріктілік және бірін-бірі қайталамау мақсатын көздеп, комсомол ұйымының көмегімен комбинаттың әрбір жұмысшысының қайда оқығысы келетінін жеке-жеке сұрастырдық. Бұдан біз, біріншіден, әрбір адамның мәдени-техникалық әзірлігінің қандай екенін, екіншіден, қайда оқитынын, қандай мәселемен шұғылданатынын және алдағы уақытта оқудың қай жүйесіне қатысқысы келетінін білдік. Осының негізінде бүкіл комбинат көлемінде оқудың барлық түрінің жалпы бағыты белгіленді. Бұл арада партия ұйымы комбинаттағы әрбір жұмысшының кемінде сегізжылдық білімі және үш қосымша мамандығы болуы мақсатын алға қойды. Кәзір осы мақсатты жүзеге асыру үстіндеміз.

Өткен оқу жылында жұмысшылар мен қызметшілердің дені екіжылдық экономикалық мектепті бітірді. Олар енді оқудың басқа түріне — инженерлік білім мектебіне ойысты. Бұл да қоғамдық негізде жұмыс істейді. Екі жылға арналған оқу программасында түсті металдар металлургиясын, химияны, физиканы, математиканы, автоматиканы, өзге де пәндерді оқып үйренуде. Сонда орта, тоғызжылдық білімі бар адамдар жұмыс істеп жүріп-ақ инженерлік білім алып, өндіріске озат, жаңалық ұсыныстарды енгізетін болады.

Партия ұйымы оқудың бұл түрін кездейсоқ ұйымдастыра салған жоқ. Мұны өмірдің өзі талап етті. Мысал келтірейік. Бұрын комбинатта көп подалы пеш жұмыс істейтін. Оның жұмыс өнімділігі төмен болатын. Пешші пештің жанынан бір минут те кете алмайтын. Оған күш түсетін. Егер пештің бір жері бұзыла қалса, оны жөндеу үшін азбест жағылған киіммен пештің ішіне түсіп, жан шыдамас ыстықта жұмыс істеуге тура келетін. Ал кәзір комбинатта бұрынғы жеті пештің орнына қайта жөнделген төрт пеш бар. Жұмыс толық механикаланған және ішінара автоматтанған. Төрт пешті үш-ақ адам басқарады. Еңбек өнімділігі 2,5 есе артты.



Немесе мына мәселені алайық. Бұрын күйдіру цехында істейтін металл қорытушыға арнаулы білімнің керегі жоқ болатын. Ал кәзір технологияның өзгеруіне байланысты ол күрделі аспаптардың тілін, технологияны білуге тиіс. Бұл өз тарапынан физиканы, химияны, математиканы, басқа да ғылым салаларын білуді талап етеді. Әйтпесе жұмысшы өз міндетін орындай алмайды. Сонымен, жұмысшының білімі неғұрлым жоғары болса, техниканы ілгері бастыруға, еңбек өнімділігін арттыруға соғұрлым қолайлы жағдай жасалады. Техниканың алға басуы, ескі жабдықтарды жаңғырту, үздіксіз жартылай автомат және автомат жүйелерін құру, қол еңбегін механизм күшімен істелетін еңбекке айналдыру, өз тарапынан, жұмысшылардың мәдени дәрежесін, техникалық білімін көтеруге мүмкіндік береді.

Лениндік сыйлықтың лауреаты өнертапқыш И. И. Котов 1949 жылы комбинатқа келген кезде, оның жетіжылдық қана білімі бар еді. Кәзір ол орта білімге ие болды, механиктердің алтыайлық курсы бітірді. Котовтың серігі, қызметке бесжылдық біліммен орналасқан Вахрушев та жетінші класты бітірді, кәзір ол техникумның соңғы курсында оқыл жүр. Бұл екеуі ақыл қосып үлкен жаңалық ашты. Мырыш қотарудың дүние жүзінде қалыптасқан технологиясына өзгеріс енгізді. Мырыш енді бұрынғыдай қолмен, шөмішпен қотарылмай, машинамен қотарылатын болды. Машинаның жобасын да, қотару технологиясын да олардың өздері жасады, өздері алғаш ынта білдірді. Машина жұмысты ешкімнің көмегінсіз өзі істейді. Ал қорытушы машина тораптарының жүрісін бақылап қана тұрады. Бірақ бұл үшін машинаның жайын жетік білу керек.

Комбинатта жаңа техниканы енгізу жөніндегі бастаушы топтар, қоғамдық негіздегі конструкторлар бюросы құрылды. Бұларға жүздеген жұмысшы мен инженер-техник мүше. Мысалы, Котовтың, Вахрушевтің, Орловтың, Солоховтың, Игнатовтың және басқаларының ұсынысы бойынша катод мырышын пешке жартылай автоматпен салу, мырышты вагонға тиеу мәселесі ойдағыдай шешілді. Қорғасын зауытында Щербаков, Рольян құраллы жұмысшылардың және инженерлердің ұсынысы бойынша маркировка, штабилизация қотаратын, жұмсақ қорғасынды вагонға тиейтін автомат жүйе орнатылды. Металлургия: Селиванов, Ахметжанов, Корниенко, тағы басқаларының, инженерлер: Кубышевтың, Карапетяның, Варламовтың, Донченконың бастамасы бойынша шахталы пештерде қорғасын оттегімен қорытылатын, мырышты көп шлак пайдаланылатын, шахталы пештен қорытпа үздіксіз шығарылатын болды.

Бұл күндері комбинатта катод мырышы, қалыпқа құйылған мырыш механика күшімен өнделеді. Сирек кездесетін бірқатар жаңа металдар өндіру тәсілі меңгерілді. Миллиондаған киловатт-сағат электр қуаты үнемделді. Мырыштың, кадмийдің, қорғасынның, басқа да металдардың түсер құны кемітілді. Белгілі мөлшердегі қоспадан металдың түр-түрі, әсіресе қорғасын бұрынғыдан көп алынатын болды.

Кәзір комбинатта жаңалық ұсыныс енгізуге қатыспайтын бірде-бір цех яки бөлімше жоқ. Мұның бәрі жылма-жыл миллиондаған сом қосымша табыс алуға, өнімді жоспардағыдан үнемі артық шығарып, міндеттемені мерзімінен бұрын орындауға мүмкіндік берді. Мысалы, былтыр еңбек өнімділігі 8 процент артты, жалпы өнім шығару жөнінен 1965 жылғы межеге қол жетті.

Биыл комбинатта 1700-дей адам өздерінің мамандығын көтеріп, қосымша екінші, үшінші мамандық алуда. Оқудың осы түрінің кең өріс алуы кездейсоқ емес. Бұл — уақытты ұту мақсатынан туған оқу. Және ол жұмысшылардың жанжақты білім алуға ұмтылуын бейнелейді. Кейде металлургия жабдық жөндеуші жұмысшыларды көп күтіп қалады. Сондықтан қосымша мамандықты меңгерген металлургия



жабдықтарды жөндеуден өздері өткізуде. Негізгі металлургиялық цехтардың жұмысшылары кезекші слесарьлардан кәзірдің өзінде бас тартты. Слесарь-құрастырушылар металл пісірушілердің міндетін өздері атқарады.

Бұрын металлургтер жабдықтарды күрделі жөндеуден өткізуге қатыспайтын, ал қатыса қалса, жәрдемші қызметінде жүретін. Кәзір олар мамандармен қоса негізгі жөндеу жұмысына араласып келеді. Бұл уақытты едәуір ұтып, жөндеу сапасын жақсартуға жағдай туғызды. Мысалы, пештің біреуі жөндеуге қойылды. Бірақ жөндеуші бригаданың басқа да қауырт жұмысы болғандықтан пештің кезек күтіп тұрып қалу қаупі туды. Бұдан цех күніне ондаған тонна мырыш пен қорғасыннан, өзге де металдардан айырылатын болды. Сол кезде металлургтер жұмыстан бос уақытта пешті жөндеуге өтініш білдірді және жөндегеніне ақы алудан бас тартты. Цехтың барлық жұмысшысының жұмыла кірісуі нәтижесінде пеш мерзімінен алты күн бұрын сапалы жөнделді.

Сондай-ақ электрмен құю цехында ванналарды жөндеу керек болды. Комбинат басшылары жөндеу графигін белгіледі. График бойынша ванналар екі тәулік бойы іске қосылмайтын болды. Катод мырышының азаю қаупі төнді. Цех жұмысшылары өзара кеңесіп, жөндеу мерзімін қысқартуды ұйғарды. Қажетті жабдықтың бәрі алдын ала әзірленді. Әрбір жұмысшының міндеті белгіленді. Сөйтіп ванналар сегіз сағаттың ішінде жөнделді.

Алған білімнің қаншалықты кәдеге жарағанын көрсететін тағы бір мысал келтірейік. Комбинатта Н. С. Сокирник бастаған смена бар. Бұл—коммунистік еңбек коллективі атағын алғаш алған сменаның бірі. Мұнда қосымша үш мамандықты игермеген бірде-бір адам жоқ. Жұмысшыларды Сокирник жолдастың өзі оқытып үйретті. Кәзір сменадағы бірсыпыра адам инженерлік мектепте, техникумда оқып жүр. Смена ауыспалы Қызыл туды сегіз дүркін жеңіп алды. Партияның XXII съезі құрметіндегі жарыс жүлдесі де солардың қолында. Кәзір олар съезд құрметіне қор жинап жатыр. Реагенттер мен материалдарды үнемдеуден түскен қаржы түгел осы қорға қосылуда.

Смена мүшелерінің осы бастамасына бүкіл комбинат жұртшылығы қызу үн қосты. Оның нәтижесін келешек көрсетер. Бірақ бір мәселенің басы ашық: өндірістің қандай да болсын қиын және күрделі мәселесі әзірлігі күшті, білімді мамандар тұрған жерде сөзсіз шешіледі. Ол үшін жұмысшылардың оқып, білім алуына жағдай жасау керек.

Бұл айтқанымыз еңбек пен оқудың өндіріске қатынасты жағы ғана. Ал оның адам санасына, тұрмысқа жасаған ықпалы қандай? Бұл сұраққа жұмысшылардың бүгінгі өмірі жауап береді. Әрбір демалыста бүкіл сменаның бірігіп демалысқа аттанғанын көргенде; аңға шығып, балық аулауға барғанын көргенде; смена бастығы бастаған бүкіл коллективтің кино-театрларға шашау шықпай келгенін көргенде; смена мүшелерін түгел стадионнан көргенде; өз жолдасының үйін жабыла тұрғызып жатқанын көргенде әлгі сұрағыңның шешімі өзінен өзі табыла кетеді.

Жақында маған тозаң тосатын цехтың бір жұмысшысы келді. «Сменада тоғыз адам бар. Ең алдымен комбинат басшыларынан біз бір үйде, бір подъезде тұруды сұраймыз. Бәріміздің бала-шағамыз бар. Кейбіріміздің шешеміз жоқ. Шешелері бар үйлерге балаларымызды апарар едік. Сонда зайыптарымыздың қолы босап, жұмысқа араласар еді, қоғам тіршілігіне көмектесер еді, үй-ішіміз араласып, бірін-бірі жақсы таныр еді. Бар ауыртпалықты бірге көтергіміз келеді», деді ол. Бұған қуанғаннан басқа не айтасын! Құптайсың, құттықтайсың. Олардың осы ойлары ортақ мүддеден шыққанына кәміл сенесің. Біз жаңаша өмір сүргісі келетін осы адамдарға қолдан келген бар көмегімізді аямаймыз.



Тағы бір мысал. Комбинат жұмысшысы Ибрагимов күтпеген жерден ауыр жағдайға тап болды. Ол шлак айыратын жабдықта бункерді көмір тозаңынан тазалап жатқан кезде тозақ от алып кетті де, оның киімі өртенді. Киімді шешіп болғанша, өзі де күйіп, есінен танды. Хал үстінде ауруханаға жеткізілді. Терісінің көп жері күйіп кеткен екен.

Осы ауыртпалықты жолдастары бірге арқалады. Олар Ибрагимовтың жанына тәулік бойы кезекші қойды, семьясына келіп, қиыншылығын бөлісті, қамқорлыққа алды. Кісі басы күн сайын үш рет ауруханаға барып, ыстық тамақ тасып тұрды.

Ал науқасқа қан құю қажет болғанда бүкіл смена мүшелері ауруханаға ағылып келді. Әрине, бәрінен қан алуға болмайды. Солардың тоғызынан қан алынып, ауруға құйылды. Осының өзі үлкен адамгершіліктің, жолдастықтың нышаны емес пе!

Өз денесінен терісін кестіріп, аурудың денесіне жаматқан азаматтарға қалай рақмет айтпассың! Қазір Ибрагимовтың халі жақсарып келеді. Аман-есен айығып, қатарға қайта қосылады деген сеніміміз мол. Бұл еңбек адамына деген қамқорлық, жолдастық парыз. Мұны тебіренбей айтуға қалай шыдайсың? Ибрагимов жұмыс істеген цехқа бара қалсаң жігіттер «біздің Ибрагимовпен қанымыз бір, жанымыз бір» дейді. Өз жолдасының денсаулығы үшін қолдан келгеннің бәрін істеген осындай бауырмал адамдарға қандай баға беруге болады? Әңгіме мынада: Ибрагимов жолдас комбинатта жеті жылдан бері жұмыс істеп, мемлекеттік жоспардың асыра орындалуына жеті жыл бойы көмектесті. Ол сменадағы жолдастарымен бірге оқу партасында отырып, кәсіпорынның экономикасын зерттеп үйренді, өзінің мамандығын арттырды. Солармен бірге шлаковозгонканың жұмысын жақсартуға өзінің аяулы уақытын сарп етті. Смена мүшелерінің көңілдес дос адамы болып алды. Сондықтан өздерінің жүрегіне жақын адал жолдасынан айрылу өте ауыр болар еді.

Біздің комбинатта жұмысшылардың арасындағы коммунистік қарым-қатынастың бұлардан басқа да талай-талай белгілері бар. Мыңнан аса жұмысшысы бар үлкен цехтарда жалақы кассирсіз беріледі. Сыйластық, бір-біріне деген адал сенім орын тепкен. Үй-ішімен, көрші-қолаңмен тату тұру, комсомол, пионер жасақтарын құру, кластарды қамқорлыққа алу, тағы басқа осы сықылды коммунистік нышандар бұл күнде біз үшін жаңалық емес.

Коммунистік тұрмыс жолында күресіп жатқан 22, 18, 16-шы номерлі және өзге де бірсыпыра үйлердегі коммунистерден партия топтарын құрдық. Олар үй тұрғындары арасында жарасты тұрмыс мәселесін сөз етіп, тәлім-тәрбие, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп келеді.

Көркемөнерпаздар үйірмесі, дене шынықтыру, спорт қанат жайған. Комбинаттағы әрбір екінші адам спортпен шұғылданады. Спортшыларымыз жақсы көрсеткіштерге жетті. Екі спорт мастеріміз бар. Мыңнан астам адам көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысады. Үйірмелердің негізінде қазақ және орыс халық театрлары, эстрадалық оркестр, ән және би ансамблі, көп дауысты хор құрылды. Қатысушылар арасынан әншілер, бишілер, классикалық және жеңіл музыканы орындаушылар өсіп жетілді. Металлургтер Сарайындағы мәдени шаралардың бәрі көркем үйірме мүшелерінің қатысуымен өткізіледі.

Біздің мақсатымыз — коммунизм адамын шындау. Біздің бағытымыз — коммунизм. Коммунизм шұғыласы бізге нұр шапағын шашып тұр.



## Коммунистік еңбек жеңісіне жетеміз

*Мырғалымсай руднигінің партком секретары  
И. УРЖЕНКО жолдастың сөзінен*

Еліміздің өмірінде жаңа леп, соны серпін болған коммунистік еңбек жолындағы қуатты қозғалыстың басталғанына міне екі жылдан асты. Коммунистік еңбек жеңісіне жету жолындағы бұл жарыс миллиондаған жұмысшылар мен қызметкерлердің асқақ творчествосына жол ашты.

Коммунистік еңбек кәсіпорны деген абыройлы атақты алу жарысына біздің Мырғалымсай руднигі Ащысай полиметалл комбинатында бірінші болып кірісті. Бұл жарысқа алдымен мұрындық болған, кәзір сол құрметті атаққа ие болып отырған 9-батыс учаскесі еді. Мұндай бағалы бастаманы жүздеген жұмысшысы бар біздің рудник коллективі дереу іліп әкетті.

Бұдан соң бұл жарысқа іле-шала рудниктің батыс учаскесі, байыту фабрикасы сияқты қаланың тағы басқа кәсіпорындары қосылды. Бұл күндері күллі Кентау қаласының тұрғындары коммунистік еңбек қаласы атағын алу жолында күресуде.

Рудник партия ұйымы озат жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің творчестволық бастамасына, еңбектегі белсенділігіне басшылық жасап, олардың бар күш-жігерін еңбек өнімділігін еселеп арттыруға, өнімнің түсер құнын кемітуге, жаңа техника мен технологияны, озаттықты өндіріске барынша мол енгізуге жұмылдырып отырады.

Біздің рудникте М. П. Русняк жолдас басқаратын шапшаң бұрғылайтын бригаданың атағы кен жайылған. Былтыр бұл бригада кен өнеркәсібінде рекорд жасады. Туысқан партиямыздың XXII съезі құрметіндегі жарысқа қосыла отырып, учаске мен бригада май айында 595,7 метр бойы кен аршыды. Сөйтіп, кен аршуда Бүкілодақтық рекорд жасады.

Жалпы алғанда күллі коллектив партиямыздың XXII съезі құрметіндегі жарыста елеулі табысқа жетті. Партия съезін 9-батыс, 6-батыс, 9-шығыс, шапшаң бұрғылау бригадасы, шапшаң бұрғылау учаскесі сияқты тағы басқа учаскелер үлкен өндірістік табыспен қарсы алды.

Коммунизм тұсында өмір сүретін жұмысшыларды оған даярлау, еңбек сүйгіштікке баулу, еңбек тәртібіне дағдыландыру, соның негізінде оларға жанжақты білім беру — партия ұйымының бүгінгі таңдағы негізгі міндетінің бірі.

Біз партияның жана Программасында көрсетілген коммунизм құрылысшысының моральдық кодексіндегі қағидаларды жұмысшылардың өміріне терең сіңіру үшін күш салудамыз. Оған оқудың бар түрін пайдаланудамыз. Өйткені, ұлы көсеміміз Владимир Ильич айтқандай: «коммунистік адамгершіліктің негізі — коммунизмді нығайту және аяқтау үшін күресу. Міне, коммунистік тәрбиенің, оқу-білімнің негізі де осы» (Шығармалар, 31-том, 296-бет).

Рудник жұмысшылары саяси және жалпы білім беретін оқудың барлық түрімен түгел қамтылған. Биыл кешкі жұмысшы-жастар орта мектебінде оқушылардың саны былтырғымен салыстырғанда екі есе дерлік өсіп отыр.

Айта кететін бір жай бізде әрбір оқу тоқсаны бітісімен оқудың қорытындысы шығарылып, әр кәсіпорнында ілініп қойылады, кешкі мектепте оқитын оқушылардың жалпы рудниктік жиналысы өткізіліп, онда сабақтың қорытындылары мен алда тұрған міндеттер талқыланады. Сондай-ақ, ай сайын кешкі мектепте оқитын жұмысшылардың сабақты



қалай үлгіретіні туралы табель қабырғаға қағылып қойылады. Мұның өзі оқу сапасының жақсаруына әсер етіп келеді. Кешкі мектепте оқитын жұмысшыларға партия ұйымы көмек көрсетіп, қолдап отырады.

Тәрбие жұмысын жақсартуда партия оқуы жүйесі мықты көмек болып отыр. Егер 1959 жылы рудниктегі партия және комсомол оқуы жүйесінде небәрі 6 үйірме ғана жұмыс істеген болса, кәзір 802 адамды қамтитын әр түрлі 27 үйірме жұмыс істейді.

Партия оқуы жүйесінің 4 есе өсуі жаңа адамды тәрбиелеуде партия оқуының шешуші роль атқарып отырғанының бір белгісі. Партия оқуы адам санасындағы ескіліктің қалдығын жоюға, тыңдаушылардың саяси ой-өрісін кеңейтуге, өндірісте кейде кездесіп қалатын кемшіліктерді болдырмауға жәрдемдеседі. Мысалы, жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің нақты экономиканы үйренуі өндіріске терең үнілуге түрткі болды. Экономиканы оқып-үйрену өнімнің түсер құнын кеміту жолдарын талдауға, өндіріс жайын қозғауға себеп болды. Соның нәтижесінде кәзір өндірілетін бір тонна руданың түсер құны былтырғыдан едәуір кеміді. Кәзіргі кезде рудниктің әрбір учаскесінде нақты экономиканы оқып-үйренетін бастауыш үйірмелер жұмыс істейді.

Әрдайымда белгіленген жоспар-шаралардың ойдағыдай орындалуы адамға байланысты екені белгілі. Осыған орай рудник партия ұйымы партияда бар және партияда жоқ жұмысшыларды жаңаны қолдау, озаттықты меңгеру, ешбір кемшілікке төзбеу рухында тәрбиелен келеді. Мұның өзі коммунистік еңбек жеңісіне жетуге қажетті шарттың бірі екенін өмір дәлелдеді.

Рудникте өнертапқыштық пен жанашылдық кен өріс жайған. Өткен жылы жұмысшылардан 204 жанашыл ұсыныс түсіп еді. Оның 198-і өндіріске енгізілді, соның арқасында жарты миллиондай мемлекет қаржысы үнемделді. Рудникте станок, бункер және тағы басқа жабдықтардың жетілдірілген түрін ойлап тапқан жанашылдар көп-ақ.

Біз жұмысшылардың техникалық дәрежесін көтеруге де үлкен мән беріп келеміз. Рудник жұмысшыларына жалпы білім беретін мектепте оқумен бірге күрделі жұмыстарды атқаруға мүмкіндік беретін аралас мамандықты меңгеру міндеті жүктелген. Кәзір біздегі әрбір жұмысшының бірнеше мамандығы бар.

Жұмысшылардың инженер-техник қызметкерлермен ынтымақтаса жұмыс істеуі олардың техникалық дәрежесінің инженер-техник қызметкерлер дәрежесіне көтерілуіне жағдай жасап отыр.

Кәзіргі кезде рудник партия ұйымының бүкіл жұмысы бір нысанаға саяды. Ол — партиямыздың XXII съезі қабылдаған жаңа Програмада көрсетілген міндеттерді ойдағыдай орындап шығу. Сөйтіп, көптен аңсаған коммунистік еңбектің жеңісіне жету. Біз оған сөз жоқ жетеміз. Оған рудник жұмысшыларының кәзіргі еңбек қарқыны куә.

## Колхоз—шаруалар үшін коммунизм мектебі

*Оңтүстік Қазақстан облысы, Ильич ауданы, «Заря коммунизма» колхозының бас инженері Ф. И. КИМ жолдастың сөзінен*

Партиямыздың ұлы Программасындағы «Колхоз—шаруалар үшін коммунизм мектебі» деп алтын әріппен жазылған осы бір қарапайым сөз жанға жайлы, жүрекке жылы тиеді. Біз, колхозшы шаруалар коммунизмінің Манифесі болып саналатын жаңа Программаны шын жүрек-



тең құттықтап қарсы алып, оны зор зейін қоя, терең оқып үйренудеміз. Оның әрбір сөзі, әрбір сөйлемі совет адамдарының кәзіргіден де жарқын, бақытты болашағына арналған. Оны оқып отырғанда ұлы Отанда, Коммунистік партияға деген шәксіз сүйіспеншілігіміз, коммунистік еңбекке деген күш-жігеріміз арта түседі.

Бұл түсінікті де. Өйткені, жана Програмада колхозшы шаруалардың болашағы, олардың әл-ауқатын, мәдени-тұрмысын жақсарта беру жөнінде жасалатын қамқорлық атап көрсетілген.

«Колхоз формасы, — делінген жана Програмада, — деревнядағы кәзіргі өндіргіш күштердің даму дәрежесі мен талаптарына толық сай келеді, жана техника мен ғылымның жетістіктерін тиімді қолдануға, еңбек ресурстарын орынды пайдалануға мүмкіндік береді. Колхоз шаруалардың жеке басының мүдделерін қоғамдық, жалпы халықтық мүдделермен, өндірістің нәтижелеріне жоке адамдардың және коллективтің ынталы болуын ұштастырып отырады, шаруалардың еңбек өнімділігін арттыру негізінде олардың табыстары мен әл-ауқатын арттыруға кең мүмкіншіліктер ашады».

Міне, шаруалардың келешегі жөнінде партиямыздың Програмасында айтылған бұл қамқорлықты оқығанда қалай қуанбайсың! Өз басымыздың және жас ұрпағымыздың осындай жарқын болашағы көзіңе елестеп, соған ертерек жетуге асығасың. Партиямыз: совет адамдарының кәзіргі ұрпағы коммунизм тұсында өмір сүретін болады, деп салтанатпен жариялады. Сондықтан да біз кәзір коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы, халық тұтынатын заттардың, әсіресе киім-кешектің молшылығын жасау жолындағы игі іске өзіміздің лайықты үлесімізді қосу үшін жемісті еңбек етудеміз.

Олай дейтініміз, Оңтүстік Қазақстанның Ильич ауданындағы Біздің колхоз аса бағалы шикізат болып саналатын мақта — «ақ алтын» өндіреді. Біз бұл жөніндегі жауапкершілігімізді сезініп, мақта егісінен тұрақты және мол өнім алу үшін қажырлы күрес жүргізудеміз. Ғылым мен техниканың жетістіктерін, озаттардың тәжірибесін кеңінен, батыл қолданудамыз. Мұның өзі тиісті жемісін беруде. Ауа райының кей кезде қолайсыз болғанына қарамастан, колхозда шитті мақта жылдан жылға мол өндірілуде. Мәселен, колхоз 1952 жылы, яғни өзі құрылған жылы 600 гектар мақта егісінің әрбір гектарынан 21 центнерден өнім алған-ды. Содан бері қарай мақта егісінің түсімділігі жыл сайын артып келеді. Сөйтіп, 1960 жылы 1 500 гектар жердің әрқайсысынан 36,3 центнерден өнім жинауға қол жетті. Ал өткен жылы әр гектардан 39,2 центнерден «ақ алтын» алынды.

Бұл табыс, әрине, өзінен өзі келген жоқ. Ол — мақташылардың қажырлы еңбегінің жемісі. Біз соңғы жылдары қозаны баптау жұмысында техника күшін кеңінен пайдаланудамыз. Ол үшін біз толық механикаландырылған бригадалар құрдық. Олар бүкіл маусымда қозаны баптау, суару және мақта жинау жұмысын машинамен атқарады. Бұл істе, әсіресе Николай Ли басқарған бригада үздік алда болды. Бригада былтыр 208 гектар жердің әрқайсысынан 48 центнерден өнім жинауға міндеттенді. Оны іске асыру үшін бригада мүшелері алажаздай қажырлы еңбек етті. Адал еңбек зая кеткен жоқ, жемісін берді. Әрбір гектардан 49,5 центнерден «ақ алтын» алынды. Сөйтіп, жалпы түсім 1 030 тоннаға жетті. Демек, бригаданың әрбір адамы 50,6 центнерден мақта өндірді.

Біздің колхоз кәзір коммунистік еңбек шаруашылығы атағын алу үшін күресуде. Бұл игі мақсатқа жету жолындағы күресте біз жастарға арқа сүйейміз. Өйткені, олар — біздің келешегіміз, үмітіміз. Сондықтан да біз жастарды еңбекке тәрбиелеудеміз. Олар жемісті еңбек етуге мектепте жүрген кезінде-ақ қатысады, тәжірибе алады. Ал өзіміздің



колхоздағы орта мектепті бітірген соң олар өндірістік жұмысқа тікелей де батыл араласып кетеді. Мұны мынадай фактімен дәлелдеуге болады. Бізде кәзір комсомолец-жастар бригадасы бар. Онда әлгі онжылдық мектепті бітірген жас жігіттер мен қыздар істейді.

Бұл жалын атқан жастар жұмысты еңсере істеп, егде адамдардың тәжірибесін барған сайын кең қолдануда. Олардың көбі ауылшаруашылық машиналарын әбден меңгеріп алды. Әсіресе мақта жинайтын машинаны жүргізуші жас өрен Владимир Пак үздік келеді. Өткен жылы ол «ХВС-1,2» машинасымен бір өзі 112 тонна мақта жинады. Жас механик-жүргізуші Яков Ли да осыған таяу көрсеткішке ие болды. Жастар бригадасының Анатолий Цой, Махимов сияқты мүшелері де жанаямай еңбек етіп, басқаларға өнеге көрсетуде. Бригада мүшелері кәзір өздерінің саяси, экономикалық және техникалық білімін көтеру үшін түгелімен оқып жүр.

Біздің колхоз республикамыздағы алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың бірі болып отырса да жұмысымызда әлі де ірі кемшіліктер бар. Біздегі сегіз бригаданың бәрі бірдей емес. Олардың кейбірін артта қалғаны үшін сынап, алдағыларға теңеу мақсатын көздеудеміз. Әрине, оларды мүлде артта қалған екен деп түсінуге болмайды. Өйткені, олар 30 центнерден асыра өнім жинап жүр. Мұның өзі аудан бойынша алынған орташа өнімнен 5 центнер артық. Алайда, біз қол жеткен жоғары көрсеткішті шек емес деп есептейміз. Егер күш-мүмкіндікті толық, тиімді пайдалансақ, мақта егісінен өте жоғары өнім алуға мүмкіндік бар. Біз мұны ескеріп, бригадаларда механизаторлар мен мақташыларды оқытып, олардың мамандығын арттыру ісіне ерекше назар аударудамыз.

Мұнымен қатар біз колхоз шаруашылығын шартарапты етіп өркендетуге, ол үшін ішкі қор мен мүмкіндіктерді іздестіруге көп көңіл бөлеміз. Бұл жөнінде жаңа Программада: «Колхоз құрылысындағы бар мүмкіншіліктер мен артықшылықтарды мейлінше толық пайдалану қажет. Ұйымдастырылу сипаты мен демократияның негіздері барған сайын дамып отыратын колхоз шаруашылықтың қоғамдық формасы ретінде өндірісті колхозшы бұқараның өздері басқаруын, олардың творчестволық инициативасының кеңінен өрістеуін, колхозшылардың коммунизм рухында тәрбиеленуін қамтамасыз етеді» делінгені мәлім. Бұл программалық талапты ойдағыдай іске асыруға барлық күш-жігерімізді жұмсаймыз.

Жасыратыны жоқ, біздің жұмысымызда кейбір қиыншылықтар да кездесіп жүр. Атап айтқанда, бізде озаттардың тәжірибесін жанжақты қорытып, кеңінен тарату, коммунистік еңбектің экономикалық жағынан тиімді жаңа түрлерін іс жүзінде қолдану жағы нашар. Колхозшыларды еңбек нәтижесіне ынталандыру жағы да жеткіліксіз. Колхоз мемлекетке сатқан мақтадан көп табыс келтіре тұрса да механизаторлар еңбегіне ақыны мақта өнімін аз алып жүрген көршілес Ленин атындағы совхоздарыдан аз төлейміз. Бұдан басқа да әлі шешуі табылмаған бірқатар мәселелер бар. Егер ғалымдар, экономистер біздің колхозымызда жиі-жиі болып, нақты көмек көрсеткен болса, мұндай мәселелердің ойдағыдай шешіліп кететіндігінде шүбә жоқ. Мен алдағы уақытта ғалымдардың, экономистердің колхоз өндірісімен байланысты күшейтіп, біздің коммунизмге қарай жедел алға басуымызға көмектескені дұрыс қой деп білемін.

Біз партия, совет және ауыл шаруашылығы органдарының көмегі арқасында жұмысымыздағы кейбір кемшіліктерді іс жүзінде түзетеміз. Бұған колхоз мүшелерінің бір жеңнен қол, бір ауыздан сөз шығарып, асқан ынтымақпен, туысқандық бірлікте еңбек етіп келе жатқаны көпіл. Олай дейтініміз, біздің колхозда көп ұлттың өкілі бар. Олар мүддесі мен мақсаты бір болғандықтан бір анадан туғандай ынтымақшыл,



Партиямыздың жаңа Программасында коммунизм құрылысшыларының моральдық кодексі туралы былай делінген:

— коллективтілік және жолдастық өзара көмек: бірі көп үшін, көп бірі үшін;

— адамдар арасындағы адамгершілік қарым-қатынастар және бірін бірі сыйлаушылық: адам — адамға дос, жолдас және туыс;

— СССР-дің барлық халықтарының достығы мен туысқандығын сақтау, ұлттық және нәсілдік жақтырмаушылыққа төзбеу;

— барлық елдердің еңбекшілерімен, барлық халықтармен туысқандық ынтымақта болу.

Міне, осы қасиеттер біздегі колхозшылардың арасында коммунизмнің жаңа өркені ретінде қалыптасуда және ол барған сайын нығая түсуде.

Сол сияқты жаңа Программада адамгершілік принциптердің бірі «қоғам дәулетін сақтауға және көбейтуге әр адам қамқорлық жасау; қоғамдық борышты жоғары саналылықпен түсіну, қоғамдық мүдделерді бұзушылыққа төзбеу» делінген. Бұл талапты колхозшылар дұрыс түсініп, құптап қарсы алды. Олар қоғамдық дәулетті көздің қарашығындай сақтап, оны молайта беру үшін күресуде. Колхозшылар өз өмірінің қожасы екендігін сезінеді. Колхоздың ісін — өз ісім деп санайды. Сондықтан да колхоз өндірісінде кездескен кемшіліктерге төзбейді. Олар кәзір адал, жемісті еңбек етуге берік бел байлап отыр. Өйткені, колхозшыларымыз: «Коммунистік қоғам әсте де анархия, керенаулық және сейіл-серуен құру қоғамы емес» екенін жақсы түсінеді.

Жаңа Программада атап көрсетілгендей, коммунизм тұсында материалдық молшылықпен қатар адамдардың рухани байлығы да болуы шарт. Біз мұны ескеріп, колхозшылардың өскелең мәдени, рухани талабын ұдайы өтеп отыруға зер салудамыз. Бізде оған мүмкіндік мол. Колхозымыз әуелде, осыдан он жыл бұрын құлазып жатқан Жетісай даласына орналасса да, кәзір гүлстанға айналды. Сәнді, сәулетті, тұрғындары дәулетті селомызда мәдени тұрмысқа қажетті мекемелердің бәрі бар. Колхоздың әсем де зәулім етіп салынған клубын басқару тізгіні комсомолец-жастарға берілді. Жастар онда әр алуан ойын-сауық, кино көрсетеді, концерт береді. Сонымен қатар онда партия, комсомол ұйымдарының іс жоспарына сәйкес колхозшылар үшін мазмұнды, өмірмен байланысты лекциялар оқылып, баяндамалар жасалады және әңгімелер өткізіледі. Бұл жұмысқа колхоздың озаттары мен активтері және ауыл-село интеллигенциясы тартылып отырады. Колхозшыларға саяси, мәдени тәрбие беруде басқа да қоғамдық ұйымдардың ролі арта түсуде. Осындай идеялық-тәрбие жұмысының нәтижесінде бізде тәртіпсіздік, бұзақылық, маскүнемдікке салынушылық сияқты ұнамсыз қылықтар жойылды. Біздегі халық жасақшылары мен жолдастық сот шұғылданатын ешнәрсе болмай, «іссіз» қалды. Мейлі, солай бола берсін. Біз оған қуанбасақ, қынжылмаймыз.

Кәзір біздің колхоз тек мақтамен ғана шұғылданбай, шаруашылықтың басқа салаларын да кең өрістетуге бет бұрып отыр. Н. С. Хрушев жолдас таяуда біздің аудандағы «Мақтаарал» совхозында болғанда бізден, яғни мақта егетін колхоздардан етті, майды, сүтті және овошты көп өндіруді талап етті. Біз партия мен үкімет басшысының бұл нұсқауын мүлтіксіз іске асыру үшін қажырлы күрес жүргіземіз. Сөйтіп, елімізде ауыл шаруашылығы өнімдерінің молшылығын жасауға лайықты үлесімізді қосамыз.



## Сенім — көңіл күйінің кілті

А. С. ШАНДРИНА жолдастың сөзінен

Коммунистік еңбек коллективі деген атақ әрбір кәсіпорынның жұмысшысы мен қызметшісіне үлкен міндет, ерекше жауаптылық жүктейді. Осы атақты алуға жарыс басталмас бұрын біз көп ойландық. Коммунистік еңбек атағын алу үшін жарысты бригададан әлде учаскеден бастаймыз ба, қайтеміз, болмаса бүкіл фабрика осы атақты алу үшін ат салыса ма деген ой көп толғантты.

— Бүкіл фабриканы коммунистік еңбек атағы үшін жарысқа бағыштамай-ақ қойындар, сендерде артта қалған жеке жұмысшы мен қызметші түгіл, бригада, смена бар ғой, — деушілер болды. Әрине, бұл пікір, бір жағынан алғанда, орынды сияқты. Коммунистік еңбек атағы үздік бригадаға немесе сменаға берілетіні түсінікті. Ал енді бүкіл фабрика болып бұл атаққа бірден ұмтылудың үлгісі біздің қалада бұдан бұрын бола қойған жоқ.

Ақыры, біз бүкіл фабрика болып осы құрметті атақты алу үшін социалистік жарысқа түсуді ұйғардық. Мұның өзі бүкіл коллективке сенуден басталған үлкен қорытынды еді. Егер бір сменаны немесе бригаданы бөліп алып, бұлар коммунистік еңбек атағын алу үшін күреседі деп жарияласақ және осылай істесек, бұл фабриканың басқа адамдарына қандай әсер еткен болар еді? Оларды кеміту немесе олардың қабілетін, іскерлігін бағаламау дегеннен аулақ болсаң да, оларға сенімнің тапшы екенін мұндай жағдайда қалай жасырар едің? Сонымен бүкіл коллективке рух, шабыт беру үшін біз бүкіл фабрика коммунистік еңбек атағы үшін күреседі деп бел байладық. Бұл сенім бекер болмағанын тәжірибе көрсетті.

1960 жылғы ноябрь айында фабрикаға коммунистік еңбек коллективі атағы берілді. Бұл күн жұмысшы мен қызметшінің бәрінің кеудесін кернеген қуаныш күні болды. Коммунистік еңбек атағын алу жолындағы аттаныстың үздігі болған төртінші бригаданың тігіншілері бұл күні ерекше шабытқа мінді. Жұмыстың сапасы, еңбек өнімділігі, ұқыптылық жөнінде бұл бригаданың адамдары басқаларға өнеге болды. Жолдастық, қайырымдылық, бауырмалдық жөнінде бұлар бүкіл фабриканың ұйтқысы болды десек артық айтқандық емес. Осы бригаданың адамдары қоғам жұмысына да құлшына кіріседі. Фабрикадағы үгітшілер мектебінің, нақты экономика, партия тарихы үйірмелерінің жұмысына олар атсалысып отырады.

Мынадай бір мысал келтірейік. Өнімнің сапасын бақылау бөлімі артық емес пе, жұмысты шебер атқарып, дәлме дәл орындаса, өнімнің сапасын ойдағыдай жасауға болмай ма деген ой туды. Сайып келгенде өнімнің сапасы шебердің қолына байланысты. Бақылаушы өнімнің сапасына қаншама көз болғанымен де шебердің қолы мүлт кетсе немесе шебер алақол болса, бақылаушы не істей алады? Біз өнімнің сапасына жұмысшының жауаптылығын күшейтуді мақсат еттік. Бұл жұмысты бәрі де ортаң қолдай төртінші цехтан бастауды ұйғардық. Өздеріне ерекше сенім көрсетілгеніне олар әбден қуанды. Цех жұмысты өнімнің сапасын бақылаушыларсыз істей бастады. Әрине, мұның алдында бұл цехтың жұмысшыларымен түсінік жұмысы жүргізілді, олардың жауаптылығы артты. Алғашқы күннің өзінде-ақ цех тігіншілері жұмысты үздік атқарып, өнімді түп-түгел бірінші сортпен өткізді.

Кейін фабрикадағы өнімнің сапасын бақылайтын 38 адамның бәрін басқа жұмысқа ауыстырдық. Қазір бригадаларда өзара бақылау,



тексеру жүргізіп отыратын топтар бар. Әрбір смена сайын қоғамдық бақылаушылар және бар. Бұл қоғамдық бақылаушыларды коммунистер А. Канталинская және В. Марченко жолдастар басқарады. Бұлар жетісіне үш дүркін өнімнің сапасын тексереді. Олар жұмыс сапасына да көз болып жүр.

Өнімнің сапасын бақылаушыларды жойып, біз фабриканың тігіншілеріне үлкен сенім көрсеттік. Бұл сенім де орынды болып шықты. Мұны фактімен дәлелдеуге болады. Фабриканың өнімі — пальто, костюм және басқалары — негізінен түп-түгел бірінші сортпен тігіледі. Мұның алдында жұмыстың сапасын жақсарту жөнінде әжептәуір қамқорлық жасалды. Партия және кәсіподақ ұйымдары тігіншілер арасында түсінік жұмысын жүргізді. Фабрикадағы өнімнің бірінші сортпен шығарылуын бір процент арттырғанда жылына 42 мың сом үнемдеуге болатыны және осыған байланысты әркімнің нақты міндеті егжей-тегжейлі талқыланды. Нақты экономика үйірмесінде өнімнің сапасын жақсартудың жолдары тереңінен қозғалды. Тағы да айтамын, бұл сенім, бұл жұмыс босқа кеткен жоқ. Өнімнің сапасы жақсарып келеді. Шынын айту керек, жұмыс дәрежесінің бәрі бірдей үздік және өнім түп-түгел ақаусыз деуге болмайды. Кейде біздің фабрикадан шыққан киімнің жарасымдылығы, қонымдылығы ойдағыдай бола қоймайды. Киімнің тігілуі түп-түгел жақсы деп таласуға да жөн жоқ. Осындай кемшіліктер үшін біз қынжыламыз. Жұмыстың сапасын жақсарту түсу — негізгі міндетіміз. Фабриканың өнімі жөнінде пікір алу, тұтынушылардың бұл жөніндегі сын ескертпесін, тілегін білу — бізге үлкен көмек.

Фабрикада еңбек өнімділігі жылдан-жылға өсіп келеді. Осының нәтижесінде өндірістік жоспарды орындау жөнінде әл-әдемі жетістікке ие болдық. Соңғы екі жыл бойында фабрика айлық, тәуліктік жоспарды үнемі бірқалыпты орындап келеді. Жоспар орындалмай қалған уақыт болған емес. 1958 жылмен салыстырғанда еңбек өнімділігі 41,3 процент артты. Еңбек өнімділігінің артуына орай шығарылған өнімнің түсер құны мықтап кеміді. Осының арқасында кәсіпорынның пайдасы ұлғайды. Фабрика биылғы жылдың өндірістік жоспарын 14 декабрьде орындап шықты. Партияның XXII съезі қарсаңында фабрикамыз он айдың өндірістік жоспарын орындап шыққан болатын.

Фабриканың өндіріс саласындағы бұл жетістіктері әрбір жұмысшы мен қызметшінің мақтаныш сезімін туғызады. Қазір біздің тігінші қыздар фабриканың аты, абыройы үшін түгел ат салысады. Ұсақ-түйек кемшілікті олардың өзі-ақ түзетіп, бүкіл жұмысқа ұйтқы болып отырады. Үздік мәдениет, үздік тазалық үшін аттанысты қыздардың өзі бастады. Осындай талап-тілектің арқасында жұмыс орнын таза ұстау, бүкіл цехтың тазалығын қамқорлыққа алу жөнінде көп жұмыстар істелді. Тазалықты сақтау бірте-бірте әрбір жұмысшының күнделікті әдетіне айналды. Бірін бірі көзге шұқып, ұялтып жатпаса да дәстүрге айналған нәрсе жұрттың бәрінің бойына сіңіп кетті. Қазір цехтың іші жайнап тұрады, тап-таза.

Әрбір жұмысшы мен қызметшінің ұқыптылығын, мәдениетін көтеру — ол-оңай іс емес. Біз мұны жұмысшылардың жалпы білім дәрежесін арттырудан бастадық. Фабриканың жұмысшыларының көбі қазір оқып жүр. Олардың біразы жұмысшы-жастар мектебінде, фабрика-завод мектебінде оқиды. Ал, 73 адам техникумда сырттан оқиды. Жоғары оқу орындарына түскен жастар да бар. Өндірістен қол үзбей жоғары оқу орнында оқып жүрген 22 қыз-келіншектің бірен-сараны ұзамай дипломын қолына алады. Мысалы, Нина Лунева, Лидия Овчарова, Нина Федорова жуырда институт бітіріп, инженер болып шығады. Алтын Сәрсенбаева, Валентина Калинина және басқалары техник деген атақ алғалы қашан.



Тігінші жастардың жалпы білімін көтеру олардың кітапқа, өнердің барлық саласына деген ынтасын арттыра түсті. Біздің жастар әсіресе кітапты сүйіп оқиды. Осыған байланысты кітап оқушылар конференциясы жиі өткізіліп тұрады. Соңғы уақытта фабрикада Шошминнің, Гендряковтың, Полевойдың, Грузиннің жеке шығармалары бойынша кітап оқушылар конференциясы болды. Бас қосып театрға бару немесе опера тыңдау біздің қыздардың дағдысына айналып кетті. Кейде көрген спектакль бойынша пікір алысу, талқылау болып тұрады. Мысалы, «Өмір осылай басталды» деген спектакльді талқыладық. Мұндай пікір алысудың мазмұнын байыту мақсатымен оған өнер қайраткерлерін шақырып отырамыз. Біздің қыздар әсіресе музыканы жағындай жақсы көреді. Ольга Земская, Зинаида Сакульская сияқты жақсы ән мен жақсы арияны, тіпті бүкіл операның желісін жатқа білетін қыздарымыз бар. Фабриканың жұмысшылары осындай нәзік жандардың арқасында музыка жаңалықтарын үнемі біліп отырады.

Біз сенім — көңіл күйінің кілті дедік. Шынында да солай. Біздің фабрикада жалақы кассирсіз беріле бастағанына көп уақыт болды. Асханада да кассирді көрмейсің. Жұмысшы мен қызметші ақшасын өзі төлеп, тиісті тамағын алып жүре береді. Кәсіпорында қызметке шығу уақытын бақылап жатқан арнаулы адам да жоқ. Ондай адам жоқ екен деп жұмысқа кешігіп жүрген кісіні тағы көрмейсің. Бұрын тігінші фабрикадан шығарда оны тінту, тексеру сияқты рабайсыз әдет бар-ды. Жұмысшыны ол бірдеңе ұрлаған адамдай олай-бұлай бұлтартпай, қойны-қонышын түп-түгел ақтару деген тым өрескел іс еді. Біз осы әдеттен де бас тарттық. Бұл жолы да сенім орынды болып шықты.

Жұмысшылар осындай жаңалыққа өте риза. Олар сенім көрсеткенін біліп, оны керемет бағалайды. Адал, ұқыпты болу үшін олардың өзі ұмтылады. Біз сенім көрсету арқылы жұмысшы абыройын, жұмысшы беделін арттырдық. Оның жұмысы да, тұрмысы да көрікті болсын дейміз. Фабрика жұмысшының жеке басының қуанышына араласа бастады. Біз мұндай қуаныш күндері оны құттықтау, құрметтеу, сыйлау дегенді ұмытпауға тырысамыз. Мысалы, Полина Гирконың қуанышын атап өткенде жұрттың бәрі риза болды. Бұл дәстүрді дамыта түсудің пайдасы олқы болмас.

Коллективте қуанышты ғана емес, ренішті де бөлісіп отырса артық боямайды. Мысалы; жұмысшылардың жалпай білімін көтеру мәселесін қолға алғанда біз семьядағы қиыншылыққа кездестік. Біреудің баласы бар, біреудің үйінде адамы жоқ. Осыған байланысты біз күн ұзағына ғана емес, тәулік бойы жұмыс істейтін балалар яслиін, балалар бақшасын ашуға мәжбүр болдық. Жұмысшылардың тұрмысын біліп отыратын арнаулы комиссия құрдық. Мұның өзі әл-әдемі нәтиже бере бастады. Мынадай бір-екі мысал келтірейік. Біздің жұмысшы Таймырзаева көршілерімен тату тұра алмады. Бұл жеке адамның басындағы қиыншылық қой. Ал енді осыған мән бермей, көңіл бөлмей жүре берсек, бірнеше семьяның атына кір келер еді, тұрмыстың шырқы бұзылар еді. Біз әлгі комиссия арқылы осыған да араластық. Жұмысшы Оузиеваның семьясында реніш туғанын әлгі комиссиямыз білгеннен кейін бұл жөнінде де қарап қалмадық. Фабрика жұмысшыларының өмірін қалыпты арнаға салу үшін осылай күресіп отырамыз.

Біздің Алматыдағы № 2 тігін фабрикасы коммунистік еңбек атағын алғалы бір жылдан асты. Осы бір жылдың ішінде коллективте тәртіп, саналылық, ұйымшылдық бұрынғыдан да күшейді. Соңғы бір жылдың ішінде бірле-бір адамға сөгіс немесе басқа бір әкімшілік жаза қолданылмағаны осыны көрсетеді. Мұның бәрі сенімнің күші. Сенім — көңіл күйінің кілті.



# Хат-хабар

## «Қара алтынның» қаһарманы

Коллектив ішінде бұл скважинаны бұрғылауды кімге тапсыру жөнінде әңгіме аз болған жоқ. Көпшілік пікірінің тоғысқан жері — бұл жауапты мұнай қабатының сырын ашатын, тіпті Боранкөл барлау мекемесі тағдырын шешетін № 9 скважинаны байырғы бұрғышы, Социалистік Еңбек Ері Әбілқасым Махұтовқа беретін болды.

...Талай жылдар бойы жонына ештеңе тимей, қатып қалған тоң жерге бұрғы салына бастады. Бұрғы жерге бойлап тереңдеген сайын, осынау шырқау биікке қол созып тұрған мұнара төбесіндегі жалау да шаттанғандай желбірей берді.

...Ышқына дарылдай бастаған мотор қуаты турбобурды сіңіріп барады. Алғашқы қарқын, бастапқы қимылға директор да разы. Бұл кездегі Әбекен көңілі, анау аспан әлемінде бұрғы үнінен үрке қашқандай, ыдырай түскен бұлттан да асқақ жоғары еді. Ол ойымен механизмдердің жұмысын бір шолып шықты.

Анау Төңірекшынды бұрғылауға керекті су табылмай көп қиындық кездесіп еді. Бұл скважинадан да су қабаты кездеспесе не болады? Онда Ащы көлден су тасу керек. Оған қанша көлік, қанша қаржы жұмсалады?

Мұнайшы жұмыстан кейінгі бос уақытын пайдаланып басқарма геологі Сәлкен Аманкелдинге барды. Бұл кіргенде ол дастархан сияқты жылтыр айқыш-ұйқыш бірденені сызып отыр екен. Әбекен өзін толғантқан ойын ортаға салды, көңілдегі күдігін айтты. Бұрғышы жер астын көрмесе де, оның сырына қанық болуы керек.

— Сенومان қабатында су бар. Тек дел қаза білу керек. Тіпті ол судың шипалық қасиеті болуы да мүмкін. Өзіңіз білесіз ғой. Ескіжалда қазған скважинадан минералды су шыққанын, — деді геолог оған қарап. Түсіндім деп басын изеген ол геологиялық картаға салынған ирегіне үңіле қарады. Осы жерде су, мұнай бар деп отырған геолог сырын Әбекен жүрегінің сезіп тұрмағанын кім білген. Тәжірибелі мұнайшының бұрғысы жер астындағы алтынды да табады. Ертең-ақ мұнай фонтаны атқылап жатса, ол алтын емес пе?

Көп ұзамай мың метрге жетпейтін альф-сенومان қабатын да Әбекен артына салды. Оның бұрғысы жер астын қуалап көздеген межеге тартып барады. Көп заманғы қыртыстар қатты да берік. Анау Әбілқасым бетіндегі моншақтаған тер, оны жаңа ғана күрестен шыққан кісіге ұқсатады.

Шынында да юра қабаты ойыншық емес. Бұған кез келген адамның қолы жете бермейді. Екі мың метрдей тереңдікте жатқан юра қабатының құпиясы мол. Тек осы жұмбақты дәл шеше білу керек.

Бұл болжау расқа шықты. Міне, бұрғының қатты жынысқа қадалып жылжымай тұрғанына біраз болды. Мотор дауысы жер жарайды. Бар тетік, мынау зәулім мұнара да барша күшін жұмсағандай. Түтін бұрқырап, бебеу қаққан мотор күшінен жер дірілдегендей болады. Берілмеуге бекінген әлгі жынысқа енді ұсақ тісті қашау салынды.



Бұрғышы көзі өзінің алдамас серігі — салмақ индикаторында. Турбабурға қысымды көбейте түскенде сағат тіліндей индикатор тілі де ырши түседі. Бірақ әлгі жер астындағы «алмас» әлі берілер емес. Қысымның шамадан тыс көбейіп бара жатқанын байқаған Әбекең күшті өзгертті. Мұндайда күшті орынсыз жұмсаған құралды забойда қалдырып алуы ықтимал. Енді не істеу керек? Бригада мүшелерінің бәрі осы сұраққа жауап іздейтіндей. Біреуінде үн жоқ. Не істеу керек?

Мұндайда асығып-аптығу оған жат. Ол қабағын сәл түйген қалпы, дірілдеп тұрған қысым күшін белгілейтін көрсеткішке қарап қояды. Әбекең бұрғышы болған ширек ғасыр ішінде жер астынан талай қатты жыныстар кездескен. Оның қолы неше бір қатлар тастарды бұрғылап кідіріссіз өткен. Құлсары кәсіпшілігіне алғаш келіп, жер қойнауына бұрғы салғанда тап осындай бір бұрғы өтпес керемет кездесіп еді. Бірақ Әбекең онда роторлы бұрғының салмағын арттырып жіберіп, көп қиындық көрмей-ақ шығып еді. Алайда жер астын кім көзімен көрген. Не бір ойда жоқ нәрселердің кездесіп қалуы мүмкін ғой. Мынаның бұрғыға болмай қасарсып тұрғанын не деуге болады?

Бір сәт ол ертіндіге қарады. Ертіндіде жер қыртысының ұсақ жанқалары байқалмайды. Саздан жасалған ертінді сол күйінде жер астынан шыққан бұлақтай сылдырап ағып жатыр. Әбілқасым бұрғылауды тоқтатып, жер астынан бұрғыны көтеруге бұйрық берді. Әбілқасым ұсақ тісті қашау салып кедергі болып тұрған қатты жынысты бұзып еді, бұрғы жүре берді.

Табиғат өз байлығын қорғағысы келгендей. Белгіленген нысанаға жақындағанда бұрғы жүрісі тағы баяулап қалды. Кәзіргі уақыт шешуші кезең болатын. Моторларда бар күшін жинағандай арылдайды, қаналады. Бұрғылаудың соңғы метрлері онайға түсетін түрі жоқ.

Тынымсыз күш түсіп тұрған бұрғы тайсалмай қазуда. Бірақ өнімсіз жылжиды. Юра қабатына еруге аз қалған бұрғыдан мұндай жағдай болады деп олар күтпеген еді. Айтса да, екі мың жеті жүз метр жер қазу онай емес. Әбілқасым жүзі бұрынғыдан да қошқылданып кетіпті.

— Ақдамов ертіндіге химиялық қоспа қос. Забой берік болсын.

— Тәжімұқанов сен фонтан шыбықтарын дайында.

Әбілқасым бригада мүшелеріне әртүрлі тапсырмалар берді. Жер қойнауының сыры көп қой. Кім білген егерде қатты газ кездессе, мынау абажадай мұнараны да лактырып жіберуі мүмкін ғой. Алдын ала барлық әзірлікті істеу керек. Әркім өз жұмысымен әуре. Сіңбіруге уақыт жоқ. Мұндайда жігіттер шаршау дегенді біле ме?

— Моторың қызып кеткен жоқ па?—деп Әбекең Ахметовке қарады. Ол мотор жағдайы жақсы дегендей ишарат білдірді. Барлық жай-жапсарды біліп алғаннан кейін ол бұрғыға тағы күш салып көріп еді, сақыллаған қашау жайлап жылжи бастады.

О, ғажап! Бұндай ғаламатты кім көрген? Бұрғышы қазір байқады ертінді мен кара қошқыл мұнай қоса шыға бастапты. Сол заматта-ақ, мұнай фонтаны атқылап, кара жер дір ете түсті. Мұнай аспанға атып, биік мұнараға қарап шырқады. Бұрғышылар асып-сасып фонтан шыбықтарын жаба бастады. Жер астындағы қысым сарқылып қалмау үшін фонтан дер мезгілінде тежелді. Үш миллиметрлік штюцдермен сағатына бірнеше тонна мұнай берген скважина асыққандай бұлқынады. Мұнайдың мол көзіне барып тірелген бұрғыға мұнайшылар қызыға қарайды.

Бұл күн бұрғышылар үшін үлкен мереке болды. «Фонтан» деген жалғыз ауыз сөз, сол күні-ақ аудан көлеміне тарап кетті. Сөйтіп, юра қабатының сыры ашылып, Боранкөл мұнай алаңы табылды. Таңертен жаңа хабарды радио бүкіл республикаға таратты.

Осындай қуаныш, асқақ сезім үстінде Әбекең өткен өмірін көз алдына елестетті. Оның бұрғысы жер астын шарлап, талай жерден мұнай



көзін татқан-ды. Осы күнгі ірі кәсіпшіліктер Құлсары, Мұнайлы, Қаратон, Тереңөзекте де ол болған. Бәрін де өзі барлаған еді.

Енді міне жаңа мұнай көзі табылды. Боранкөлдің ертең тап осындай ірі кәсіпшілік болмасына кім келіп? Болады. Тап осы сәт оның көз алдында кино лентасындай жылжып жатқан елестердің арасында Боранкөл болашағы анық, айқын елестеді. Өне түтіні будақтап Боранкөл мұнайын тиіп алған поезд зымырап барады. Отан қоймасына Боранкөл мұнайшылары бірнеше мың тонна мұнай жөнелткен.

— Әбеке, — деді тап осы кез ту сыртынан. — Сіз қарт та болсаңыз күшіңіз қайтпаған бұрғышысыз. Үлкен ойға түсіңіз ғой. Біз де ортақ болсақ... Алдымен мынау зор табысыңыз құтты болсын, — деп директор бұрғышының қолын қысты.

— Ал, қазір демалыңыз. Сөйлесетін шаруа бар. Кейін бас қосарсыз, — деп директор жатақханаға қарай бағыт алды.

— Біз сізге тағы да жауапты жұмыс тапсырғалы отырмыз. Үлкен кемеге — алыс сапар дегендей, енді периматриас қабатының күшіясын жария етсеңіз, — деп директор Әбекең жүзіне көз қиығын тастап еді. Бұрғышының бұл іске де дайын екенін аңғарды.

— Байлығын ала білсе, жер ана мейірбан. Меңгере білсең бұрғы батпайтын жер жоқ. Периматриаспен де танысуға болады ғой, — деді ол күлімсіреп.

Бір-біріне тура қарасқан директор Маташев пен бұрғышы Махұтов көзінен көп нәрсе аңғарылған еді. Майталман бұрғышысына сенген директор осы қазылып біткен скважинаны бастардағы күйге түсіп отыр еді. Іштей алғысын жаудырып, риза болған ол Әбекең қолын қысып:

— Мұнай бұлағын ағызуда жаңа табысқа жете беріңіз, — деді шынайы сезіммен.

...Әх, Әбілқасым болса бір амалын табар еді.

— Әрине, ана жылы осындай забойда бұрғы қисая бастағанда Әбекең дереу түзетіп ала қойған, — деп екі жұмысшы бір-біріне сыр шертуде.

Бұл терең барлау бұрғысының тоқтап қалған кезі болатын. Жұмыс әнімсіз. Еңбекті жеңілдететін аппарат, жылжымалы люктер қолданылмайды. Ерітінді сапасыз. Қашауға шамадан тыс күш түскендіктен, забойда қисық пайда болып, қазу тым ауырлап кеткен-ді. Көрсеткіш тақтадағы № 16 скважинаның тұсындағы цифрға қарап: «мақтаған бұрғышысы осы ма» деп күлкі етушілер де болмай қалған жоқ.

Ауруханадан Әбілқасым әрең шықты. Денім сау, енді жұмысқа шығармасаң қайталап қалам деп те көрді. Өне, міне шығарамын деп жүргенде арада айға жуық уақыт өтті. Ал ауылдан келген адамдар бұрғы жайынан хабар айтпаса да Әбекең кәдімгідей ренжіп қалады. Ауруханадан асыға шыққан ол № 16 скважинаның қасына келді. Бұрғы даусынан ол мұнара орталығының бұрғымен сәйкес келмей тұрғанын аңғарды.

Ертеңіне Әбілқасым жұмысқа шықты. Сырылдап ауруға шалдыққандай болып тұрған скважина қарт бұрғышы қолына тигеннен кейін түзеле бастады. Жұмыста ұсақ-түйек жоқ деп есептейтін Әбілқасым ротордың, редуктордың жұмысын қарап шығып ондағы елеусіз ақауларды жойды. Оның көзінен сонау бұлтқа иек артып тұрған кран да шет қалмады. Әрбір тетіктің атқаратын ролі есепте болу керек. Майда механизмді ұқыпты пайдалану — оның жұмыс ережесінің басты тармағының бірі.

Аспандағы бұлт ашу шақырғандай бұлқан-талқан. Уақыт өткен сайын қалындай түсіп, төгіп кеткісі келетіндей. Әбекең көңілі де осы бұлтқа ұқсас қатыңқы. Оның бар ойы бұрғылау жолының төменгі жағындағы пайда бола бастаған қисықты жоюда. Бұл олқылықты кәзір жөндемесе салдары осал болмауы мүмкін. Забойдағы жыныстардың



құлауы да, сиважинаны көздеген нысанаға жеткізбей бұлдіріп алу да осындайдан болады. Мұны ол өз тәжірибесінен жақсы біледі.

— Біздегі № 11 қашау ма деп сұрады, — ол мастер Есенамановтан. Қашаудың қандай өкенін анықтап алған Әбекең бірдеңе деп күбірлейді. 8-ші стабилизаторды қолдану керек ғой. Есенаманов ойланып қалды. Мүмкін оның есебі дұрыс емес шығар. Бірақ ол ойын ашық айтпады да.

— Инженермен ақылдасып көрелік, — деді.

Өз ойын Әбекең тағы бір тексеріп өтті. Қателеспеген сияқты. Стабилизаторды қолдану керек. Сонда ғана жер астында адаспай «қара алтынға» баруға болады. Сонда ғана дұрыс болады. Оның көзіне Өмір атты қалың кітаптың сан парақ беттері елестеді. Онда жазылғандар сұрыптаудан өтті. Әлде осы «центратор» қондырсақ па? — деп ойлады бір сәт ол. Ой. Түпсіз ой. Мұндайда шартарапқа шауып, басын алып қашатын Әбекең ойының әдеті бұл.

Манағы қара бұлт әбден тұтасып алған. Көк көлемінде өзін әбден емін-еркін сезінген ол сәл бірдеңе болса дүниені сел қылуға ойланғандай.

— Инженер келе жатыр, — деген біреудің дауысы оның ойын бұзып жіберді.

Осы бір төртпақ денелі инженер Васин жолдасты бұрғышылар келген сайын жылы жүзбен қарсы алады. Бұл да бір тынымсыз жан. Бірде сонау бұрын «Өліқолтық» атанған мұнай барлап жатқан жерде болса, бірде Қараарна барлауынан шығады. Бүгін міне, дәл керек болғанда келе қалуын қарашы.

Инженер Әбілқасым ойын бөлмей тыңдап:

— Айтқаныңыз дұрыс. Тек осылай істеу керек. Біздің Махұтовты инженер қойса онда ешкімнің өкпесі болмас еді, өмірдең оқыған инженер, — деп мақтай сөйледі.

Бұрғыны жер астына бойлата түскен Әбекең өзінің жаурағанын елең ететін емес. Дүниедегі бар нәрсені ұмытқан. Бұрғы қызығына әбден берілген.

Әуелеп тұрған зырылдауық міне тағы да төмендеп қалды. Бұл бұрғының жақсы жүріп жатқанының белгісі. Жауын жауа берсін. Найзағай шатырлай берсін, бұрғы қопарып жатыр жер астын. Бұрғышы қолына қандай табиғат тосқауыл бола алмақ. Екі мың үш жүз тоқсан метр... Екі мың төрт жүз метр... Бұрғы уақыт өткен сайын жерге сүңгіп кетіп барады, кетіп барады. Социалистік Еңбек Ері, Ембінің атақты бұрғышысы, коммунист Әбілқасым Махұтовтың көңілі шат-шадыман. Оның күренденген жүзінен, алысқа, жер түкпіріне сүзіле қараған көзінен, мынау салмақты қолдарынан, қуат пен күшке толы бейнесінен өмірге, еңбекке деген құштарлық сезіліп-ақ тұр.

С. ОРАЗҒАЛИЕВ

Құлсары мұнай кәсіпшілігі,  
Гурьев облысы.



# Сабақ осылай өтті

(Насихатшының тәжірибесінен)

Бұл жолы сабақ әдеттегідей даярлап келген тақырыпты баяндаудан басталмады. Жиналған жұртты байқасам, бәрінің жүзінен айтпай-ақ белгілі болып тұрған бір жай бар. Ол — XXII съезд болған үлкен Сарайдан радиомен, баспамен тарап, түпкір-түпкірден адамдардың назарын баурап, жүрегіне ұялаған коммунизм Программасының қағидалары. Жиындағы адамдардың бәрі де білгенін ортаға салғысы, талғап-талдап алғысы келгені байқалады. Осындай жағдайда сабақты лекцияша бастап, тыңдаушылардың қалайша ынтасын түсіруге болады. Съезд документтерінен конспектілеп алған материалдары бар папканы былай қарай ысырып тастай тұруға тура келді.

Енді не істеу керек екенін залда отырған жұрттың өзі байқатып отыр. Олар: «Ортаға сал, бәріміз де талдап көрейік, бізді де тыңдап, төрелігін өзін айт» дегендей. Иә, солай болды да. Жұрт көкейіндегісің ағытарға тиек болар жалғыз ауыз сөз тастадым.

— Жолдастар, кәне, кімде сұрақ бар, кімде пікір бар — ортаға салыңыздар. Бәріміз болып талдайық!

Жұрт қозғалып қойды. Күтпеген жерден мына байлам тосын болғанмен «бізге керегі осы еді» дегендей әрбір иық қозғалақтап, әркімге ой түсе бастады. Сұрақ беріп, сөз алған ешкім әзірге жоқ. Бөлмеде аз уақыт тыныштық орнады. Бірақ бұл бос кетіп жатқан уақыт емес. Әркімді іштей ойға салған, көкейдегі толғам мен тұжырымдардың сапырылыса келіп, шешім іздеген кездегі сырттай ғана тыныштық еді. Ал, бұл кезде әркімнің жүрегі, әркімнің көкейі сөйлеп тұрған.

Шопан Зейнолла Молдабеков сөз алды.

— Жолдас насихатшы, — деп бастады ол, екі кісінің ортасында отыр екен, бір иығын ілгері қарай шығара берді, — Программادا ғой совет адамдарының осы ұрпағы коммунизм кезінде өмір сүреді делінген. Сонда мына біз де боламыз ба?

— Иә, сіз де, біз де — осы отырған бәріміз коммунизмді бірге орнатысып, оның қызығын бірге көреміз. Осындағы ең үлкеніміз 60 жаста дейік. Енді оның 20—30 жыл тіпті одан да көп өмір сүруі әбден мүмкін ғой. Ал Программа 20 жылдың ішінде коммунизм негізінен орнайды деп отыр.

Иықтар тағы да қозғалып қойды, жүздерде көңілді із, көздерде ұшқын бар. Тағы да әлгі шопан сұрағын жалғады. — Әрине коммунизмде мал бұдан бірнеше есе көбейеді деп отырмыз. Сарыбұлақтың көзіргі мен отырған бергі бөктерінің өрісі кәзірдің өзінде бір табын қойға тарлық жасап отыр. Маңайлас отырған шопандар былай да дос-ағайын жандармыз. Ал, мал өрісіне келгенде артық сөзге келіп қалатын да кезіміз бар. Сонда болашақта осының өзі қалай болмақ?

Шопан ойы ұғынықты. Көкейде жүрген мәселені қойып тұр. Мына жақта біреуге осы сұрақ ұнамады ма қалай «тәйірі коммунизммен бір табын қойдың өрісін шатыстырғаны несі» деп күңк ете қалды.

— Жоқ, жолдас, шопан коммунизммен бір табын қойдың өрісін шатастырып тұрған жоқ, қайта тұтастырып тұр. Әркімнің коммунистік құрылысқа еңбегімен қосар үлесі болмақ. Мына Зейнолла сол үлесін іздейді. Ал, оның ішінде мал шаруашылығы да үлкен орын алады. Хә-



лықты май, ет, сүтпен камтамасыз етіп отырудың зор міндеттері бар. Айталық елімізде екі он жылдықтың ішінде ет 4 есе, сүт 3 есе артатын болады. Сондай мол азық-түлікті беретін мал шаруашылығын өркендету үшін үлкен база керек емес пе? Бұл — ең алдымен жемшөп базасы болмақ. Шопан дұрыс айтады. Мал басының көбеюімен бірге оның кәзіргі жайылымдық өрісі тарыла береді. Жетіжылдықтың аяғында ғана осы колхозда қой-ешкі саны кәзіргі 35 мыңнан 1965 жылы 69 мыңға жеткізіледі. Ал, Н. С. Хрущев жолдас алдымызға пайдаланылудағы жердің әрбір 100 гектарына шаққанда 16 центнерден, егістік жердің 100 гектарына шаққанда 75 центнерден ет алу міндетін қойды. Олай болғанда осы колхозда 22 800 центнер ет өндірілуге тиіс. Бұл кәзіргіден жеті есе артық. Ал, жыл сайын осынша ет алу үшін ірі қара 5 750-ге, қой-ешкі 74 мыңға жетуі керек. Сонда қыстамада бір ғана жайылыммен малды өсіру мүмкін бе? Әрине, мүмкін емес, ол үшін жем мен шөптің берік қоры керек. Ал жемшөптің тұрақты қоры болашақтың ғана ісі емес. Ол бүгінгі күннің шұғыл міндеті. Бұл міндеттің колхозда қалай шешіліп жатқанын білсек артық болмас.

— Қайта бізге керегі сол деді, — мына жақтан бір колхозшы. Колхоздың зоотехнигіне еріксіз сөз келді. Ол: «Жолдастар, колхозымыз өткен жылдың қатал сабағынан қорытынды шығара отырып, биыл едәуір жұмыстар істеді...» деп бастай бергенде оның сөзін бөліп жіберді.

— Осы кіріспесіз айтса, сөздің мәні келмей ме, «бірқатар жұмыс істелдіден» нені ұғамыз?

— Сіз нені керек етіп отырсыз? — деді зоотехник.

— Биылғы қыстамаға қанша процент мал азығы даярланды?

— 35 процент.

— Мал баздарына қажетті жем жеткізілді ме?

— Әзірге үш жүз центнер ғана.

— Мүмкін мұның ішінде «Қаршығада» шопан үйінің сыртына төгіліп тастап, құс пен қаз жеп жатқан бітеу бидай да есепте бар шығар?

Колхозшының үні қатқылдау шықты. Зоотехник тоқтап қалды. Сөйтті де «жолдастар-ау, бұл жиналыс емес, бұл сабақ қой» деді.

— Сабаққа бұл мәселе де керек, — дедім мен, — біздің сабағымыз аспанда қалқып жүретін нәрсе емес, ол өмір, адамдардың күнделікті іс-әрекеті. Бағана шопан дұрыс бастап берді, коммунизм орнатудың Программасын қалай жүзеге асырмақпыз. Біз осыған жауап іздеп жатырмыз.

Әрі қарай КПСС Программасы туралы жасаған Н. С. Хрущевтің баяндамасында және съезд қарарларында ауыл шаруашылығын мықтап өрге бастырудың міндеттері мен жолдары баяндалып берілді. Егін түсімділігі, жерді тиімді пайдалану, жүгері, бұршақ дақылдары—астықты, жемшөпті молайтудың тамаша резервтері. Осы колхозда 10 мың гектар тың жер бар. Сол жерді игергенде егіс көлемі кәзіргіден 4 есе артпақшы екен. Бұл тамаша мүмкіндік, тамаша резерв. Шопан Зейнолланың көкейіндегі мәселесінің түйіні осыған келіп тірелді.

— Менде..., — деді Кәрім Рахымов, — коммунизмде ауыл да қала дәрежесіне жетпек деп отырмыз. Сонда қыстақта бір-бір табын малмен жүрген бірді-екілі үйлердің қаласы қайда болады?

Бұл жөнінде екі меншіктің — колхоздық-кооперативтік және жалпы халықтық меншіктің бір-біріне жақындай беруі, сөйтіп барып ұласуы нәтижесінде қала мен деревняның, жұмысшы мен шаруаның, интеллигенцияның арасындағы, дене мен ой еңбектері арасындағы айырмашылықтың бірте-бірте жойылу процесінің жүзеге аса беретіндігі туралы теориялық мәселелерді түсіндіре келдім де нақтылы сұраққа — «қыстақ-қыстақтағы малшының қаласы қайда болады?» деген мәселеге көштім.



— Олардың да қаласы болады. Бірақ нақтылы қала болмағанмен кәзіргі бірнеше шопан ауылдарын біріктіретін үлкен орталық болады. Онда адамға мәдениет жағынан қызмет көрсететін орындардың бәрі салынады. Малшылар үшін мұндай мәдени орталық кәзірдің өзінде туындап дамып отыр. Айтайық, осы ауданның Калинин атындағы колхозында іріленген шопандар бригадасы екі жылдан бері жұмыс істейді. Мұнда 10 шопан бар. Оның біреуі бас шопан — бригадир. Олардың құрамында шопан-механизатор, шопан-санитар, шопан-зоотехник бар. Бұларда әрбір шопанның күніне 7—8 сағат жұмыс күніне көшуіне, алта сайын дем алуына мүмкіндік болып отыр. Мұнда шопандар жылы ішінде кезектесіп айлық демалысын пайдаланады. Калинин атындағы колхоздың басқармасы малшылардың мұндай демалысы қарсаңында оларға курорт, демалыс үйлеріне путевка алып береді. Соңғы екі жыл ішінде бұл колхозда бірнеше малшы-колхозшы курорт, демалыс үйлерінде дем алып қайтты. Калинин атындағы колхоздың іріленген шопандар бригадасында әрбір шопан семьясына бірнеше бөлмелі жаңа үй салып берілген. Бригаданың орталығында клуб, магазин, монша, электр жарығы бар.

— Сөйтіп оларда коммунизм бізден бұрын орнайтын болды ғой, — деді залдан біреу.

— Әрине, олар кәзір сіздерден алда келеді. Бірақ олар коммунизмге өз көршілерінен бұрын жетуді мақсат етіп отырған жоқ. Олар өз колхозы, өз аймағы, өз елінде коммунизм құру ісін тездету жолында еңбек етіп жатыр.

Тым-тырыс тыныштық орнай қалды.

— Осы бізге не бөгет, біздің колхозымыз неге артта? — деді залдан біреу.

— Адам күші жетіспейді — деп жауап берді оған екінші біреу.

— Адам күші жетіспесе осы орталықта бос отырған «ақсаусақтар» неге көп? Сырғып жүріп, қолының ұшымен ғана қимылдайтындар және бар. Ферманың малына жетпей жатқан шөп олардың қойма-қораларында.

— Колхоз дәулетін сүлікше сорып тонап жатқан арамтамақтар ғой бұлар. Мұндайларға әлі күнге дейін жол берілуіне жөн болсын?

Осының бәрі келіп бір түйіннен шықты. Бұған кіналы ең алдымен жеке меншік. Колхоз орталығында жүзден астам семья тұрады. Әрқайсысында бір-екіден ірі қара, жылқы, 5—10-нан қой-ешкі болғанның өзінде талай мал. Осы малды бағып күтуге, саууға, оларға шөп тасып беруге қанша уақыт кетіп жатыр. Сөйтіп олардың белгілі бөлегі қоғамдық еңбектен сырт қалып келеді.

— Бар малды сыпырып алып, бұларды колхоз жұмысына шығару керек — деді біреу.

Сөзге мен де араластым. Мөлшерден артық мал меншіктенуге қарсы күрес жүргізе отырып, бұл жұмысты бірте-бірте жүзеге асырудың мүмкіндіктері айтылды. Мұндай жеке меншіктің өнімсіз бейнетінен, машақатынан тек қоғамдық еңбек қана құтқарады. Мысалы, Н. С. Хрущевтің кеңесімен 1956 жылдың өзінде-ақ жеке меншіктегі барлық малды колхозға өткізіп беріп, жаппай қоғамдық еңбекпен шұғылдануға көшкен калиновкалықтар кәзір ешкімнен кем тұрмайды, қайта көп жағдайда олардың тұрмысы артық.

Жақсы үлгілер осы колхоздың өзінен де табылады. Шопандар: Ғ. Әлімжанов пен Қ. Байболовтың жеке меншігінде көп малы да жоқ. Бірақ қажырлы еңбегінің арқасында олар жақсы табысқа жетуде. Ал олардың үй-тұрмысы жақсы да мәдениетті.

Колхоздың артта қалуына бірден-бір себеп осы ғана ма?

— Колхозда техника жетпейді, — деп бастады ферма меңгерушісі Жансұлтанов, — бізге техника аз бөлінеді.



Тыңдаушылар оған «қолда бар техника қалай пайдаланылады?» деп сұрау берді.

Бұл жерде колхозда техниканың нашар пайдаланылатыны айтылды. Мысалы, бір маусымда әрбір трактор жұмсақ жерге шаққанда 800 гектар жер жыртуға тиіс болса, мұнда небары 465 гектардан ғана келген. Колхозда 25 трактор, 7 комбайн, 21 автомашина бар. Бұлардан 7 трактор мен 6 автомашина жұмыс істемейді. Колхозда еңбек өнімділігінің төмен екендігі сыналды. Мал фермаларындағы жұмыстар мүлде механикаландырылмағаны айтылды. Осының салдарынан колхозда ауылшаруашылық өнімдерінің түсер құны әлі жоғары. Әрбір центнер астық 5 сом, ет — 39 сом 50 тиын, жүн — 115 сом, бір жұмыртқа 10 тиынға түсіп отыр.

Бұдан кейін мен сабақты қысқаша қорытындыладым. Тыңдаушылар бәріміз болып мынадай қорытындыға келдік: бұл шаруашылықтағы кемшіліктердің негізгі себебі: шаруашылықты ұйымдастыруда, басшылықта. Осы жұмысты қолға алу керек.

...Сөйтіп, бұл күнгі сабақ аяқталды. «9 Май» колхозы орталығындағы ауыл шаруашылығының нақты экономикасын оқып үйренетін үйірмеде партия XXII съезінің қарары мен документтерін үйренуге арналған алғашқы сабақ осылай өтті. Осындай еркін өткен сабақтың әсері, нәтижесі туралы дәл кәзір пәлендей деу қиын. Бірақ мұндағы бір ақиқат сол — тыңдаушылар сабаққа түгел дерлік атсалысты. Олардың әрқайсысы көкейдегі түсінген-түсінбеген мәселелерді ортаға салды. Сұрады. Айтты. Талдады.

Біз саяси сабақты үнемі осы әдіспен өткізу керек деуден аулақпыз. Бұл — сабақтың үстінде тыңдаушылардың ынта-жігеріне қарай қолданылған әдістердің бірі ғана. Ал, сабақты өткізудің әдісі әртүрлі болуға тиіс. Тек олардың бір-ақ мақсаты бар. Ол — сабақтың тартымды, мақсатты, көкейтесті мәселемен, өмірмен, практикалық істермен тығыз байланысты өтуі.

Семей облысы,  
Ақсуат селосы.

К. СЕЙІЛХАНОВ,  
насихатшы.



# Баспасөзге шолу

## Съезд материалдары кең насихатталып, түсіндірілсін

Партия XXII съезінің шешімдерінде атап көрсетілгендей, жаңа Программаны бұқараға терең түсіндіру, оны жүзеге асыруға барлық еңбекшілерді жұмылдыру — идеологиялық жұмыстағы басты міндет. Бұл міндетті орындауға партияның бұқараға идеялық ықпал жасайтын барлық құралдарын пайдалану қажет. Соның ішінде баспасөздің атқаратын қызметі ерекше.

XXII съездің қарарында былай деп көрсетілді:

«Кәзіргі уақытта КПСС Программасын терең түсіндіру, советтік қоғамның еңбеккерлерін коммунизмнің жеңісі жолындағы күрестің ұлы жоспарымен қаруландыру, партияның жаңа Программасын жүзеге асыруға барлық еңбекшілерді жұмылдыру идеологиялық жұмыстағы басты міндет болып табылады. Бұл міндетті жүзеге асыруға партияның бұқараға идеялық ықпал жасайтын барлық құралдарын: насихатты, үгітті, баспасөзді, радионы, телевизияны, киноны, мәдени-ағарту жұмысын, әдебиет пен өнерді жұмылдыру қажет».

Міне, съездің шешімдерін, документтерін мазмұнды, жанжақты насихаттаудан артық абыройлы мақсат жоқ. Заманымыздың манифесі — жаңа Программаны қалың бұқараға терең түсіндіру — газеттеріміздің бүгін тандағы айбынды міндеті.

Соңғы уақытта Алматы облыстық «Коммунизм таңы» газеті XXII съездің шешімдерін, жаңа Программаны насихаттайтын қызықты мазмұн жағынан көңіл қоярлық материалдар бере бастады. Газет съезд жұмысы аяқталысымен-ақ «Съезд шешімдері жаңа табыстарға жігерлендіреді», «Коммунизмді бүгінгі қажырлы еңбекпен жақындатамыз», «Ұлы мақсат ұлы жігер туғызды», «Программа қолымызда: үйренеміз, орындаймыз», «Біліп істеген еңбек өрісті де жемісті» деген беттер берді. Оның үстіне «Съезд делегаты» сөйлейді деген рубрика ашып, бірнеше хат-хабар жариялады.

Осылардың ішінен «Коммунизмді бүгінгі қажырлы еңбекпен жақындатамыз» деген тақырыппен берілген бетте (14 ноябрь 1961 ж.) «Адамзатқа ортақ қамқор партия» деген жазушы Ғабдол Слановтың публицистикалық мақаласы тартымды. Оны оқығанда партиямыздың адамға деген қамқорлығын айқын сезінесің.

«Бүгін міне адам баласы XX ғасырдың орта белінен басып өтті. Осы заманда адамзатқа ортақ сондай қамқор бар ма?

— Бар!

— Ол кім?

— Ол біздің Коммунистік партия!..

Коммунизм сарайын соғып жатқан біздің елді бастаған туысқан партиямыздың туына жазылған шұғыла атқан түйінді алты асыл сөз бар: Бейбітшілік! Еңбек! Бостандық! Теңдік! Бауырластық! Бақыт!

Бостандық пен теңдік болмай өмір жоқ. Бейбітшілік болмаса, еркін еңбек ете алмайсың. Еңбексіз тағы да өмір жоқ. Еңбексіз бақыт және жоқ. Бақытсыз өмірдің не қажеті бар!



Еңбек аты — бақыт. Бақыттың аты — коммунизм».

Міне газет осындай жалынды сөздерімен партиямызды, коммунизмді мадақтап, қалың бұқараға жеткізуге ұмтылады.

Жамбыл ауданы «Қастек» қой совхозының ферма менгерушісі Анарбек Тұмашев өзінің «Бойда қуат тасыды» деген кіші-гірім корреспонденциясында былай деп жазады: «Коммунистік партия коммунизм орнатудың Программасын жасап берді. Ендігі ойым осы Программаны жүзеге асыруға үлес қосу. Өйткені Н. С. Хрущев жолдас айтқандай: коммунизм орнату үшін берік материалдық база мен материалдық және рухани игіліктердің молшылығы қажет. Ал бұған жалбарынумен, ұран салумен жете алмайсың. Коммунизмді миллиондардың аса зор еселеген еңбегімен ғана орнатуға болады. Міне осы сөз менің жүрегімнен үлкен орын алды».

Газет съезд шешімдерін насихаттауды күнделікті маңызды міндеттерді орындау жолындағы күреспен ұштастырып отырады. Мысалы, бүгінгі таңдағы ең маңызды, ең басты науданның бірі—мал қыстатуды жақсы өткізу. Бұл мәселеге газеттің ерекше көңіл бөліп отыруы орынды. Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары бұл облыста мал шығынына жол берілді. Газеттің өткен жылы ноябрь айында «Шөбі көптің малы тоқ», «Қыс—мал шаруашылығында жауапты кезең», «Малшы! Қар түсіп, күн суытты, қыс қаһарын қайратпен жең», «Мал бақсаң күтімін тап» деген тақырыппен берілген хат-хабарлар малды қыстан аман алып шығуға жар салады. Газет бұл міндетті орындауға жеделгері боларлық көріністерді іле сезіп, оны жою үшін ат салысып отырады. Газет кемшіліктің төркінін, себебін ашып, жұмысты жақсартудың жолдарын, мүмкіндіктерін тауып беруге ұмтылады.

Әрине, бұл айтқандарымыз газеттің жетістік жағы. Сонымен бірге оның кемшілігі де жоқ емес. Алдымен мыналарды айтқан жөн. Газеттің бетінде ХХІІ съезд шешімдерін, жаңа Программаны насихаттайтын терең теориялық мақалалар жоқтың қасы. Партия ұйымдарының съезд материалдарын оқып, үйренудегі алғашқы тәжірибесі де көрсетілмей отыр. Облыстың алдына техникалық егістің көлемін ұлғайту, әсіресе жүгеріні, бұршақты, қант қызылшасын, күрішті көп өгу міндеті қойылып отыр. Ал бұл мәселені газет жарытып жаза алмай келеді.

Әңгіме съезд шешімдерін жалаң сөзбен насихаттауда емес. Асылы съездің материалдарын жаңа табыстарға жетуге бұқараны жұмылдырумен байланыстыра насихаттау керек. Ендеше газеттің ардақты борышы—озаттардың, шам-шырақтардың тәжірибесін көпшіліктің игілігіне айналдыру, озат тәжірибені өндіріске батыл енгізуге ұйымдастырушы бола білу.

Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» газеті де коммунизм идеяларын насихаттау, тарихи ХХІІ съездің шешімдерін бұқараға терең ұғындыру ісіне өз үлесін қоса бастады. Газет осы жылғы декабрьде «Коммунистік партияның басшылығымен» деген бет берді. Бұл бет заманымыздың еңбек ерлеріне арналған, облыстың озат адамдары туралы аңыз етіледі. Бетте 1917 жылдан КПСС мүшесі, пенсионер А. Ахмеровтың «Коммунизм орнайтын ғасыр» деген мақаласы жүрек тебіренетерлік сөздерге толы. «Коммунистік партия жарық жұлдызымыз, — деп жазады ол, — ...Күрес пен дамудың қай кезінде болсын Коммунистік партия бізге әрқашан қуат беріп отырды...»

Газеттің «Қуат, күш, жігер, еңбек тасқындаған, партия, арналады бәрі саған» деген жалпы тақырыппен берген беті де өте тартымды. Мұнда да коммунизмнің салтанат құруы жолындағы облыс еңбекшілерінің қажырлы еңбегі баяндалады. Газет партия Программасындағы ұлы міндеттерді ойдағыдай орындау коммунизм құрылысшысының бүгінгі еңбегіне, оның өнімділігіне, қарқынына байланысты екенін үнемі еске салып отырады. Газет коммунизм өркендерін мейлінше өрбітіп,



жайнату талабын ұштай түседі. «Коммунизм өркендері қанат жаяды» деген тақырыппен берілген мақалалар XXII съезд қарарына орай туған өрлеуді, жаңалықты паш етеді.

Сондай-ақ газет «Партия XXII съезі материалдарын үйренушілерге көмек ретінде» деген рубрикамен теориялық мақалалар жариялай бастады. Философия ғылымының кандидаты К. Дәмітов жолдастың «Кәзіргі заманымыздың коммунистік манифесі» деген көлемді мақаласын берді.

«Өнеге өрге бастырар» деген рубрикамен «А. Жарков — жүгері шебері» деген (24 ноябрь) бет берілді. Онда «Күршім» совхозының жас механизаторы Анатолий Демьянович Жарков туралы айтылады. Ол 60 гектар жүгері плантациясының әр гектарынан 41 центнерден собық немесе 28 центнер құрғақ дән жинады. Оның сыртында 40 гектар плантацияның әр гектарынан 550 центнерден сүрлемдік көк шөп жинады.

«Коммунизм туы» «КПСС XXII съезінің шешімдерін жүзеге асырамыз» деген рубрика ашты. «Съезд делегаты сөйлейді» деген рубрикамен де біраз хат-хабар берілді. Мұның ішінде Большенарым ауданы, Калинин атындағы колхоздың сауыншысы, КПСС XXII съезінің делегаты Нұрғайша Ақыласованың «Лайықты үлес қосамыз» деген әңгімесін жұртшылықтың ынта қойып оқитыны даусыз.

Міне осының бәрі газеттің, сөз жоқ, съезд шешімдерін насихаттауда бірқатар жұмыс істей бастағанын дәлелдейді. Бірақ мұнан газеттің күнделікті жұмысында кемшілігі жоқ, бәрі тап-тұйнақтай екен деген ұғым тумасқа керек. Облыс экономикасында ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы едәуір орын алады. Ал «Коммунизм туына» тән басты кемшіліктің бірі, ол мал шаруашылығы мәселесін өте сирек жазады. Өткен жылдың соңғы үш айының ішінде осы тақырыпта ауыз толтырып айтарлық ештеңе басылмады.

Облыстың өнеркәсібі де терең жазылмайды. Қенді Алтайдың қисапсыз байлығын игерудің өзекті мәселелерін газет тиісінше көтермей келеді. Жетіжылдықтың төртінші жылында облыстың шығар белесін жанжақты көрсету, түсті металлургияның табысын шыңдау мәселелерін жазу міндет. Бұл үшін газет өз активін молайтып, оны газетке тартудың жаңа әдістерін: штаттан тыс бөлімдерді, қоғамдық негізді және басқаларын кең пайдалануы шарт. Бірақ газеттің авторлары аз. Әсіресе өндіріс жаңашылдары мен мамандар, дихандар мен малшылар облыстық газетке аз жазады.

«Коммунизм туының» беттерінен ескіліктің қалдықтарына қарсы күрес, коммунизм құрылысының моральдық кодексіне жатпайтын қылықтарды әшкерелейтін өткір сын, сықақ-оспақтарды іздеп таба алмайсың. Н. С. Хрущев жолдас Целиноградта ауыл шаруашылығы озаттарының кеңесінде сөйлеген сөзінде: «Жолдастар, сатира өзінің әсерін тигізеді. Сондықтан да қажырлы күш салмай еңбек етушілерді аздап мысқылдау, өткір сөзбен түйреу пайдалы болады. Ол денені арам терден арылтып, денені сергітеді» деген еді.

Алматы, Шығыс Қазақстан облыстық газеттерін ақтарғанда, жоғарыда айтылғандай, съезд материалдарын насихаттайтын, түсіндіретін бірсыпыра хат-хабарлар, мақалалар көзге түседі. Ал Гурьев облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің КПСС XXII съезі шешімдерін насихаттау ісін кенжелетіп, құлашты кен де еркін сермей алмай отырғанын аңғарасың. Ол есеп-қисап, ұсақ хабарлар беруден әрі аса алмай отыр.

«Социалистік құрылыстың» съезд шешімдерін насихаттауға арнап берген мақалаларының көпшілігі жалпылама. Көз тартарлық тартымды беттер, подборкалар өте сирек кездеседі. «Тарихи документтер әрбір адамның санасына жеткізілсін» деген бет (26 ноябрь) ат үсті, асығыс жарланған. Ондағы «Партия ұйымдарының ең басты міндеті» деген



редакциялық мақалада құрғақ сөз, жалаң нұсқау, жалпылама даурықпа көп. «Аудандық партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары алыстағы мал отарларында жұмыс істейтін колхозшылар мен совхоз жұмысшылары арасында съездің материалдарын кең насихаттау және түсіндіру ісіне күнбе-күн назар аударулары, олардың арасына таңдаулы насихатшы кадрларды жіберіп отырулары тиіс» деп жадағай нұсқау берумен тынады.

Кәзіргі кезеңде XXII съезд материалдарын насихаттауға, түсіндіруге, қалың бұқараға кең жеткізуге байланысты жергілікті баспасөздің алдында көптеген маңызды міндет тұр. «Правда» газеті өзінің өткен жылы 2 декабрьдегі «Совет баспасөзінің қасиетті борышы» деген бас мақаласында газеттердің таяудағы жұмысын белгілеп берді. Коммунизмді орнату үшін халықтың, әрбір совет адамының бар күш-жігерін жұмсау қажет. Міне газеттер бұқараны осыған жұмылдыра білуге, сөйтіп елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау күресінде партия ұйымдарына көмектесуге міндетті. Жергілікті газеттер халық шаруашылығы жоспарларын жылдың алғашқы айларынан бастап ойдағыдай орындауға ерекше көңіл бөліп, барлық мүмкіншіліктер мен резервтерді іске қосуға ұйымдастырушы болуы керек. Баспасөз ауыл шаруашылығы озаттарының аймақтық кеңестерінде сөз болған егіншілік пен мал шаруашылығын өркендетудің келелі мәселелерін кезінде көтеріп, ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің патриоттық өрдеуін туғызарлықтай материалдар беріп отыруға тиіс.

Баспасөздің съезд алдындағы партиялық документтерді талқылау үстінде бұқарамен байланысы онан сайын күшейе түсті. Редакцияларға жүздеген, мыңдаған хаттар мен мақалалар түсіп, жана авторлар келіп қосылды. Олар жана тақырыптар тауып, газет жұмысын жақсартуға түсуге атсалысты. Енді осының бәрін жақсы пайдаланып, алдағы уақытта баспасөздің лебізі неғұрлым өтімді, әсерлі болуына баса назар аударған жөн. Газеттердің қоғамдық негіздегі жұмысын өрістетіп, жұмысшы, ауыл-село тілшілерінің қозғалысын дамыта беру керек.

Біздің жергілікті газеттер КПСС XXII съезінің шешімдерін тереңде байсалды насихаттау үшін, бұқараны съезд шешімдерін орындауға жұмылдыруда партия ұйымдарына көмектесу үшін жанрлардың түр-түрін байытып отыруы керек. Авторлармен қоян-қолтық жұмыс істеп, газет жұмысына өндіріс жаңашылдарын, түрлі саладағы мамандарды, партия, совет, шаруашылық қызметкерлерін көбірек тартқан абзал.

КПСС жана Программасын баспасөз бетінде насихаттау әрбір еңбекшінің коммунизм құрылысшысы ретінде өз орнын терең сезіну, өзіне тапсырылған іске аса жауапкершілік сезімде болу дәрежесіне жетуге көмектесуі тиіс. Мұның өзі Программаның қағидаларын кәзіргі заман шындырымен, облыс, аудан, кәсіпорын, колхоз, совхоз өміріндегі нақты міндеттермен тығыз ұштастыруды талап етеді.

Кәзіргі кезеңде идеологиялық жұмыстың маңызы зор. Сондықтан жергілікті партия ұйымдарының идеологиялық жұмысын, бұл саладағы жетістік, кемшіліктерді байыппен, уақтылы жазып отыру керек.

Партия оқуы жүйелерінде, сондай-ақ еңбекшілердің қалың бұқарасы арасында КПСС XXII съезінің материалдарын оқып, үйрену қызу қолға алынды. Осыған байланысты баспасөздің шұғыл міндеті— саяси мектептер мен үйірмелердің жұмысына терең үңіліп, таңдаулы үгітшілер мен насихатшылардың жұмыс тәжірибесін жинақтап, таратып отыру.



## ПАРТИЯ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ БАСТАМА

Көкшетау аудандық партия комитеті соңғы кезде коммунистер арасындағы жұмысты күшейте түскен. Аудандық партия комитетінің жанынан штаттан тыс мектеп және сауда бөлімдері, коммунистердің жеке істерін және партияға адам алу жөніндегі істерді алдын ала қарайтын комиссиялар құрылып, олар жұмыс істеуде. Сонымен бірге аудандық партия комитетінің штаттан тыс бірнеше нұсқаушылары бар. Ауданда бес оқу үйі қоғамдық негізде жұмыс істейді. Партия ұйымдарының жанынан өкімшіліктің жұмысын бақылайтын 44 комиссия құрылған.

Облыстық партия комитетінің бюросы Көкшетау ауданында қоғамдық негізде партиялық жұмысты өрістету мәселесін қарап, бұл жөнінде елеулі кемшіліктер де бар екенін атап көрсетті. Облыстық партия комитетінің бюросы партия комитеттерінен штаттан тыс жұмыс істейтін партия активтерін практикалық іс үстінде үйретуді, оларды бюро мәжілістеріне, пленумдарға мәселелер әзірлеуге кеңінен тартуды, қоғамдық бастамалардың тәжірибесін қорытып, таратып отыруды талап етті.

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕМИНАР

Жамбыл қаласында КПСС XXII съезінің шешімдерінен туатын міндеттерге орай ауыл шаруашылығын өркендету беру мәселесі жөнінде экономикалық семинар болып өтті. Оған партия, совет, шаруашылық қызметкерлері қатысты.

Семинарда егіншілік пен мал шаруашылығын өркендете берудің міндеттері мен жолдары, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің Ташкентте, Целиноградта өткізілген кенестері туралы облыстық партия комитетінің секретарьлары А. Асқаров, Е. Қашағанов жол-

дастар баяндама жасады. Осымен бірге семинарда колхоз председателдері, бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары сөйлеп өз тәжірибелерін ортаға салды.

Облыстық партия комитетінің бюросы бастауыш партия ұйымына социалистік жарысқа басшылықты жақсартуды, партияның XXII съезінің шешімдерін колхозшылар арасында кеңінен насихаттап, оларды қажырлы еңбекке жұмылдыруды міндеттеді.

## ЖҰМЫСШЫ ЖИНАЛЫСТАРЫНЫҢ ДӘРЕЖЕСІ АРТТЫРЫЛСЫН

Жезқазған қаласындағы көптеген кәсіпорындардың басшылары мен ондағы кәсіподақ ұйымдары жұмысшылар жиналыстарын өткізуге жеткілікті мән бермей келеді. Олар жұмысшылар жиналыстарының бұқараны өндірісті басқаруға кеңінен қатынастырудың, олардың белсенділігін арттырудың күшті құралы екенін ескермейді. Мысалы, Солтүстік Жезқазған руднигінде, Қазақстан мыс құрылыс тресінде соңғы екі жылдың ішінде бірде-бір рет жұмысшылар мен қызметшілердің жиналысы өткізілмеген. Ал бұл екі кәсіпорында мемлекеттік жоспар көбіне орындалмай келеді.

Қарағанды облыстық партия комитеті Жезқазған қалалық партия комитетінен, түсті және қара металлургия өнеркәсіп қызметкерлері кәсіподақтарының облыстық комитеттерінен, кәсіпорындардың партия және кәсіподақ ұйымдарынан, кәсіпорындар мен құрылыс ұйымдарының басшыларынан жұмысшы жиналыстарын мерзімінде, жақсы әзірлікпен өткізіп, онда жұмысшылардың тұрмысындағы маңызды мәселелердің талқыланып отырылуын қамтамасыз етуді, жұмысшы жиналыстарының бұқараға коммунистік тәрбие берудегі ролін арттыруды талап етті.

## РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Ордабаев Б. (бас редактор), Айтмағамбетов З.,  
Әбілдаев Қ., Бейсенбаев С., Жанкелдин Т.,  
Мендібаев Қ., Хайдаров С. (жауапты секретарь),  
Ыдырысов Т.

Редакция адресі:  
Алматы қаласы,  
Комсомол көшесі, 103.  
Тел. 2-23-03, 2-24-95.



The first part of the report deals with the general conditions of the country and the progress of the work during the year. It is followed by a detailed account of the various expeditions and the results obtained. The report concludes with a summary of the work done and a list of the names of the persons who have taken part in it.

The first expedition was to the north of the country, where we found a large number of small lakes and rivers. The water in these lakes was very pure and clear. We found many small fish and some larger ones. The vegetation was very different from that of the south.

The second expedition was to the south, where we found a large number of small lakes and rivers. The water in these lakes was very pure and clear. We found many small fish and some larger ones. The vegetation was very different from that of the north.

The third expedition was to the west, where we found a large number of small lakes and rivers. The water in these lakes was very pure and clear. We found many small fish and some larger ones. The vegetation was very different from that of the north and south.

The fourth expedition was to the east, where we found a large number of small lakes and rivers. The water in these lakes was very pure and clear. We found many small fish and some larger ones. The vegetation was very different from that of the north, south, and west.

The fifth expedition was to the south-east, where we found a large number of small lakes and rivers. The water in these lakes was very pure and clear. We found many small fish and some larger ones. The vegetation was very different from that of the north, south, west, and east.

The sixth expedition was to the north-east, where we found a large number of small lakes and rivers. The water in these lakes was very pure and clear. We found many small fish and some larger ones. The vegetation was very different from that of the north, south, west, east, and south-east.

The seventh expedition was to the north-west, where we found a large number of small lakes and rivers. The water in these lakes was very pure and clear. We found many small fish and some larger ones. The vegetation was very different from that of the north, south, west, east, south-east, and north-east.

The eighth expedition was to the south-west, where we found a large number of small lakes and rivers. The water in these lakes was very pure and clear. We found many small fish and some larger ones. The vegetation was very different from that of the north, south, west, east, south-east, north-east, and north-west.

The ninth expedition was to the north-east, where we found a large number of small lakes and rivers. The water in these lakes was very pure and clear. We found many small fish and some larger ones. The vegetation was very different from that of the north, south, west, east, south-east, north-east, north-west, and south-west.

The tenth expedition was to the south-east, where we found a large number of small lakes and rivers. The water in these lakes was very pure and clear. We found many small fish and some larger ones. The vegetation was very different from that of the north, south, west, east, south-east, north-east, north-west, south-west, and north-east.